Аңдатпа. Мақалада Орта Азия мен Шығыс Түркістанның байланысы тарихи-географиялық, тарихнамалық және деректанулық тұрғыдан қарастырылған. Өйткені Орта Азияның тарихи-географиясын төңірегіндегі аймақтардан жеке дара бөліп алып қарастыруға келмейді. Ол тарихи тұрғыдан да, географиялық тұрғыдан да өзіне көрші жатқан Шығыс Түркістанмен тығыз байланысты. Географиялық тұрғыдан алғанда Орта Азия мен Шығыс Түркістанды Памир, Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы, Барлық жотасы және Тарбағатай-Алтай секілді табиғи жер бедерлері бөліп тұр. Соған қарамастан, бұл екі аймақты асулар, аңғарлар, өзендер және жазықтар байланыстырады. Аталмыш екі аймақтың климаттық белдеулері, өсімдік жамылғылары, хайуанаттар әлемі де бір-біріне ұқсайды. Осында өмір сүрген халықтар да ұлттық болмысы, тілі, менталитеті, өмір салты және шаруашылығы жағынан горизонталды климаттық белдеулер бойынша бір-біріне өте жақын. Автохтонды тұрғындардың тұрғылықты қонысы және циклді көші-қоны нәтижесінде, бүгінде Орта Азия елдері мен Қытайлық Шығыс Түркістанның шекара маңы аймақтарында бөлінді этностар (ирреденттер) яғни трансшекаралық ұлттар (қазақтар, қырғыздар, тәжіктер) қалыптасқан. Оның үстіне, бұл екі аймақ ежелден Батыс пен Шығыстың сауда-экономикалық, мәдени және рухани байланысындағы дәнекер аймақ. Сондай-ақ, олардың бірінде туындаған ірі оқиғалар көрші аймаққа да әсер етіп, тұтас бір тарихи процесс ауқымында қарастырылып келді. Мұнда сапар шеккен елшілер, саяхатшылар және әскери миссиялар түгелдей бұл екі аймақтың тарихи мен географиялық жағдайын біртұтас сипаттады. Сондықтан да, Орта Азияның тарихи-географиясын зерттегенде Шығыс Түркістан факторын айналып өте алмаймыз. Мақалада ең әуелі Орта Азия мен Шығыс Түркістанның географиялық ерекшеліктеріне назар аударып, аймақаралық ежелгі байланыстарға талдау жасалды. Олардың ауқымы, сипаты, бағыты сарапталды. Одан соң, ежелгі байланыстардың негізінде ортағасырлық кезеңдегі қарым-қатынастар зерттелді. Сол арқылы, Орта Азия мен Шығыс Түркістанның біртұтас географиялық-тарихи мәндегі ұғым екені ортаға қойылды.

Түйін сөздер: Орта Азия, Шығыс Түркістан, Тянь-Шань, Тарым бассейні, Жоңғария, Жетісу, тарихи география, Жібек жолы, сауда керуен жолдары, асулар.

HISTORICAL-GEOGRAPHICAL CONNECTION OF CENTRAL ASIA AND EAST TURKESTAN

Tursynkhan KAYRKEN¹

¹Department of Oriental Studies of the Faculty of International Relations

L.N. Gumilev Eurasian National University

e-mail: kairkentz@mail.ru

Abstract. The article examines the relationship between Central Asia and East Turkestan from historical, geographical, historiographical and source-based points. The history and geography of Central Asia cannot be considered in isolation from the surrounding regions. In particular, both historically and geographically, Central Asia is closely linked to East Turkestan. Geographically, Central Asia and East Turkestan are separated by such natural land-forms as the Pamir, Tien Shan, Dzungarian Alatau, Birliktau and Tarbagatai. Still, these two regions are connected by passes, valleys, rivers and plains. The climatic zones, vegetation and fauna of these two regions are similar. Additionally, the national identities, languages, mindsets, lifestyles, and economic systems of the people who formerly inhabited this area were very similar. As a result of permanent settlement and cyclic migration of autochthonous peoples, distinct ethnic groupings (irredents), or cross-border peoples (Kazakhs, Kyrgyz, Tajiks) emerged in the border regions of Central Asia and the Chinese East Turkestan. Moreover, these two regions have long been a link in trade-economic, cultural and spiritual relations between the West and the East. Major events that occurred in one of them inevitably had an impact on the neighbouring area in one way or another and, thus, they should be considered as parts of one historical process. All visiting ambassadors, travelers and military missions described the history and topography of these two regions in similar ways. Therefore, when studying the history and geography of Central Asia, we cannot ignore the East Turkestan factor. The article mainly analyzes ancient interregional ties with a focus on the geographical features of Central Asia and East Turkestan. Analysis has been done on their scale, nature and orientation. Also, their relations in the Central Ages were analyzed on the basis of the links of earlier periods. It is emphasized that Central Asia and East Turkestan comprise one geographical and historical community.

Keywords: Central Asia, East Turkestan, Tien Shan, Tarym Basin, Dzungaria, Zhetysu, historical geography, Silk Road, trade caravan routes, passes.

Кіріспе

Орта Азияда тартылып қалған Арал теңізі туралы әлемдік қауымдастық жақсы біледі. Дегенмен, Орта Азияның шығысында, оған көрші жатқан Шығыс Түркістанда да осыған ұқсас тартылып қалған Лобнор көлінің бар екені туралы әлемдік қауымдастық біле бермейді. Ұқсас жаратылыстық орта және ұқсас тағдыр. Мұның себеп-салдарын білу үшін, ең әуелі бір бүтін географиялық кеңістікті көз алдымызға елестетіп көрейік. Одан соң осынау бір тұтас кеңістікте болып өткен тарихи оқиғалардың байланысына назар аударайық. Біз географиялық ортаның бір-бірімен симметриялы әрі толықтаушы рөлін айқын зерделей алсақ қана оның біртұтас, бөлінбес тарихи-географиялық кеңістік екеніне көз жеткіземіз. Сол себепті, Орта Азия мен Шығыс Түркістанды бір-бірінен бөліп қарауға келмейді. Олар табиғи-жаратылыстық ортасы, немесе этно-мәдени бірыңғайлығы және тарихи көшірмелері арқылы бір бүтін кеңістік болып табылады.

Тарихтағы осындай тығыз қарым-қатынастарға қарамастан, соңғы екі жүз жылдықта Шығыс Түркістан өз өзімен оқшауланып қалды. Мұның басты себебі оның көне және жаңа Қытай империясының отарына бір жолата айналуы еді. Сондықтан, адамдар оны Қытайдың ішкі провинцияларының бірі ретінде қарайды. Сондай-ақ, оның тарихы да қытай тарихнамасының концептуалды көзқарастары бойынша түсіндіріліп келді. Көптеген адамдар Шығыс Түркістанды Орта Азиямен байланыстырып тұрған тарихи, географиялық байланыстарды түсінбеді. Соның әсерінен бұл екі аймақты бір-бірінен бөліп қарады. Тарихи зерттеудің әдіснамасы тұрғысынан мұндай сыңаржақ көзқарас бізді біржақты қорытынды жасауға итермелейді. Ендеше, аталған екі аймақты бір-бірімен байланыстыра зерттеу ең әуелі Орта Азия тарихының түпкі факторларын айқындауға, тарихи оқиғалардың өзара әсері мен салдарын білуге, оның үстіне, жаңа және қазіргі заманда орын алған түрлі өзгерістерді дұрыс бағамдауға көмектеседі.

Орта Азия мен Шығыс Түркістан ұланғайыр аймақ. Оның тарихы сонау ерте замандардан басталады. Ерте заман мен ортағасырларда олардың арасындағы қарым-қатынас ортақ географиялық кеңістік аясында тығыз, берік және біртекті байланыс ретінде қалыптасты. Бұл ретте аймаққа сыртқы факторлар да әсер етпей қойған жоқ. Аталмыш сыртқы факторлар мен ішкі дәстүрлі байланыстар оларды өз алдына жеке тарихи, этно-мәдени, шаруашылық және саяси кеңістік ретінде қалыптастырды. Бұл табиғи байланыс кейін келе ғаламдық отаршылдық дәуірдің басталуымен бұзылды. Нәтижесінде Тянь-Шань тауын ортақ арқа тірек еткен екі аймақ бір-бірінен жасанды түрде оқшауланып қалды. Соған қарамастан, бүгінгі таңда бұл ортақ ерекшеліктерді тереңдей зерттеу, тарихтың түпкі келбетіне үңілу, сондай-ақ, дәстүрлі байланыстарды заманауи үрдісте жаңғырта пайдалану аймақаралық қатынастарды даму үшін айырықша маңызға ие.

Ежелгі байланыстар

Орта Азия немесе Орталық Азия – тек географиялық мәндегі ұғым, ол ешқандайда мемлекет аты немесе белгілі бір саяси бірлестіктің атауы емес. Дегенмен бұл екеуінің өзіндік айырмашылықтары бар. Атап айтқанда, Орта Азия аймақтағы бұрынғы бес кеңестік одақтас республиканың жерімен ғана шектелсе, Орталық Азияға бұл бес республикамен бірге Қытайдың Шынжаң аймағы, Моңғолия, Ауғанстан, Пәкістан және Иран кіреді. Демек, белгілі мағынадан алғанда Орта Азия мен Шығыс Түркістан жалпы географиялық ұғымдағы Орталық Азияның ауқымына кіреді.

1829 жыл немістің атақты жаратылыстанушы, геофизик ғалымы Генрих Александр фон Гумбольдт деген ғалымы алғаш рет «Орта Азия» деген терминді қолданды. Ол Орталық Азияның географиялық ауқымы батыста Каспий теңізінен, шығыста Алтай тауына, оңтүстікте Хиндукуш тауларына, солтүстікте Сібірге дейінгі ұланғайыр жерлерді қамтуы тиіс дейді. Одан соң Кеңес Одағы ғалымдары ғылыми айналымға кең және тар мағынадағы «Орта Азия» және «Орталық Азия» деген терминді енгізді (Гумбольдт, 1915). Гумбольдтпен бір уақытта, бүгінгідей геосаяси мән-маңызы тіптен арта қоймаған кезде Ф.Х. Скрин (1899) Орталық Азия туралы кітабына «Азияның жүрегі» деп ат берді. Кейін АҚШ Индиана университетінің ғалымы Денис Синор «Орталық Еуразия» (Central Eurasia), Ішкі Азия (Inner Asia) ұғымын ортаға қойды (Sinor, 1987). Демек, біз тілге тиек етіп отырған Орта Азия мен Шығыс Түркістан осы ұғымдардың қай қайсысына да келеді. Ол мемлекеттік шекараларға бағынбайтын, толық мәндегі географиялық ұғым.

Ертеде қытай тарихшылары, географтары мен саясаткерлері өздерінің батысындағы елдер мен өңірлерге байланысты «Сиюй» (батыс аймақ – 西域) деген атауды қолданған. Бұл атау ең алғаш Сы Мацяньнің «Шицзи» (тарихи жазбалар) атты еңбегінде, одан соң Хан әулетінің атты қосын қолбасшысы Хо Цуйбин туралы жазылған «Қорушы шабандоз санғұнның өмірбаяны» (卫将军骠骑列传) атты жазбада кездеседі. Ол негізінен қазіргі Ганьсу провинциясы шегіндегі Юймэнь асуынан батысқа қарайғы жерлерді, тұтас Шығыс Түркістанды және Орта Азияны қамтиды (Қытай Үлкен Энциклопедиясы, 2009). Дегенмен, осы атаудың өзінен-ақ, тарихтағы Қытайдың Хан, Таң империяларының бұл өлкелерді өзінің батыс аймағы ретінде қарастырып келгенін аңғару қиын емес. Кейін Ман-Цин империясы Шығыс Түркістанды жаулап алғаннан кейін, бұл атау ресми құжаттарда «Батыс шекара» (西疆), «Қиыр Батыс» (西陲) деген атаумен алмастырылды. Яғни, Цин империясы дәстүрлі қытай географиясында қолданылып келген «Сиюй» (Батыс аймақ) атауынан бас тартты әрі оны император Цянь Лунның күш-құдіретін әйгілейтін «Синьцзян» (Жаңа шекара – 新疆) атауымен алмастырды. Демек, «XIX ғасырдың орта кезінен соң «Батыс өңір» атауы біртіндеп қолданыстан қалды» (Қытай тарихы үлкен сөздігі, 2000). Қалай дегенмен де, осы атаулардың барлығында тарихтағы қытай билеушілерінің империялық амбициясы жасырынған.

Осынау ұлан-ғайыр кеңістікте тым ерте замандардан бастап адамзат мекен етті, тіршілік етті. Дегенмен, Орта Азияның байырғы тарихы оның бай табиғатымен бірге жойылып кеткен. Бүгіндері біз тек, қолда бар деректерге, артефактілерге сүйеніп, оның белгілі бір деталдарын қалпына келтіруге ұмтылып бағудамыз.

Өзінің тұрған ортасына байланысты, адамдардың табиғат пен қоршаған ортаны тануы да әр түрлі болады. Оның үстіне ұзақ уақыттық еуроцентристік және қытай-центристік көзқарастардың әсерінен біздің өз аймағымыз туралы түсінігіміз тым жадағай күйінде қалып келді. Сөйтіп, біз өркениет атаулыны сырттан іздедік.

Әрине, бұл арада біз сыртқы кеңістіктегі байырғы өркениеттерді теріске шығармаймыз. Керісінше солардың өзара әсері негізіндегі автохтонды өркениетке назар аударамыз. Тым құрығанда біз жасап жатқан аймақтың өзіндік төл өркениеті болған дегенді дәлелдеуге тырысамыз. Ол үшін ең әуелі белгілі бір географиялық ауқымда өзімізге көршілес, іргелес жатқан ішкі өркениет шеңберіне назар аударуымыз керек. Бұл шеңберге бір-бірінен ажырамас ортаазиялық Қос Өзен (Әмудария-Сырдария) алқабы мен Тарым және Жоңғар ойпаттары жатады.

Бұл аймақты сырттай қызықтаушылар негізінен құрғақ, шөлді аймаққа жатқызады. Олар шөлді аймақ пен Сібір ормандарына дейінгі аралықта аздаған жайылымды белдеу бар деп қарайды. Олар бұл аймақтың өзіндік алып өзендері, асқар таулары мен шұрайлы жасыл алқаптары бар екеніне назар аудармайды. Соның бір бөлігі Шығыс Түркістанға тәуелді. Шығыс Түркістан тарихта солтүстікте көшпенділер өркениеті, оңтүстікте Тибет, Үнді және Парсы мәдениеті, батысында Орта Азиялық Қосөзен және кіші Азиялық Қосөзен мәдениеті, шығысында Хуанхэ мәдениетінің төрт жақтан қоршауында тұрды. Бұл аймақ тек қабылдаушы ғана емес, өркениетті беруші, өткізуші аймақ болып есептелді. Чех ғалымы Бедржих Грозный «Алдыңғы Азия, Үндістан және Криттің ежелгі тарихы» атты еңбегінде «батыстықтардың шыққан бесігі Каспий, Памир және Алтайды қамтыған Орта Азия аймағы» деген болатын (Hrozny, 1949). Байлық пен өмір сүруге деген талпыныс, басқа өңірлерге қарай ірге кеңейту пиғылдары адамдарды бұл өлкелермен тығыз байланыстырды.

Ағылшын ғалымы Хэлфорд Джон Маккиндер «Тарихтың жағрапиялық арқауы» (The Geographical Pivot of History) еңбегінде Еуразия континентінің ішкі бөлігінің физикалық (жер бедері) жағдайы мен көшпенді халықтардың қоныс аударуының байланысын және бұл қоныс аударушылықтың дүниежүзі тарихына жасаған ықпалын зерттеді (MacKinder, 1904). Ол Еуразия континентінің орталық бөліктері шөл далалармен жалғасып жатқанымен, жалпы алғанда жайылымды дала болып табылады деп атап көрсетті. Бұл далалар көшпенділердің өсіп-өнуі мен жан-жаққа қарай таралуына жайлы орта болды. Американдық ғалым Т.Т. Райс «Орта Азияның байырғы өнері» атты еңбегінде Ахменидтер дәуірінде Азия даласының орталық бөлігі сақтардың ықпалында болды. Айтуларға қарағанда, олар Түркістанның қиыр шығысынан, Тибет пен Тянь-Шаньнан осында келген. Кейбіреулер оларды түріктердің арғы атасы деп есептейді, – дейді (Rice, 1965). Мұнда тілге тиек етілген Түркістанның қиыр шығысы Қытай қамалының ең батыс нүктесі, яғни Хэси дәлізі. Мұндайда Орталық Азия тарихының географиясы тіптен кеңейе түседі. Сақтардың тым ертеде Хэси дәлізінде өмір сүргені туралы мәлімет беретін қытай деректері. Соның ішінде Тан дәуіріндегі Дао Суанның (道宣) «Гуанхун-минцзи» (广弘明集) атты еңбегі. Осы кітапта: «сақтар тегінде Юнь (允) фамилиялы Роң (戎) тайпасынан болып, Дунхуанды мекен еткен. Иүзейлер тарапынан қуылған соң, Көкарттың оңтүстігіне қарай көшіп кеткен... кейде оларды жаңылып Шичжун (释种) деп бұзып атайды, іс жүзінде бәрі бір сөз» (广弘明集 (四库全书本)/卷07 – 维基文库, 自由的图书馆), дейді.


Дунхуан Қытай қамалының ең батыс нүктесіне жақын жатқан тарихи-географиялық белгі. Ертеде Дунхуан аймағы мен Шығыс Түркістанның Лобнор аймағы тіке қарым-қатынаста болған. Тарым дариясының ең соңғы құрдымынан Лобнор көлі пайда болған. Дунхуаннан шыққан керуендер Лобнор арқылы Тарым және Күнче өзендерін бойлап Тянь-Шаньның күнгей қапталына жететін. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының соңында, Лобнор өңіріндегі ежелгі қабірлерге археологиялық ашу жұмыстары жүргізілді. Бұл өңірдің ауа райы ыстық, табиғаты құрғақ болғандықтан, ерте дәуірден-ақ, адамдардың мәйіті дереу парланып, сол бетінше кеуіп қалатын. Ондағы мүрделер киізбен оралып, басына қауырсын қадалған шошақ киіз бөрік, аяқтарына құрым етік кигізілген, ағаш ыдыс пен жебелері бірге көмілген. М.А. Стейн бұл адамдардың «қазіргі Тарым ойпатындағы адамдардың антропологиялық белгілерімен бірдей екенін» атап көрсетеді (Stein, 1936). Археолог Хуан Вэньби (黄文弼) көне мүрделердің пішініне, киіміне, әсіресе басына киген шошақ бөркіне қарай отырып, оларды Жетісудағы тиграхауда (Saka Tigrahauda) сақтарымен ұқсатады, әрі «крорандықтар мен сақтардың байланысы жоқ деуге болмайды» (Вэньби, 1948),

дейді. Проф. Х.У. Бейли (H.W. Bailey) де «б.д.д. II ғасырдан бұрын, бір бөлім сақтар Қотанға келіп қоныстанып қалды, әрі олардың билеуші табы қалыптасты. Хустана (瞿萨旦那) сол сақтардың Хотан аймағында құрған патшалығы» (Bailey, 1969), дейді. Бұл тарихи материалдар сақтар шығыстан келген дейтін көзқарасты орнықтыра түседі.

Орталық Азия өз тарихында үш реткі ірі өзгерісті бастан кешті. Бірінші рет ғұндардың бас көтеруі мен солтүстік ғұндардың батысқа көшуі; екінші рет Түркі қағанатының күшеюі мен батысқа қарау кеңеюі; үшінші рет моңғолдардың батысқа жорығы және Шыңғыс әулеттерінің үстемдігі (Ван Чжилай, 2004). Осы аталған үш үлкен үдеріс Шығыс Түркістанды өз ішіне алған Орталық Азияны тұтас қамтыды.

Ішкі Азиядағы отырықшы мәдениет пен көшпенділер мәдениетінің қиысқан тұсы, үлкен су айырығы немесе алып белдеуі деп Тянь-Шань тауын айтуға болады. Оның көп бөлігі Шығыс Түркістанда жатыр. Шығыс пен батыс қарым-қатынасында керуен жолдарының үстіндегі оазистер қандай рөл ойнаса, сол оазистерді қалыптастыруда, әрі жайылым және айқын жол белгісі ретінде Тянь-Шань тау сілемі де сондай рөл ойнады. Оның үстіне, Тянь-Шань тауын екі түрлі шаруашылықты (көшпенді және отырықшы) бөліп тұрған және бір-бірімен байланыстырып тұрған тіршілік арқауы деген орынды. Бұл оны жер бетіндегі басқа таулардан бөліп тұратын бірден бір ерекшелігі. Сонымен бірге, тауды оңтүстіктен солтүстікке немесе керісінше кесіп өтетін әлде неше ондаған тау жолдары, қиын асулар бар. Бұл оның оңтүстігі мен оңтүстігін бір-бірімен тұтастыратын негізгі хәм табиғи, ертеден келе жатқан қатынас жұлгесі деуге болады. Бұл оның жағрапиялық маңызы мен тарихи бет-бейнесін тіпті де айқындай түседі.

Тянь-Шань өзінің солтүстік және оңтүстік бағыты бойынша ғана емес, шығыс-батыс бағыты бойынша да мәдениеттердің тоғыстырушы және бір-бірінен ерекшелендіретін аймақ. Мысалы, оның батысына қарағанда шығыс бөлігінің мәдениет белгілері өзіндік ерекшелікке ие. Сондықтан ол Азиядағы Гималай тауы немесе Янцзы мен Хуанхэ өзендері секілді тарихи географиялық және мәдениеттік ұғым. Өйткені оның батыс мүйісінде адамзат өркениеті бесіктерінің бірі болып табылатын Мәуереннаһр – Әмудария және Сырдария өзендерінің алқабы жатыр. В.В. Бартольд өзінің «Орта Азия тарихы» атты еңбегінің кіріспесінде: «Геродот еңбегінен де (III, 117 ж.) көруге болатындай, ертеде Парсы империясы құрылмай тұрған кезде Хорезм аймағы Орта Азияда ерекше маңызды саяси мәнге ие болған. Бұл тарихтың өз болмысына сәйкес келеді. Яғни, өркениет ошақтары құдды Евфрат және Ніл бойы өркениеттері секілді, алдымен ірі өзендердің төменгі ағысында пайда болады» (Бартольд, 1981) дейді. Өзінің табиғи жылы және егін, мал және бау-бақша кәсібіне қолайлы табиғи шарт-жағдайымен ол өлке тым ерте кезден-ақ дамудың өзіндік жолына түскен және тек осы аймаққа тән мәдениет жаратқан. Бұл мәдениет өзіне көрші жатқан шығыстағы Тарым мәдениеті мен және Тянь-Шаньның солтүстігіндегі аралас типтегі көшпелі және отырықшы мәдениетпен тығыз қырым-қатынаста болды.



1-Сурет. Орталық Азия және оған іргелес аймақтар

Демек, Шығыс Түркістандағы айқын тарихи-географиялық белгінің бірі Тарым бассейні болса, екіншісі Тянь-Шань тау сілемі. Бұдан дейін, әлемдік өркениеттің тарихын жазушы авторлардың бәрі дерлік Тянь-Шаньға сәл қарап келді. Өйткені олар Тянь-Шаньды сезінбеді. Бұл бір. Екіншіден, ғылымдағы центристік көзқарастар жетекші рөл ойнады. Бұл тұрғыдан Тянь-Шань тау сілемінің өркениеттік маңызын төмендетуге еуроцентристік және азияцентристік көзқарастардың әсері болып келді. Тянь-Шань төңірегіндегі мәдениет іздерін, олардың бастауларын осы өлкенің өз тарихынан емес, қайдағы бір шет жұрттар мәдениетінің ықпалынан деп қарау Қытай тарихшыларынан да кездеседі. Ол туралы Жапон ғалымы Матсуда Хисау өзінің «Ежелгі Тянь-Шаньның тарихи-географиясы туралы зерттеу» (古代天山历史地理研究) атты зерттеуінде: «Дәстүрлі түрде айтылатын шығыс және батыс мәдениеттерінің ошағынан шалғай жатқандықтан, қай жағынан алып қарасаңыз да ол өте оқшау көрінеді. Сондықтан шығыс-батыс өркениеті ұғымының әсерімен жүрген адамдардың назары ылғи да сыңар жақты болып келеді. Әсіресе, Азия тарихының жазып қалдырушысы әрі сақтаушысы болып келген қытайлықтардың өзі осындағы көптеген жайларға тым қанық емес. Бұл әрине, өкінішті жағдай. Осылайша, осынау заңғар-биік Тянь-Шаньның тарихи рөлі ұмыт қалып келді» (Матсуда, 1987) дейді. Дәл сол себептен, Тянь-Шань және оның төңірегіндегі көне мәдениеттер, мемлекеттер, қала қорғандары, шаруашылық өңірлері туралы деректер тым сирек кездеседі. Бұл сирек деректер ескі қытай жазбалары арқылы бүгінге жеткен. Шығыс Тянь-Шаньның географиялық жағдайы, елдімекендері, қала мемлекеттері, қытай отарлары туралы деректер батыстық, византиялық, парсылық, арабтық не болмаса үнділік жазба құжаттарда жоқтың қасы. Тянь-Шань тарихының трагедиялы беттері мұнда сақталған көне мәдениет жәдігерлерінің көптеп тоналуы. Кездейсоқ адамдар тарапынан қолды болуы.

Шығыс Тянь-Шань тарихының деректері Қытайдың Хан, Вэй дәуіріне қатысты жазбаларда көзге түседі. Хан мемлекетінің солтүстікке және батысқа қарап ірге кеңейтуінде Шығыс Түркістан мен оған көршілес аймақтарға жасалынған географиялық, этнологиялық зерттеулердің және елшілік барлау материалдарының орны ерекше. Бұл материалдар кейінгі «Ханшу» (汉书), «Хоу ханшу» (后汉书.西域传) және «Вэйлуэ. Батыс роңдар баяны» (魏略.西戎传), «Вэй кітабы. Батыс өңір баяны» (魏书.西域传) секілді кітаптарға жинақталған. Шығыс Тянь-Шаньның тарихи-географиясын зерттеуде бұл материалдар алғашқы дерек көзі болып табылады. Хан империясы бұл өлкені «Батыс аймақ» деп атап, онда әскери-әкімшілік мекемелерін құрды. «Ханшуда» Тянь-Шаньның оңтүстігі мен солтүстігіндегі тұрғылықты шағын қала мемлекеттері (балықұлыстар) туралы деректер бар. Тұрғындар жиі шоғырланған ондай елдімекендерде шаруашылық құрылысының әр алуан элементтері қатар өмір сүрді. Ең алғаш «Ханшудағы» Тянь-Шаньға қатысты жер атауларына талдау жасаған неміс ғалымы А. Херман болды. Ол XX ғасыр басындағы география ғылымындағы жетістіктерден пайдаланып, негізінен Тарым ойпатындағы көне балықұлыстар мен олардың бір-бірінен арақашықтығын зерттеді (Herrmann, 1910).

Ортағасырлық кезең

Бұдан кейінгі деректер түркі дәуіріне тән. Тянь-Шаньның VI-IX ғасырлардағы тарихы, ондағы елдімекендердің жағдайы туралы Қытайдың Таң дәуіріне тән жазба мұрағаттары біраз деректер береді. Дегенмен, «Цзю Таншу» (Көне Таң кітабы) (ЦТШ, 2012) және «Син Таншу» (Жаңа Таң кітабында) (СТШ, 2012), жазылған бұл деректердің бәрі ұғымға оңай емес. Бір-бірімен қайталанған, дәлдігі күмән тудыратын деректер тым шытырман болып келеді.

Қытайдың Таң дәуірі Орта Азияның түркілік кезеңімен тұспа-тұс келеді. Түріктер Алтай тауын орталық етіп Түркі қағанатын құрған кезде Таң мемлекеті әлі құрылмаған болатын. Тан Тайцзун 630 жылы Шығыс Түрік қағанатын жойып оны өз қоластына қаратты. Одан соң, Батыс Түрік қағанатының қол астындағы Шығыс Тянь-Шань мен Батыс Тянь-Шань алқабы Тан империясының қоластына өтті. Сол себепті, аталған кезеңдегі шығыс Тянь-Шаньдағы елдімекендер екі топқа бөлінеді: яғни, олар пайда болу негіздеріне қарай тұрғылықты елдімекендер және табғаштық тұтықмекемелер. Тұрғылықты елдімекендер осында ертеден тіршілік етіп келе жатқан жергілікті түркі тілді тайпалар тарапынан өзен бойлары мен көгалды алқаптарда біртіндеп қалыптасқан елдімекендер. Ал табғаштық елдімекендер болса, Таң империясының он оқтарды басқару үшін құрған әскери-әкімшілік аппараттары тұратын және оған қосымша пайда болған елдімекендер.

Бұл кезге тән дереккөздері Қытайдың «Синь Таншу» 215, 217, 218, 219 бөлімдері (Жаңа Таң кітабы) (СТШ, 2012), «Цзю Таншу» (Көне Таң кітабы) (ЦТШ, 2012), Цыфу-Юаньгуй (ЦФЮГ, 2020), Цзичжитундянь (Билік ғибратнамасы) (ЦЧТЦ, 2011) секілді ресми тарихи жазбалар мен Суань Цзанның «Да Тан Сиюцзи» (ДТСЮЦ) (Ұлы Таң әулетінің Батыс өңір туралы жазбалары) (Суань Цзан, 2012), Цзя Даньның «Сыдаоцзи» (Төрт бағыттағы жол жайында естеліктер) (ЦСДЦ, 2005), Ду Хуанның «Сисинцзи» (Батысқа саяхат жазбалары) (ДССЦ, 2005) секілді жол-сапар естеліктерінде сақталған.

VIII ғасырдың екінші ширегінде халықаралық аренада Орта Азия мен Шығыс Түркістанның стратегиялық маңызы арта түсті. Сол себепті Араб, Тибет және Таң империясының Орта Азияға таласы басталды. Бүгінде біз үшін осы екі аймаққа да бірдей әсер еткен әлемдік оқиғалардың географиялық кеңістігін айқындау айырықша маңыз-

ды. Бұл сыртқы күштердің сұғынып кіру бағыттары мен бір-бірімен қақтығысқан нүктелері болып табылады. Бүгінде кей тарихшылар арабтардың ат тұяғы Шығыс Түркістанға жетпеген немесе тибеттер мен тандықтардың қосындары Орта Азияға дендеп кірмеген деген көзқарасты ұстануда. Алайда, тарихи деректер сыртқы күштердің қазіргі шекаралардан аттап өткенін көрсетеді.

Араб тарихшысы Мұхамед ибн Дижарир ат-Табари өзінің «Tārīkh al-rusul wa-al-mulūk» атты еңбегінде ибн Құтайбаның 714 жылы Шығыс Түркістандағы Қашқарға дейін жорық жасап барғанын тілге тиек етеді (Goeje, Brill, 1879-1884). В.В. Бартольд (1963) және Қытай тарихшысы Ван Чжилай (2004) бұл мүмкін емес, Құтайба Қашқарға бармаған деген көзқарасты ұстанады. Алайда біз Ибн Құтайбаның 715 жылы Қашқардан онша қашық емес жердегі Ферғанада қайтыс болғанын ескерсек, оның Қашқарға барып-қайтқанына еш күмән тумаса керек. Оның үстіне, А. Вамбери де (1873) өзінің «Бұқара тарихы» деп аталатын еңбегінде Құтайбаның Қашқарға барғанын көрнектілендіре жазады.

Құтайбаның жорықтарынан соң, Орта Азияға Қытай мен Тибет күштері жанталаса кірді. Бұл жолы да олар қазіргі бар шекара сызықтарын аттап өтті. 712 жылы Таң мемлекетінде император Тан Суанцзун таққа отырды. Оның жүргізген саясатының арқасында Таң империясының әлеуеті артып, Шығыс Түркістанға және Он Оқ еліне (Батыс Түрік) қаратқан басқыншылық саясатын күшейтті. Таң империясы «батыс өңірді» қоластына қарату үшін Ашына түріктерінің билігіне қарсы шыққан түркеш Сүлік қағанды көтермелеп, оны Соғдыянаға жіберіп, арабтарды тежеуге пайдаланды. Бірақ кейін келе, Сүлік қаған күшейіп, Таң империясына бағынбай бара жатқандықтан, 734 жылы Таң ордасы Чжан Шуяоны (张舒耀) арабтарға елшілікке жіберіп, арабтар Тохарстан тараптан, қытайлар Бедел асуы арқылы екі жақтап Түркеш қағанның ордасы Сұябқа шабуылдау туралы келіседі (Го Пинлян, 1988). Алайда Халифаттағы саяси өзгерістерге байланысты арабтар дер кезінде әскер шығара алмайды. Бірақ екі жылдан соң арабтар Тохарстанды басып алып, ондағы түркеш ябғұсын өлтірген кезде, қытай қолы үлгеріп келе алмай қалады. Сөйтіп екі тарап та алдын ала келіскен мақсатына жете алмайды. Бұл арада назар аударатын мәселе арабтар мен Қытай қолының екі бағыттан келіп Сұябты басып алмақ болуы. Осында тілге тиек етілген Бедел асуы Орталық Тянь-Шандағы стратегиялық орны аса маңызды болған ірі асулардың бірі. Оның батысы Тянь-Шаньнан Ферғана, Ош аймағына өтетін Торғат асуы, ал шығыс жағы Хан тәңірдің шығысындағы мұзарт асуы. Бұл арада Шығыс Түркістаннан Тянь-Шаньның жон-арқасы арқылы Орта Азияға, Жетісуға және Шу-Талас өзендерінің алқабына өтетін осынау асулардың мән маңызын айта кеткен жөн. Ол асулар Таң империясының аталған аймақтарға жасаған жорықтарында маңызды рөл ойнады. Дегенмен, бұл жорықтардың көбі жаз айларында орын алды. Қыс кезінде асулар толықтай бекіп қалатындықтан Тянь-Шаньды кесіп өту қиынның қиыны еді. Сол себептен, Тянь-Шань тауы Орта Азияны, Қазақстанның оңтүстік бөліктерін сыртқы шапқыншылықтан қорғайтын табиғи қамал болып келді.

Осы кезде Таң империясымен қатар Орта Азиядан Шығыс Түркістанға өтетін сауда керуен жолдарын және ондағы елдімекендерді жаулап алуға кіріскен үшінші бір сыртқы күш тибеттер пайда болды. Бұдан алдын тибеттер будда діні арқылы онсызда бұл аймаққа әсер етіп келген еді. 713, 727 жылдары Тибет әскері екі мәрте шабуылдап Кашмирдің солтүстігіндегі Орта Азияға өтетін маңызды стратегиялық аймақ Кіші Патоланы (Бружа – 小勃律) жаулап алды әрі тибеттің Хрима-лот ханшайымын осы елдің патшасына ұзатады. Бұл сол кезде Орта Азияның оңтүстік-шығыс шекарасында болып жатқан шайқас еді. Кіші Патоланы тибеттер жаулап алған соң, «солтүстік-батысындағы 20-дан астам мемлекет тибеттердің қысымына ұшырап, оларға бағынышты екендік-

терін жариялады. Тибеттің тосқауыл нәтижесінде, Орта Азиядағы көптеген елдер Таң патшалығымен қарым-қатынас жасай алмай қалды» (Ван Чжилай, 2010).



2-сурет. Үлкен-Кіші Патола мемлекетінің жайғасқан жері

747 жылы жазда Таң императоры Шығыс Түркістандағы Анси орынбасар басқағы Гао Сяньчжиді 10 мың қолмен Кіші Патолаға аттандырды. Ол онда алдап-арбау және аяусыз қырғыншылық жолымен аймақты басып алды. Сөйтіп тибеттер Орта Азияға қарай кеңею мүмкіндігінен айырылды. Осылайша Таң империясы Орта Азияға өтетін тағы бір маңызды асуды әрі керуен жолын иеленді әрі арабтардың Шығыс Түркістанға бағытталған ғазат жорығын тежеп қалды.

748 жылы Бесбалық (Бэйтин) тежеуілі Ван Чжэнцзянь Ансиге¹ жорық жасап оны күйретті. 749-жылы Гао Сяньчжи Тохар ябғұсының өтінішімен Тибеттерге астық таситын керуендердің жолын кесті (Ван Чжилай, 2004). 750 жылы Таң империясы Ферғана мен Ташкенттің қақтығысынан пайдаланып аймаққа басып кірді. Ферғана тараптың өтінішімен кірген Гао сяньчжи Ташкентпен жалғаннан келісім жасасып, артынан тұтқиыл басып кірді және аяусыз қырғыншылық, бұлап-талау жүргізді. Ташкент ханы Шыбашты және оның ханымын тұтқындап, сүргінге айдады. Таңның империя қосыны осы оқиғаларды тудыру алдында екі бағытпен келген. Бірінші рет 748 жылғы Бесбалық цзиедушисы Ван Чжэнцзяньның Сұябқа жасаған шапқыншылығы кезінде ол Бесбалықтан шығып, Тянь-Шаньның теріскей беті (Еренқабырға) арқылы Шамбалық, Алмалық, Талхиз арқылы келген. Екінші рет Гао Сяньчжи қолы Күсәннен шығып Вэнсу (Ақсу) арқылы Торғат асуымен келген. Демек, осы кезде Таң империясы үшін Ферғана, Ташкент оазистерін және Шу-Талас өзендерінің бойын қолға келтіру аса үлкен стратегиялық маңызға ие болған. Бұл жерлерді қолға келтіру Таң империясының тұтас Орта Азияға және Тянь-Шаньның оңтүстігі мен солтүстігіне деген үстемдігін орнықтыруға

¹ СТШ СЮЧ-де: Тяньбао жылнамасының 7 жылы Бэйтин цзиедушисы Ван Чжэнцзянь Ансиге әскер аттандырды, оны күйретті»-делінген. Бұл жердегі Анси Күсән (龟兹) емес Сұябты көрсетеді. Өйткені ДССЦ-де Сұяб қаласын өз көзімен көрген Ду Хуан: «Тяньбао жылнамасының 7 жылы Бэсбалық цзиедушэсы (губернаторы) Ван Чжэнцзянь қалаға сұрапыл шабуыл жасайды. Осы жолғы алапат соғыста қала қорғаны мен қала құрылысы түгелге жуық қиратылып, ондағы тұрғын үйлердің қатары сиреп қалады», – деп жазады.

пайдалы еді. Сол себепті, император тапсырмасын орындау үшін Гао Сяньчжи тәсіл талғамай кірісті әрі Орта Азия елдерін қанға бөктірді. Бұл екі жерді қолға келтірген соң Тоғыз баулы Соғдаққа (九国胡) және өзіне қарсы шыққан түркештерге шабуыл жасап, оларды бағындырды.

Дегенмен, қанды қырғыннан аман қалған Ташкент ханзадасы арабтардан көмек сұрады. Сол кезде арабтардың Аббасидтер халифатының Хорасандағы әмірі Абу Мүслім қол астындағы әскербасы Зият ибн Салихты көмекке жібереді. Мұның соңы 751 жылы шілдеде араб қосындары мен Таң қосындарының арасында 5 күнге созылған әйгілі Атлақ шайқасына ұласады. Шайқас басталысымен Таң империясынан көңілі қалған түркештер арабтар жағына өтіп кетеді. Ибн әл-Асирдің жазуынша шайқас нәтижесінде Таңның 50 мың әскері жойылып, 20 мың әскері қолға түседі (Әл-кәмил фи-т-тарих). Қытай деректері бойынша 70 мың әскерінен айырылады (通典, 卷185. 边防类总序自注)². Бұл соғыс адамзат тарихындағы ірі соғыстардың бірі. Сондай-ақ ол Орта Азия мен Қазақ жерінің тағдырына түбірлі өзгеріс әкелген орасан зор шайқас болды. Осы шайқастан соң, Таң империясының Орта Азия мен Шығыс Түркістанды түгелімен өз отарына айналдыру ниетіне нүкте қойылды әрі аймақтағы әскери үстемдігі түбірінен шайқалды. Нәтижесінде, Таң империясы Батыс Тянь-Шань мен Жетісудағы және Шығыс Түркістандағы отарларынан айырылды. 755 жылы империяның ішкі бөлігінде туылған әскери төңкеріс Таң әулетінің түбегейлі құруына жол ашты.


Демек, Орта Азия мен Шығыс Түркістанның тағдыры Таң империясының аймақтан шегінуімен басқаша сипат алды. Осы кезде аталған екі аймақтың арасындағы айқын географиялық белгі нақты рөл ойнады. Атап айтқанда, Памир мен Тянь-Шаньның батыс бетінде арабтардың ықпалы күшейсе, шығыс бетінде, яғни Шығыс Түркістанда тибеттердің ықпалы артты. Өйткені ішкі былықпалық орнаған жылдары Таңның Шығыс Түркістандағы қосындары түгелдей Ішкі Қытайға кетті. Осы орайды пайдаланған тибеттер қайта жанданып, Таң империясының Шығыс Түркістандағы отарларын басып қалуға әрі керуен жолдарын бақылауға алуға әрекет етті. Нәтижесінде Орта Азия мен Таң әулетінің қарым-қатынасы ұзақ уақытқа тоқтап қалды. Осы кезде Таң әулетінің әйгілі генералы Ли Би (李泌) патшаға арабтармен бірлесіп, тибеттерге қарсы тұру жөнінде ұсыныс айтты. Көп өтпей (789 ж.) Ли Би қайтыс болғандықтан, оның бұл ұсынысы ескерусіз қалды (Ван Чжилай, 2004). Империялық қуатынан айырылған Таң әулеті ендігі жерде 755-763 жылдардағы ішкі бұлғақ кезінде өздеріне көмектескен Біріккен Түркі (Ұйғыр) қағанатына анағұрлым мол салық тапсырып тұруға және сауда-саттық жасауға мәжбүр болды. Мұндай жағдайда 790 жылдары Шығыс Түркістандағы маңызды бекініс Бесбалық тибеттердің қолына өтіп кетті. Осылайша, Шығыс Түркістан бір мезет тибеттердің бақылауында болды. Сөйтіп, Орта Азия мен Шығыс Түркістаннан Таң империясының елесі түбегейлі жоғалды.

Бұдан соң, Орта Азияда да тұрғылықты халықтың араб басқыншылығына қарсы көтерілісі көбейді. Солардың ішінде 776 жылы басталған Мұқанна (Хашим ибн Хаким) көтерілісі, 806 жылы басталған Рафи ибн Лейстің көтерілістерін атауға болады. Осы көтерілістердің нәтижесінде VIII ғасырдың соңғы жартысынан IX ғасырдың бас кезіне дейін Орта Азияда арабтардың үстемдігі толықтай әлсіреді. Бұдан кейінгі жағдай тибеттердің Шығыс Түркістанда кең қанат жаюына және буддизмнің гүлденуіне жол ашты.

2 Қытайдың «Туньдянь» (通典) атты дерегінде: «Гао Сяньчжи Шашқа Талас өзені бойында шабуыл жасап, 70 мың сарбазынан айырылды» деп жазады. (通典, 卷185). Бұл осы оқиғаның басы-қасында болған тарихшы Ду Хуанның немересі Ду Ю тарапынан жазылған еңбек. Сол себептен ол ұлы атасының айтып берген нақты дерегіне сүйеніп жазған деуге болады.

Халық көтерілістерінен кейін, Орта Азияда парсылық саманилер үстемдігі орнады. Яғни арабтар Орта Азияның билігін жергілікті халықтарға беруге мәжбүр болды. 821 жылы Халиф Мамун жергілікті иран тілді Тахир ибн Хұсейінді Хорасанның әмірі етіп тағайындады. Келесі жылы ол өзін патша деп атап, арабтардан тәуелсіздік жариялады. Бұл тарихтағы Тахир патшалығы. Халифа Мамун оның бұл әрекетіне қарап тұрып жол берді. Билік одан соң оның ұлдарына берілді. 873 жылы Тахир әулеті құлап, орнына тағы да ирандық Самилер әулеті билікке келді. Саманилер әулеті ирандық болғанымен ислам дінінің орта Азияда кең қанат жаюына барынша күш салды. Осы мақсатта Сыр бойына Исфиджап пен Түркістанға шабуыл жасады.

Саманилер кезінде Мәуереннаһр тұрғындары негізінен парсы тектес ариялықтар болды. Түркілер негізінен Сырдарияның теріскей жағын, Ферғананың шығысын, Ауғанстанның солтүстік бөлігін мекендеді (Ван Чжилай, 2010). Бұл кезде Шығыс Түркістанның оңтүстігінде, Тарым өзеніне құятын Қашқар, Яркент, Қотан, Керия, Чарчен, Ақсу, Мұзат, Кончи және олардың тармақтары болып келетін Қарақаш, Юрұңқаш, Тошқан, т.б.



3-сурет. Шығыс Түркістан

өзендерінің бойында үнді-ариялық халықтар жасайтын. Ал, түркілер болса дерліктей исламға кірмеген көшпенді тайпалардан тұратын. Сол қатарда Шығыс Түркістанның халқы да исламға енген еді. Бұған басты себеп, олардың географиялық оқшаулығы мен дәстүрлі діни сенімдерінің беріктігі болды. Дәстүрлі діни сенім тұрғысынан ол кезде Шығыс Түркістан халқы өз ішінде тағы да географиялық орналасуы бойынша солтүстіктегілер мен оңтүстіктегілер деп бөлінетін. Солтүстіктегілердің өмір салты негізінен көшпенді болды да олар дәстүрлі тәңір дініне сенетін. Оңтүстіктегілер болса отырықшы жатақтар болды да, негізінен будда дініне сенетін. Бұл кезде Тарым бассейнімен бір белдеуде жатқан Орта Азиядағы Мерв, Зарафшан, Қашқадария, Ферғана, Ташкент және Хорезм аймақтары түгелдей отырықшы әрі ислам діні таралған аймақтар болды.

IX-X ғасырларда Шығыс Иран мен Орта Азиядағы бірнеше патшалықтардың ішінде тек Самани мемлекеті ғана Шығыс Түркістанмен шекараласатын. Сол кезде Самани мемлекеті Қытайдың солтүстік-батысындағы (*Шығыс Түркістандағы – авт.*) түркі тайпаларымен ара-тұра соғысып, кейде сауда жасап және олардың арасында діни насихатпен де айналысып отырды (Ван Чжилай, 2010). Өйткені Сырдарияның солтүстігіндегі түркілер бұдан алдын Самани мемлекетінің отырықшы аймақтарына ұдайы қатер төндіріп келгендіктен, олар түркілермен шекарадағы Бұқара, Суди-сана қатарлы жерлерде қорғаныс қамалдарын салып, қарсыласуларын күшейткен болатын. Осындай соғыстардың бірінде Қарахан мемлекетінің бірінші қағаны Білге Көл Қадыр хан өзі Саманилердің патшасы Нух ибн Насырмен жекпе-жекке шығады. «Худуд әл-Ғаламға» және Ван Яндэнің «Идіқұтқа елшілік сапар естелігіне» (王延德使高昌记) негізделгенде ол кезде Сырдарияның терістігіндегі түркі тайпалары негізінен қарлұқтар, түркештер, қырғыздар, яғмалар, оғыздар еді. Олар саманилермен көрші тұрды. Қарахан мемлекетінің саяси орталығы көне түріктердің батыс қанаты болып табылатын «Он оқтардың» жерінде болатын. Нақтырақ айтқанда олардың саяси орталығы Шу өзені алқабын негіз етіп, солтүстік-батыста Құланға, Меркеге дейін жетсе, Ыстықкөлді де өзіне қоса, оңтүстікте осы көлдің маңындағы Барысханға дейін тірелетін. Ал оның ықпалы одан ары Қашқарға дейін жетіп жататын (Samolin, 1964). Аңыз бойынша жоғарыда тілге тиек етілген Білге Көл Қадыр хан қараханидтердің бірінші ханы ретінде айтылады (Samolin, 1964).

Тарихи деректерде айтылуынша Білге Көл Қадыр ханның екі ұлы болған: бірінің аты Базир, ол әкесінің тағына мұрагерлік етіп Баласағұнда патшалық құрады. Енді бір ұлының аты Ұғылшақ Қадыр. Мәртебесі кіші хан. Ол алғашында Талас бойында патшалық құрып, кейін Қашқарға көшіп барады. Ұғылшақ Қадыр саманилердің патшасы Сымайылмен замандас еді. Ол Қашқарда тұрып саманилердің ішкі бөлігіндегі талас-тартыстан тиімді пайдаланды. Өзінен пана сұрап қашып келген саманилердің ханзадасы Насырды қанат астына алып, оны Қашқардың солтүстігіндегі Атұшқа қоныстандырды. Насыр Ұлықшақтың рұқсатымен Атұшта мешіт салды. Сол кезде Базирдің ұлы, Ұғылшақтың аға баласы Сатұқ Боғра хан Қашқарға және Атұшқа барып жүрген сапарында Насырға кездесіп, оның ықпалымен ислам дінін қабылдады. 960 жылы оның ұлы Байташ Мұса ханның кезінде Шу мен Талас өлкесінде түріктерден 20 мың адам ислам дінін қабылдады. Осы Мұсаның кезінен бастап Қарахан мемлекеті Қашқардың шығысындағы буддистердің қаласы Қотанға ғазат жорығын бастады³. Қотан шайқасы ислам дінінің Шығыс Түркістанда орнығуы жолындағы және тибеттердің будда дінін сақтап қалу тұрғысындағы шешуші шайқас болды. Шайқас X ғасырдың соңында басталып, XI ғасырдың басында аяқталды, жалпы 20 жылға созылды. Осы шайқаста Мұсаның ұлы Әли шаһит болды. Талай жылғы соғыстың нәтижесінде қараханидтер үстем келіп, Қотанды буддистердің қолынан тартып алды.

Бұл оқиғалардан Шығыс Түркістанның исламдану үдерісі Орта Азияға қарағанда әлде қайда кеш басталғанын көруге болады.

999 жылы Сатұқ Боғра ханның шөбересі Ілік Насыр Бұқараға басып кіріп, нәтижесінде Самани мемлекеті күйреді (Ван Чжилай, 2004). Осыдан соң ирандықтар мен олардың тілі Орта Азияда өз үстемдігін жойды. XI ғасырда Орта Азия мен Шығыс Түркістанда түркі ренессансы пайда болды. Орта Азияда Саманилердің орнына Қарахан мемлекеті,

3 Қараханидтер ислам дінін қабылдаса да, өздерінің байырғы ел басқару дәстүрінен айнымады. Олар Түрік қағанатындағыдай мемлекетті екі бөлікке бөлді. Бас хан Арсылан Қара хан деп аталып, Баласағұнда қалып, мемлекеттегі ең жоғарғы билікті өз қолында ұстады. Кіші хан Боғра Қара хан деп аталып, Қашқарияны биледі.

Ғазнавилер патшалығы және Селжұқ түріктерінің мемлекеті орнады. Бұл үшеуі де түркі тілдес мемлекеттер еді. Бір ғажабы осы кезде ислам діні түркі тілі арқылы насихатталды. Бұл бір тараптан ислам дінінің кең таралуына жағдай жасаса, енді бір тараптан ислам діні түркі тілінің мәртебесін көтергенмен бірдей болды. Осылайша түркі тілі үлкен беделге ие болды. Түріктердің үстемдігі аймақтағы ариялықтардың саяси ықпалын түбірінен тазартып, жергілікті халықтың біртіндеп түркіленуіне жол ашты. Түріктенбеген ариялықтар Памир тауларына барып онда тәжік этносын қалыптастырды.

Қараханидтердің Қашқарияға жасаған діни жорығы да осындағы бөгде дінді, бөгде нәсілді халықтың түркіленуіне жол ашты. Егер Мәуереннаһрдегі түріктену үдерісін жеделдеткен ғазнавилер мен селжұқтар болса, Қашқариядағы түркілену үдерісін жеделдеткен қараханидтер болды. Осылайша Шығыс Түркістанның оңтүстігінде де түріктену мен исламдану процессі бір уақытта жедел жүрілді.

Демек, Мәуереннаһр мен Шығыс Түркістанда исламдасу және түріктену процессі ілгерінді-кейінді жүргізілсе де, мазмұны, тәсілі тұрғысынан ортақ болды. Географиялық факторға байланысты, Мәуереннаһрде түркіленген және исламға кірген халықтың ішінде ариялықтар көп санды иелесе, Қашқарияда, Қотанда үнділік-тибеттік типтегі халықтар көбірек болды. Мұның себебі Мәуереннаһрдің парсылық этно-мәдени кеңістікке жақындығынан болса, Тарым бассейнінің тарихтан бері үнді және тибеттік ареалмен араласып жатуынан еді.

Дегенмен, Шығыс Түркістанның оңтүстік-шығысында исламға сенетін түріктер мен будда дініндегі түріктер (ұйғырлар, сары ұйғырлар) әлі де ұзақ уақытқа дейін қатар өмір сүрді. Мысалы шығыстағы Идікұт Ұйғыр мемлекеті сол кезде нағыз буддалық мемлекет ретінде өмір сүріп тұрды (Ван Чжилай, 2004). Әли әулеті мен Хасан әулетінің ұлғаюына байланысты, 1041 жылдан бастап Қарахан мемлекеті іс жүзінде Шығыс және Батыс Қарахан мемлекеті болып екіге бөлінді. Яғни, 1041 жылы Мәуереннаһр билеген І Ибрахим өзін Тағаш Боғра хан деп атап, жеке саясат жүргізіп, Шығыс Қарахан мемлекетін өздерінің ата тегі деп мойындаудан бас тартты.

Шығыс Қарахан мемлекетінің территориясы Жетісу аймағы, Іле аңғары, Қашқар, Жәркен, Қотан, Ақсу және Күсәннің батысына дейін қамтып, батыс жағы Ферғананың батысына дейін созылып жатты. Астанасы Баласағұн және Қашқар болды. Батыс қарахан мемлекетінің территориясы Сырдария және Әмудария аралығындағы Мәуереннаһр аймағын қамтып, шығысы Сырдария арқылы шығыс хандықтың жерімен шектесіп тұрды. Олардың ханы алдымен Үзкентте тұрып, кейін Самарқандқа көшіп кетті. Кіші ханы Бұқарада тұрды. «Қарахан мемлекеті Орта Азияда өз үстемдігін орнатқан соң, Әмударияның солтүстігінен Іле және сыр өзендеріне дейінгі байтақ Қазақ даласын қоластына қаратып тұрды. Боғра ханның жорығынан кейін, Қарахан мемлекетінің шығыстағы аумағы Қотан мен Қарақұрым тауларына дейін жетті».

Қараханидтердің соңғы кезінде Орта Азия мен Шығыс Түркістанның саяси карта-сына бірдей әсер еткен тағы бір оқиға орын алды. Орта Азияда селжұқтар әлсіреп, Хорезм мемлекеті біртіндеп күшейіп келе жатқан кезде шығыстан аяқ астынан жаңа бір басқыншы күш қидандар (契丹人) пайда болды. Сол кезде Көкқарттың (Памир) батысы мен шығысындағы Қарахан әулеттері мен оларға қарасты тайпалар, шағын мемлекеттер түгелдей бұрынды-соңды болып олар тарапынан бағындырылды. Соңынан Хорезм шах мемлекеті де оған бағынып, салық төлеп тұрды. Орта Азиядағы түркі-мұсылман жұрты түгелдей осы бір жаңадан келген басқыншы күшті қара қидандар деп атады. Қара қидандар 1125 жылы Солтүстік Қытайда жүржіттер тарапынан жеңілген

соң, уақытша күш жинап, атамекендерін қайтарып алу үшін Елюй Дашидің бастауында Орта Азияға қоныс аударады. А. Джувейни: «олар Қидан елінен шыққан кезде оған ілесушілер тек қана оның отбасы мүшелері және қызметінде болған сексен кісі ғана болған. Алайда кей деректерде оның артынан ерген үлкен қосыны болған деседі», дейді (Джувейни, 1980). Елюй Даш ойран болған ел-жұртын бастап, солтүстікке қарай бет алып, Гоби даласынан өтіп, Ханғай, Алтай таулары арқылы Енисейге дейін жетті әрі қырғыздардың тойтарыс беруінен кейін, оңтүстік-батысқа қарай ойысып, Тарбағатай, Жетісуға дейін жетті. Ол ордасын Еміл өзенінің бойына тігіп, жаңа жорықтарға күш жинады. Егер оның батысқа жорығы 1130 жылы басталды десек, 1133 жыл ол үшін үлкен жеңістерге жеткен жыл болды. Бұл оның батысқа жасаған жорығының аяқталу сәті еді (Wittfogel and Feng Chisheng, 1949). Осы жылы оның қосыны Шығыс Түркістанның батыс шекарасына жетті. Бұдан соң ол Қарахан мемлекетіндегі ішкі қақтығыстан пайдаланып, Шығыс Қарахан мемлекетін өзіне бағындырды. 1237 жылы Мауереннахрдегі Батыс Қарахан мемлекетін басып алды. 1141 жылы селжұқтардың көсемі Санжар сұлтан 100 мың адамдық қосынмен оған қарсы шығып, Самарқанд маңындағы Қатун даласында жойқын шайқаста жеңіледі. Елюй Даши Самарқанд пен Бұқараны қолға келтірген соң Хорезм мемлекетіне жорық жасап, Хорезм шах атсызды өзіне бағындырды. Көп өтпей Шығыс Түркістандағы Идіқұт Ұйғыр мемлекеті де оның қол астына өтті. Нәтижесінде Орта Азия мен Қазақстанның басым бөлігі, Шығыс Түркістан түгелдей Қара Қидан мемлекетінің қол астына өтті.

Демек, Қарақидан мемлекеті де Қарахан мемлекеті секілді Орта Азия мен Шығыс Түркістанды толық қамтып жатқан мемлекет болды. В.В. Бартольд: Қара қидан «қытайлық Лао патшалығының бір бөлігі, оның территориясы Қытайдың тарихи территориясына кіреді, оның жылнамасы Қытайдың ресми тарихы болып табылатын «Ляо тарихында» нақты жазылған, олардың кең-байтақ кеңістікте елдік құруы және Орта жазықтың кешенді тарихында қатталып қалуы сирек кездесетін, кездессе де бір-ақ рет болатын жағдай» (Barthold, 1962) дейді. В.В. Бартольд бұл жерде Ляо патшалығының Солтүстік Қытайдағы аумағы туралы айтып отыр. Әрине, Ляо мемлекетінің тарихы Қытайдың дәстүрлі «Жиырма төрт тарих» атты деректер жинағына кіреді. Бірақ Қытай тарихнамасында айтылатын «Батыс Ляо патшалығының тарихы» аталмыш «Жиырма төрт тарихқа» бөлек кірмейді. Шын мәнінде, ол Орта Азияда құрылған жаңа мемлекет еді. Сондықтан оның атауы жергілікті тарихнамада Қарақидан деп аталды. Оның мемлекет билігі де жергілікті жердің ерекшелігіне бейімделіп жүргізілді. Ақыр соңында Қара Қидан мемлекетінің хандық билігі Найман қағанатының мұрагері Күшлік тарапынан басып алынып, одан ары өмір сүруін тоқтатты. Дегенмен, 1160–1170 жылдар аралығында И Ле (夷列) мен Пу Сувань (普速完) билік басында болған кезде Қарақидан елінің аумағы мейлінше кеңейді. Оның бір шеті солтүстік-шығыстағы (Құмдықтың солтүстігіндегі) аймақтарға дейін жетіп жатты. Мысалы, «Ұлы Цзинь патшалығының мемлекет баяны» атты жазбада жазылуынша, Чжэнлун жылнамасының алғашқы жылы (1156 ж.) ақпанда сол қол бақылаушы По Лундунды (婆隆郭) Қатұнбалыққа (曷董城) жорыққа аттандырады, алайда ол жол-жөнекей қидандардың линиясы (бегі) Улэнің (乌列) жүздеген шарлаушы сайлауыттарына кез келеді. По Лундун шабар жіберіп тіл қатысады, әрі дереу кері қайтады (大金志, 14卷). Осында тілге тиек етілген Уле деген адам 1151–1163 жылдары Елюй Даши таққа отырғызған Иле-ди патша (夷列帝) болатын. Бұдан сол кезде қидандардың Қатұнбалық қаласының батысындағы жерлерді әлі де өз бақылауына алып отырғанын, сол себепті Цзин әскерінің олай қарай баруға батылы жетпегенін көруге болады (Су Бэйхай, 2019). Бұл жағдай сол кезде қара қидандардың ықпалының Моңғол даласына дейін жеткенін дәлелдейді.

Қарақидан патшалығының ең солтүстік-шығыс шеті Кем-кемжіттен (谦谦州), яғни, Енисей өзенінің жоғарғы ағысындағы Таңну-Ұраңхай ойпатынан басталып, одан батысқа қарай Обь, Ертіс өзендерінің жоғары жағындағы Алтай таулы аймағын қамтып жатты. Себебі, Елюй Даши астанасын Баласағұнда құрған соң, «сахиаларын Кем-кемжіттен Барысханға (Barskhan) дейін, Таластан (答刺速) Яфинишке (Yafinch) дейінгі жерлерге жіберді» (Джувейни, 1980). Е. Брешнейдердің «Ортағасырлық зерттеулер» (中世纪研究) атты кітабында: бүгінгі «Кім (Kem) өзені немесе Енисей (Yenissey) өзенінің жоғарғы ағысында, жергілікті адамдар өзін Кем деп атаған, ондағы өзен де солай аталған. Өзеннің негізгі бөлігін «ұлық кем» (Ulu Kem) десе, оның саласын «кемшік» деп (Kemchik) атаған, салалық өзен алқабында Кемкемшік (Kemkemchik) деген жер атауы ұдайы кездеседі» (Bretschneider, 1955).

Баласағұнның шығысы Идікүт ұйғырлары, ол Қара қиданға тәуелді. Ендеше, оның шығыс шекарасы Қиданның да шығыс шекарасы болып табылады. Ол жердегі таңғұттар Гуачжоу, Шачжоу аймақтарына дейінгі жерлерді қоса бақылауына алған еді. Яғни, бүгінгі Анси, Дуньхуан аймақтары. «Сун кітабы. Бума- 485. Таңғұттар баянында»: «Таңғұттардың көсемі Ли Юаньхао 1035 жылы (Сун Жэньцзун патшаның цзиню жылнамасының 2-жылы) күні-түні екі жүз күн шайқасып, Цзылоны жеңіп, Гуачжоу (瓜), Шачжоу (沙), Сучжоу (肃) деп аталатын үш аймақты тартып алды», – делінеді [宋史·卷485·夏国传]. Бұл жерде шекара аймақтағы ұйғырлар мен таңғұттардың соғысы айтылып отыр. Идікүт ұйғырларының шығыс жағы таңғұттармен шекаралас, яғни бүгінгі Құмыл, Баркөл, Үбір, Лобнор өңірлері Идікүт ұйғырларының аймағы болған. Олар Бәйтік тауының солтүстігі арқылы Найман тайпасымен шекаралас болса, Лобнордың оңтүстігі арқылы Қарахан мемлекетінің шығысына жалғасып жататын.

Қиданның оңтүстіктегі шекарасы бұрынғы Шығыс, Батыс Қарахан мемлекеттерінің шекарасы болды, себебі бұл екі мемлекеттің екеуі де Қиданға тәуелді еді. Ал Шығыс Қарахан мемлекетінің оңтүстік шекарасы Памир үстірті, Қара Қорым, Алтын тау және Тибет, Ганьчжоу Ұйғыр мемлекетімен шекараласып жатты. Памир үстіртінің оңтүстігі Хиндухш тауларымен шекараласатын.

Демек, Қара қидандардың шет-шекарасы ең кеңейген кездері шығысы Тоғла өзені, батысы Арал теңізі, солтүстігі Алтай тауы, оңтүстігі Хиндукуш және Қара-қорым тауларымен шектесіп жатқанын көреміз. Кейін келе, біраз өзгерістер орын алса да, негізінен шығысы Үбірге, батысы Арал теңізіне, солтүстігі Алтай тауы мен Зайсан көліне, Балқаш көлінің солтүстігін бойлап Сырдарияның төменгі ағысына, оңтүстігі Хиндукуш, Қара-Қорым, Алтын тауға дейін жететін кең аумақты сақтап қалды (Су Бэйхай, 2019).

Қарақидан мемлекеті 1211 жылы Найман мемлекетінің тақ мұрагері Күшлік тарапынан басып алынды. Найман хандығы бұған дейін Қарақидан мемлекетімен тату көршілік қарым-қатынасты болды. Еюй Даши қидандарды бастап батысқа жорық жасағанда да ең алдымен наймандар мен Идікүт патшалығының жерін басып өткен болатын. Найман мемлекетінің гүлденген және күшейген кезі де қара қидандардың Орта Азияда жаңа бір саяси күш ретінде пайда болу кезеңімен тұспа-тұс келетін. Сондықтан Қарақидан мен Найман мемлекетінің қатар өмір сүрген кезеңі Орта Азия мен Шығыс Түркістан тарихының XII ғасырдың бас кезінен XIII ғасырдың бас кезіне дейінгі бүтін бір барысын айқындайды. Осы барыста бұл екі хандықтың тарихы бір біріне әсер етіп отырды. Егер наймандар мен Идікүт ұйғырларының араларынан жол беруі және Шығыс Қарахан әулеті Арслан Ибрахимнің шақыруы болмағанда қара қидандардың Орта Азияда үлкен саяси күшке айналуы екіталай еді. 1134 жылы қидандар Баласағұнды алып, Қарақидан мемлекетін құрғаннан кейін, Идікүт ұйғыр мемлекетін

өзінің қоластындағы бағынышты елге айналдырды. Бірақ Найман мемлекеті өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Екі ел арасындағы қарым-қатынастың жақсы жағдайда болуы сауда керуендерінің кедергісіз келіп-кетуіне жағдай жасады. Бұл тұрғыдан Қарақидан мемлекеті Найман мемлекетінің дамып, күшеюіне игі ықпал етті.

Бұл кезде наймандар Гобидің солтүстігінен Алтай тауына дейінгі аралықтағы маң даланың бірден бір егесі еді. Чанчун Чжэнреннің «батысқа саяхат естелігінде» көп жерде оларды мемлекет (国) деп атайды. Мысалы, «мен Чжунлу (仲祿) осы жылдың мамыр айында Найман мемлекетінің ордасында қаған (Шыңғыс ханды айтады-авт.) жарлығын тапсырып алдым», – дейді. Найманның шет шекарасы «Алтын тау (Алтай), Қарақорым таулары, Елу-сала таулары, Ертіс көлі (Зайсан көлі), Ертіс өзені, сондай-ақ осы өзен мен Қырғыз арасындағы таулы аймақтарды қамтитын. Солтүстік шеті Қырғызға, шығысы Керейге, оңтүстігі Ұйғырға, батысы Қаңлыға жететін» (d'Ohsson, 1962). Демек, наймандардың шет-шекарасы Орхон өзенінің батысынан Ханғай тауы арқылы Алтай тауының оңтүстігі мен солтүстігіне және Зайсан көліне, солтүстігі Қырғыз елінен, оңтүстігі Жоңғар ойпаты арқылы Ұйғыр жеріне дейін созылып жататын. Бұл аймақтар тарихи тұрғыдан Түркістанның бір бөлігі болып табылады. Өйткені онда ата-бабасынан бері түркі халықтары қоныстанып келді. Онсыз да, бүгінде бұл аймақтың бір бөлігі Шығыс Түркістанға қарайды.

Демек, Қарақидан үстемдігінен Шыңғыс ханға дейінгі кезде де Орта Азия мен Шығыс Түркістан бүтін бір тарихи үдеріс аясында өмір сүрді. Осыдан соң іле-шала келген Моңғол үстемдігі бұл екі аймақты тұтас бір империяның ауқымына тоғытып жіберді. Шыңғыс хан дүниеден өтпей тұрып бағындырған жерлерінің барлығын өз балалары мен туыстарына бөліп берді. Моңғолдардың салты және ғұрып-әдеті бойынша әкесінің түпкі қонысына одан туған кенже ұл ғана ие болып қалатын» (Рашид ад-Дин, 1986). Шыңғыс хан Хорезмге жорық жасаудың алдында оның сүйікті ханымы Иесуй одан мұрагерлік туралы сұрайды. Шыңғыс хан балаларының арасынан үшінші ұлы Өгедейді өзіне мұрагер ретінде таңдайды. Өйткені Жошы мен Шағатайдың арасындағы келіспеушілік келешекте империяның бүтіндігіне кері әсерін тигізуінен алаңдайды. Бұл ретте екінші ұлы Шағатай да Өгедейдің кандидатурасын қолдайды. Жошы болса, бауырлар арасындағы береке-бірлікті ойлап Шыңғыс ханның шешімімен келіседі. Төрт ұлының кенжесі Төле болса ұдайы Өгедейдің қасында жүріп оған қолқанат болуға ант береді.

А. Жувеинидің жазуынша Шыңғыс хан үлкен ұлы Жошыға Қыпшақ даласы мен Сырдарияның төменгі сағасы, Хорезм аймағын, шығыста Ертіс өзені бойына дейінгі жерлерді бөліп бергенде, Шағатайға Ұйғыр жерінен Самарқант пен Бұқараға дейінгі өңірлерді береді. Ордасын Іле бойындағы Алмалық маңындағы Құяс деген жерге орнықтырады. Бұл иеліктер көлемі жағынан бұрынғы Қара Қидан мемлекетінің аумағымен қарайлас келетін. Яғни, үлкен Жетісудан Мәуереннаһрге дейінгі жерлер. Рашид ад-Дин Шыңғыс ханның Шағатайға бөліп берген бұқарасының ішінде Барлас, Жалайыр, Арлат, Сұлдыс секілді ру-тайпа болғанын жазады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазуынша олардың қатарында Дулаттар да болған. Қытай ғалымы Ван Чжилай Шағатайдың иелігі наймандардың көне қонысы Алтай тауынан Әмударияға дейінгі жерлерді қамтиды дейді (Ван Чжилай, 2004). Ф.Г. Склайн мен Э.Д. Росс тіпті Қашқардың бір бөлігі мен Мәуереннаһрдегі Бадахшан, Балх, Ғазна секілді жерлер де Шағатайдың иелігінде болған дейді (Ross and Skrine, 1899).

1226 жыл Шыңғыс хан таңғұттарға қарсы қол бастаған кезде, Шағатай Моңғолдың таған ордасын күзетіп Қарақорымда қалды. Шыңғыс хан қайтыс болған соң, 1229

жылы күзде ұлдары мен қыздары, түмендік, мыңдық нояндары Керулен өзенінің Көде аралында ұлы құрылтайға жиналып, Өгедейді хан көтерді.

Шағатай мен інісі Өгедейдің қарым-қатынасы бұрыннан жақсы еді. мемлекеттік маңызды мәселелерде Өгедей ылғи да Шағатайдың ақыл-кеңесін алып отырды. Шағатай інісі Өгедейді ұлы хандыққа көтерген соң, империяға ортақ Йасақ заңына бағынып, орталық билікке салық төлеп тұрды. Ол Батумен ақылдасып Орта Азия мен Шығыс Түркістанның және Қыпшақ даласының барлық аумағында ат бекеттерін (өртендерді) құрды. Шөл далалардан құдық қазып, малшылардың көшіп-қонуына, малтабындарына жағдай жасады.

Кейін келе Шағатайдың Жетісу мен Мауереннахрде толық тәуелсіздікке ұмтылу амбициясы пайда болды. Ислам авторы Әбу Омар Осман әл-Жузжани Өгедей ханды мұсылмандардың досы ретінде мадақтап, Шағатайды қатыгез, жауыз билеуші ретінде сипаттайды. Себебі, бұл кезде Шағатай ислам дінін қабылдамаған әрі әкесі Шыңғыс ханның еркімен Йасақ заңына жүгінетін еді. Бұл жағынан ол әкесінің өсиетін орындап, оның рұқсатынсыз және кеңесінсіз ешқандай бір істі бастамайтын. Оның тілекші жұлдызы даңқты билеушінің ерік-жігері көтерілетін жерден басқа еш жерде жарқырамайтын» (Тулибаева, 2014).

1269 жылы Барақ пен Хайду Талас өзені бойында құрылтай өткізіп, өздеріне қарасты иеліктерді бөлді. Хайдудың кезінде, Жетісу мен Мауереннахрде Шағатай әулетінің билігі әлсіреп, Хайду аймақтағы жетекші күшке айналды.

Шыңғыс хан тірі кезінде үшінші ұлы Өгедейге Еміл өзені мен Тарбағатай тауының оң-сол қапталындағы ұлан-байтақ даланы, Сауыр тауынан қара Ертіске дейінгі жерлерді бөліп берді. Ол ұлы хан болып ұлықталған соң, Қарақорымға көшіп барды. Бірақ қайтыс болған соң, Ертіс өзенінің жоғарғы саласына жерленді делінеді. Оның иеліктері батысында Жошы ұлысымен, оңтүстік-батыста Шағатай ұлысымен шекараласып жатты. Р. Груссе (1989) Өгедейдің иелігі Ертіс өзені мен Еміл өзендерінің бойындағы жайылымдар, Тарбағатай тауының айналасындағы үлкен Алтай тауы, Балқаш көлінің аралығындағы қоныстар, бұрынғы Найман мемлекетінің оңтүстік-батыс бөлігі дейді.

1229 жылы күзде Өгедей Керуленнің Көде аралында бүкіл моңғолдардың ұлы құрылтайында хан көтерілді. Құрылтайға қатысқан моңғол ақсүйектері хандық орын бұдан былай мәңгі-бақи Өгедейдің үрім-бұтағына тәуелді болады, басқа ағайындарының ұрпағына берілмейді деген пәтуға келді. Өгедей тақта отырған кезінде Еміл өзенінің бойы оның үлкен ұлы Күйіктің басқаруына берілді. Екінші ұлы Көденге Тибетпен шекарадағы Батыс Қытай жерлері (Хэси дәлізі) тиді.

Өгедейдің күнінен туған алтыншы ұлы Қадан (Хедан) Шығыс Түркістандағы Бесбалықты иеленді. Өгедейдің тағы бір күнінен туған жетінші ұлы Мелик (Миели) Ертіс өзені бойындағы жерлерді басқаруына алды. Қайду Алмалықтан солтүстік-батысқа қарай, Еміл мен Іле өзендерінің аралығындағы Қойлықты иеленді. Өгедейдің төртінші ұлы Қарашардан туған немересі Тұтақ Еміл өзенінің бойына жіберілді. Өгедейдің екінші ұлы Көденнің ұлы Мөңгетү (Менгеду), Өгедейдің әйелімен бірге Көденнің иелігінің батысындағы жерлерді қоныстанды (Biran, 1997).

Мөңке таққа отырған соң, Өгедей әулетінің ықпалы әлсіреді. Өгедейдің Қашыннан туған немересі Хайдудың иелігі тек қазіргі Талдықорғанның Қойлық маңындағы жерлермен ғана шектеліп қалды. 1265 жылы Моңғол империясының үш үлкен тағанының

хандары – Иранды билеп тұрған Құлағу, Қыпшақ даласының ханы Берке, Шағатай ұлысының ханы Алуха арт-артынан қайтыс болды. Хайду осы орайдан пайдаланып өзінің ықпал күшін кеңейтуге тырысты.

1269 жылы Хайду мен Барақ екеуі Талас өзені бойында құрылтай өткізіп, бірнеше маңызды мәселелер бойынша маңызды шешім қабылдады. Бұл тарихта Талас құрылтайы деп аталды. Құрылтайды Хайду басқарды. Бұдан алдын, Хайду Барақты жеңгеннен кейін, ұдайы Талас өзені бойын өрлеп-құлдап көшіп-қонып жүрген болатын. В.В. Бартольд (1943) оның қабірінің Шу мен Іле өзендерінің арасында болғанына негізделіп, ордасының Жетісуда болғанын жазады. Демек, Шу, Талас өлкесі Хайдудың ерекше ұнатқан және көп уақыт тоқтаған жері. Сол себептен, ол бұл өлкені өзінің саяси билігінің орталығы ретінде қарады әрі кезекті құрылтайды да осы жерде өткізді. Құрылтайға Қазақ даласы мен Мауереннахрдегі, Қыпшақ даласы мен Еділ бойындағы Шыңғыс тұқымдары түгел қатысты. Келісім бойынша, Мәуереннахрдегі аймағының 2/3 бөлігі Бараққа, 1/3 бөлігі Хайду мен Қыпшақ ханы Мөңке-темірге тиесілі болды (Энхчимэг Цэндмаа, 2017).

Құрылтайдың басты мақсаты Хайдудың басшылығында Құбылайлық Юань мемлекеті мен Құлағулық Илхан мемлекетіне қарсы бірыңғай одақ құру, Өгедей әулетінің мұрагерлік құқығын қалпына келтіру және оны орнықтыру болды. Бұл одақтың қоғамдық-әлеуметтік негізі көшпенді өмір салтын сақтау, отырықшылануға және жаппай ди-ханшылыққа бет бұру үрдісіне тоқтау салу еді. Сол үшін Хайду Барақпен келісімге келді және оның ықпал күші мен иеліктерін барынша тежеді. Құрылтайға қатысқан моңғол нояндары мен хан-төрелері де бір-бірімен айнымас анда болып, Хайдуды бір ауыздан ұлы хан деп жариялады. Бұл жағдай Шыңғыс хан құрған Моңғол империясының ыдырауға бет алғанын, Ханбалықтың тұтас империяның саяси өміріндегі орны мен рөлі әлсіреп, оған балама екінші бір орталықтың Қазақ жерінде құрылғандығын көрсетеді. Осы негізде империяның батысында Хайду, Жошы және Моғолстан мемлекеттері пайда болды. Хайду мемлекеті Талас өңірін орталық етіп Жетісудан Сырдарияға дейінгі Қазақ жерін 32 жыл бойы билеп-төстеді.

1306 жылы Алмалық маңында шақырылған құрылтайдан соң билік Өгедей әулетінен Шағатай әулетіне қайтадан ауысты. Бұрындары Хайдуға тиесілі болып келген жерлердің бәрі Шағатай әулетіне қарады. Шағатай әулеті Дуваньң ұлы Есен-бұға 1321 жылы жергілікті дулаттардың көмегімен хандық таққа шыққан соң, ордасын Іледегі Алмалыққа тікті, әрі өз иелігін Шығыс Шағатай хандығы деп аталды. Әдеттегі тарихи деректерде оны Моғолстан деп атайды. Оның қол астына Балқаш көлінің шығысындағы Жетісу аймағы, Жоңғар ойпаты, солтүстігінде Ертіс бойына дейінгі ұлан-ғайыр жайылымды алқаптар, сондай-ақ, Ыстықкөлдің шығысы, Тянь-Шаньның күнгейіндегі Тарым ойпатының көгалды алқаптары кірді. Соның ішінде Тұрфанның батысынан Ферғананың батысына, солтүстікте Ыстықкөлге, шығыста Қашқар мен Яркенге (沙车), Қотанға дейінгі аймақтар сол кезде Маңғылай – сүбе (күнгей, күнгей өлкелер) деп аталды (Су Бэйхай, 2019). Тарихи деректерге негізделгенде, Моғолстан хандығының тұрғындары негізінен қазақтың ертедегі Дулат, Қаңлы, Үйсін, Керей, Арғын, Арлат, Барлас, Бұлақ тайпалары еді. Осы тайпалардың ішінде, Дулат пен Қаңлы Моғолстан хандығындағы жан саны ең көп тайпалар болып, негізінен Шу және Іле өзендерінің алқабы мен жалпы Жетісу өлкесін мекендейтін. Шағатай өмірінің соңғы кезінде, осы жерлерге үстемдік орнату үшін, оны дулат ақсүйегі Ұртүбке сыйлаған еді. Нәтижесінде, көптеген дулат ақсүйектері Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі Тарым алқабына барып қоныстанды. Есен-бұға Алмалықта Шығыс Шағатай хандығын қайта құрумен айналысып жатқан кезде, Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі дулаттар Болатшы бастаған

және Тулақ бастаған екі тармаққа бөлінген болатын. Ақсуды орталық етіп, шығыста Тұрфан ойпатына, батыста Ыстықкөлге, оңтүстік-батыста Маралбасыға (巴楚) дейінгі жерлер Болатшы әулетіне тиесілі болса, Қашқарды орталық етіп, шығыста Чэршенге (且末), Қотанға, Ерчанге (叶尔羌)⁴, батыста Ферғананың батыс бөлігіне, оңтүстікте Қарақұрым тауы мен Бадахшанға дейінгі жерлер Тулақ әулетіне қарап тұрды. Есенбұға Моғолстанның бірінші ханы болғаннан кейін, Тянь-Шань тауының күнгейіндегі жерлер жалғасты түрде Дулат ақсүйектерінің басқаруына берілді. Дулаттардың Шағатай және оның әулеті кезінде игіліктенген ерекше құқықтары мұрагерлік жолымен беріліп отырды. Сөйтіп, бұл дәстүр тұтас Шағатай-Моғолстан хандығының тарихымен бірге жасасты. Шағатай әулеттері билеген Балқаш көлінің шығысы мен оңтүстігіндегі Қазақ жерлері дулат ақсүйектерінің өріс-қонысы болса, Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі Тарым алқабы да дулаттан шыққан Болатшы әулетінің иелігінде болды. Бұдан, Шағатай ұлысы және кейінгі Моғолстан мемлекеті кезінде олардың территориясы Орта Азия мен Шығыс Түркістанды толығымен қамтып жатқанын көреміз. Яғни, осы кезде аталған аймақ тұтастай Шағатай әулетінің және оған жәрдемші болған қазақ руларының басқаруында болған деуге толық негіз бар.

Қорытынды

Кейінгі кезде Моғолстан ханы Есен-бұғаның кезіне келгенде, бұрындары Шағатай ұлысына тән болған жерлерді өз қол астына біріктіру оған оңай бола қойған жоқ. Сондықтан, Керей, Жәнібек хандар қазақ ру-тайпаларынан 200 мың адамды бастап Моғолстан шегіне көшіп келген кезде, Есен құшақ жая қарсы алып, оларға Шу бойынан өріс-қоныс берді. Сөйтіп, 1465 жылы Керей хан басшылығындағы Қазақ хандығы құрылды. Демек, Орта Азия мен Шығыс Түркістан тарихи-географиялық тұрғыдан бөлінбес, біртұтас аймақ. Сондықтан, мейлі ерте заманда немесе ортағасырларда болсын бұл екі аймақтың қайсы бірінде туылған оқиғаны сол аймақтың өзімен ғана шектеп қойсақ, онда тарихтың бүтін болмысы, географиялық кеңістігі, себеп-салдары ашылмайды. Арысы Түркі қағанаты, берісі караханидтер мен қарақидандар, одан соң іле-шала келген моңғол шапқыншылығы және оның салдарынан құрылған Шағатай және Жошы ұлыстары, Моғолстан мемлекеті, міне осылардың барлығы аталған екі аймаққа тең әсер еткен оқиғалар. Мұнда айырықша атап өтуге тиісті мәселе бүгінгі таңда ұлттық тарихнамада Жошы ұлысының баса дәріптеліп, Шағатай мен Өгедей ұлысының қағыс қалып жатқаны. Яғни, Жошы ұлысын ғана дәріптеп, онымен бір уақытта қазақ жерінің шығысында пайда болған Шағатай және Өгедей ұлыстарын айтпау басқа елдер тарапынан болып жатқан қандайда бір «Қазақстанның жері сырт мемлекеттер тарапынан сыйға тартылған», немесе, «Балқаш көлінің шығысы мен оңтүстігі Қытайдың жері болған» дейтін сандырақтарға тарихи-географиялық тұрғыдан негіз жаратып береді. Шын мәнінде Жошы ұлысымен қатар Шағатай және Өгедей ұлыстары да түгелімен қазақтың байырғы этно-мәдени кеңістігінде құрылған.

⁴ Қазіргі Яркен, яғни Шачэ (沙车).

Қысқарған атаулар:

ХШ, СЧ – Ханшу, Сюнну чжуань (Хан кітабы. Ғұндар баяны)
СТШ – Синь Таншу (Жаңа Тан кітабы)
ЦТШ – Цзю Тан шу (Көне Тан кітабы)
БШ – Бэйши (Солтүстік әулеттер тарихы)
ЦФЮГ – Цэфу-Юаньчуй
ДТСЮЦ – Да Тан Сиюцзи (Ұлы Таң патшалығының Батыс өңір естеліктері)
ЦЧТЦ – Цзычжи-Тунцзянь
ЦСДЦ – Цзя Дань Сыдаоцзи (Цзя Даньның Төрт бағытты жол туралы естеліктері)
ДССЦ – Ду Хуань Сисинцзи (Ду Хуаньның Батысқа саяхат естеліктері)
ЦФЮГ ВЧБ – Цыфуюаньгуй
СТШ ДЧ – Син Таншу Диличжи (Жаңа Тан кітабы. Жағырапия баяны)
СШ СЮЧ – Суйшу Сиюэчжуан (Суй кітабы, Батыс өңір баяны)
СТШ СЮЧ – Син Таншу. Сиюэчжуань (Жаңа Тан кітабы. Батыс өңір баяны)
ХШ СЮЧ – Ханшу Сиюэчжуань (Хан кітабы. Батыс өңір баяны)

Деректер:

Bailey, H.W. (1969) *Khotanese Texts I–III*. Edited by H.W. Bailey. London, Cambridge University Press. 568.

Barthold, V.V. (1962). *Four studies on the history of Central Asia*. Translated from Russian by Vladimir and Tatiana Minorsky, Leiden, Brill, 28. (巴尔托里德著. 土耳其斯坦简史//中亚史四论», 英译本. 第 28 页).

Biran, M. (1997). *Qaidu and the Rise of the Independent Mongol State in Central Asia*. Curzon Press, Richmond, Surrey. 198.

Bretschneider, E. (1955). 布菜资须纳德. 中世纪研究. 梁国东译注. 中华书局. 第 101–102.

De Goeje, M.J. (1879–1884). *Abu Djafer Mohammed ibn Djarir at-Tabari. Tārīkh al-rusul wa-al-mulūk*. E.J. Brill.

d'Ohsson, A.C. (1962). *Histoire des Mongols, depuis Tchinguiz-Khan jusqu'à Timour Bey, ou Tamerlan (多桑蒙古史)*. 冯承钧译. 中华书局. 43.

Grousset, R. (1989). *L'empire Mongol (Мэньгу диго ши)*. Пекин, Шан-у иньшугуань, 230

Herrmann, A. (1910). *Die alten Seidenstrassen Zwischen China und Syrien*. Berlin, Buch II, 387.

Hrozný, B. (1949). *Nejstarší dějiny Přední Asie. Indie a Kréty*, Praha, 254.

Mackinder, H.J. (1904). *The Geographical Pivot of History*. *The Geographical Journal*, 23(4), 421–437.

Rice, T.T. (1965). *Ancient Arts of Central Asia*. New York, 291.

Wittfogel, K.A., Feng Chiasheng (1949). *History of Chinese Society*, Liao. Philadelphia, 621–622.

Ross, E.D., Skrine, F.H. (1899). *The Heart of Asia: A History of Russian Turkestan and the Central Asian Khanates from the Earliest Times*. London, 160 (<https://www.gutenberg.org/files/57750/57750-h/57750-h.htm>).

Samolin, W. (1964). *East Turkistan to the Twelfth Century: A Brief Political Survey*. London, 69–77.

Sinor, D. (1987). *Inner Asia: A Syllabus (Indiana University Uralic and Altaic Series. Volume 96)*. 3rd edition Research Institute for Inner Asian Studies, Indiana U. Res Ctr.

Skrine, F.H. (1899). *The heart of Asia: A history of Russian Turkestan and the Central Asian Khanates from the Earliest Times*. London, Methuen, 444.

Stein, M.A. (1936). *西域考古记 Series of Western Regions Exploration*. ауд. Сян Да向达译. 中华书局. 260.

Бартольд, В.В. (1943). *Очерк истории Семиречья*. Фрунзе, Киргизгосиздат, 43.

Бартольд, В.В. (1963). *Сочинения*. Т. I. Москва. 245

Бартольд, В.В. (1981). 维. 维. 巴尔托里德. Орта Азияның қысқаша тарихы 中亚简史 (Гэн Шимин ауд. қытайша нұсқасы). Үрімжі, 168.

Вамбери, А. (1873). *История Бохары или Трансоксании с древнейших времен до настоящего*. Том I., СПб. 274.

Ван, Чжилай (2010). 王治来. Орта Азия тарихы. 中亚史. 北京: 人民出版社. Пекин, Халық баспасы. 83, 105, 112.

Ван, Чжилай (2004). 王治来. Орта Азия тарихы. I т. 中亚通史. 古代卷. 上. 新疆人民出版社. Үрімжі, Шыңжаң халық баспасы. 3, 264, 292, 310, 57, 25, 158.

Го Пинлян (1988). 郭平梁. Түркеш Сүлік қаған баянына толықтырулар突骑施苏禄传补阙. Шыңжаң гуманитарлық ғылымы. 新疆社会科学. 乌鲁木齐. №4, 55-56.

Гумбольдт, А.Ф. (1915). Центральная Азия. Исследования о цепях гор и по сравнительной климатологии. Москва, 618.

Джувейни, А. (1980). 志费尼. Дүниені бойсындырушының тарихы 世界征服者史.上册. 何高济译. Көкход. 呼和浩特. 内蒙古人民出版社. 417-418.

Ду, Хуан (2005). «Сисинци» (Батысқа саяхат жазбалары) (ДССЦ), 39-46.

Қытай тарихы үлкен сөздігі (2000). 中国历史大辞典.第一版.上卷. I том. Шанхай 上海: 上海辞书出版社. 971.

Қытай Үлкен Энциклопедиясы (2009). 中国大百科全书 (第二版). 第24卷. 北京: 中国大百科全书出版社. Том 24. Пекин: Қытай ғылым және технология университетінің баспасы. 141.

Матсуда Х. (1987). 松田寿男. Ежелгі Тянь-Шаньның тарихи-географиясы туралы зерттеу (ауд. Чэн Цзюньмо 陈俊谋 古代天山历史地理研究), 北京: 中央民族学院出版社. 475.

Рашид ат-Дин (1986). Шици (Жамиғ ат-Тауарих), II т., Юй Дацзюнь, Чжоу Цзяньци ауд. Пекин, 5.

Синь Таншу (Жаңа Тан кітабы) СТШ (2012).

Су Бэйхай (2019). Қазақтың жалпы тарихы. II том. Қазақ ұлтының дамуы. Ауд. Т.З. Қайыркен. Алматы, Асыл кітап. 162, 171, 424.

Суань Цзан, Да Тан Сиюци (2012). (Ұлы Таң патшалығының Батыс өңір естеліктері) ДТСЮЦ.

Тулибаева Ж.М. (2014). Упоминание о правлении Чагатай-хана: извлечение из «Улус-и арба-йи Чингизи. Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. № 5. Алматы, 216-222.

Хуан Вэньби (1948). Лобнордағы археологиялық экспедиция күнделіктері. 黄文弼. 罗布诺尔考古记国立北京大学. 57.

Цзичжитундянь (2011). (Билік ғыбыратнамасы) ЦЧТЦ.

Цзя Дань (2005). «Сыдаоци» (Төрт бағыттағы жол жайында естеліктер) ЦСДЦ, 47-57.

ЦТШ (2012). Цзю Тан шу (Көне Тан кітабы).

Цыфу-Юаньгуй (2020). Цэфу-Юаньчуй (ЦФЮГ).

Энхчимэг Цэндмаа (2017). Взаимоотношения Чагатайского улуса и Золотой Орды. Золотоордынская цивилизация. №107, 152-55.

广弘明集(四库全书本)/卷07 – 维基文库, 自由的图书馆 <https://zh.wikisource.org/zh-hans>
通典, 卷185. 边防类总序自注: <https://www.xuetangshi.com/gujiv/2421.html> (Қаралу уақыты: 15.04.2024).

ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКАЯ СВЯЗЬ СРЕДНЕЙ АЗИИ И ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА

Турсынхан КАЙРКЕН¹

*¹Кафедра востоковедения факультета международных отношений
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
e-mail: kairkentz@mail.ru*

Аннотация. В статье рассматривается связь Средней Азии и Восточного Туркестана с историко-географической, историографической и источниковедческой точек зрения. Историю и географию Средней Азии нельзя рассматривать отдельно от окружающих регионов. В частности, как исторически, так и географически, Средняя Азия тесно связана с Восточным Туркестаном. Географически, Среднюю Азию и Восточный Туркестан разделяют такие природные формы рельефа, как Памир, Тянь-Шань, Джунгарский Алатау, Бирликтау и Тарбагатай. Тем не менее, эти два региона соединены перевалами, долинами, реками и равнинами. Климатические зоны, растительность и фауна этих двух регионов схожи. Народы, проживавшие здесь, также очень близки друг другу по национальному самосознанию, языку, менталитету, образу жизни и экономическому укладу. В результате постоянного расселения и циклической миграции автохтонных народов в приграничных районах стран Средней Азии и Китайского Восточного Туркестана сформировались отдельные этносы (ирреденты), т.е. трансграничные народы (казахи, кыргызы, таджики). Более того, эти два региона уже давно стали связующим звеном в торгово-экономических, культурных и духовных отношениях Запада и Востока. Также, крупные события, происходившие в одном из них, так или иначе затрагивали соседний регион и рассматривались в рамках целого исторического процесса. Все приезжавшие сюда послы, путешественники и военные миссии единообразно описывали историю и географию этих двух регионов. Поэтому, изучая историю и географию Средней Азии, мы не можем обойти восточно-туркестанский фактор. В статье сделан анализ межрегиональных древних связей, уделяя особое внимание географическим особенностям Средней Азии и Восточного Туркестана. Были проанализированы их масштабы, характер, направление. Затем на основе древних связей были изучены отношения средневековья. Таким образом, Средняя Азия и Восточный Туркестан представляют собой единое географически-историческое понятие.

Ключевые слова: Средняя Азия, Восточный Туркестан, Тянь-Шань, Таримский бассейн, Джунгария, Семиречье, историческая география, Шелковый путь, торговые караванные пути, перевалы.

**PAMPHLET "TURKISTON" BY THE USMAN KHOJHA:
AN IMPORTANT SOURCE FOR STUDYING THE HISTORICAL
GEOGRAPHY OF THE COUNTRY**

Mashhura A. DARMONOVA ¹ (ORCID ID: 0009-0008-1223-1339)

¹*Faculty of Social Sciences, Tashkent Institute of Economics and Pedagogy
Tashkent, Uzbekistan
e-mail: mashxura.darmonova@gmail.com*

Abstract. Artistic, scientific works and articles were created by our compatriots who remained abroad as a result of the repressive policy of the Soviet authorities. These publications promoted the ideas of reducing the influence of Soviet power in Turkestan and fighting for national liberation. This article analyzes the pamphlet "Turkestan" of the son of Osman Khoja from Bukhara Jadids.

Keywords: Usman Khoja, Turkestan, history, policy of repression, modernity, historical geography, population, Syrdarya, Amudarya, Zarafshan, Aral Sea.

**ОСМАН ҚОЖАҰЛЫНЫҢ «ТҮРКІСТАН» ПАМФЛЕТІ
ЕЛДІҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ КӨЗІ**

Машхура А. ДАРМОНОВА¹

¹*Әлеуметтік ғылымдар факультеті,
Ташкент экономика-педагогика институты
Ташкент, Өзбекстан
e-mail: mashxura.darmonova@gmail.com*

Аңдатпа. Кеңес өкіметінің қуғын-сүргін саясатының салдарынан шетелде қалған қандастарымыздың қолынан көптеген көркем, ғылыми еңбектер мен мақалалар шыққан. Бұл басылымдар Түркістандағы Кеңес өкіметінің ықпалын азайту және ұлт-азаттық үшін күрес идеяларын насихаттады. Автор мақалада Бұқара жәдиттерінен шыққан Осман Қожа ұлының «Түркістан» атты кітапшасын талдайды.

Түйін сөздер: Осман Қожаұлы, Түркістан, тарих, қуғын-сүргін саясаты, қазіргі заман, тарихи география, халық, Сырдария, Әмудария, Зарафшан, Арал теңізі.

The Bolshevik administration established after the fall of Czarist Russia in 1917 continued the same strategic practice. They divided Turkestan into east and west and started a new strategy of violence, the policy of Russification of "Turkestan". Also, the changes made against the interests of society in the political, spiritual, economic and social spheres met with strong opposition from the people, and in order to overcome this opposition, the Bolsheviks implemented a policy of repression based on coercion.

The established administrative-command system and its leading core, the Communist Party, used a moderate-administrative order, a method of psychological pressure, and intensified political repression. A significant part of the intellectuals who could not accept this invasion acted against this situation. As a result, many writers, journalists and teachers became victims of repression, many of them were shot. Another part was exiled to remote labor camps, and many were forced to leave their countries (Darmonova, 2023: 120–188).

Purpose and mission: Usman Khoja (Usmonxo'ja Po'latxo'jayev) was born in 1878 in Bukhara. He first studied at a school in the city of Bukhara, then at a madrasa. In March 1909, Usman Khoja was sent to Bogchasaroy (Hayit, 1975: 270–272) and Istanbul (Naim, 1968: 18) under the auspices of "Shirkati Bukharai Sharif" society, which was formed by Bukhara intellectuals, businessmen and merchants in order to provide financial support to modern schools. In 1913, he returned from Turkey and opened a Jadid school in his home (Saray, 2001: 342–344).

On May 31, 2024, the decision of the President of the Republic of Uzbekistan "On the establishment of the State Museum of the Heritage of Jadids" was adopted. According to the decision, the state museum "Heritage of Jadids" will be established in the Khovli Poyon complex in Bukhara, that is, in Osmankhoja's house¹.

As a result of the repressive policy of the Soviet authorities, Usman Khoja's son was forced to go abroad in 1922. He lived in Afghanistan, India, Turkey, Poland and Iran and fought for the freedom of Turkestan even though he was abroad until the end of his life (Andican, 2020: 248–251).

It is aimed to cover the life of Usman Khoja in Afghanistan, India, Turkey, Poland and Iran and his Turkestan treatise in comparison with other sources (Kocaoğlu, 1997: 14; Andican, 2006: 15; Kochar, 2023: 296). The main task is to identify relevant sources, translate and publish the identified sources (Kochar, n.d.).

Today, Turkish archives and libraries, as well as private archives, have a number of sources related to the history of Turkestan, which cover the social, economic and cultural life of different periods. These sources are important in studying the history of the Uzbek people and statehood. Among them, the pamphlet "Turkestan" written by Usman Khoja has a special place.

¹ Ўзбекистон Республикаси Президентининг "Жадидлар мероси давлат музейини ташкил этиш тўғрисида"ги ПҚ-201-сон қарори. Қабул қилинган сана 30.05.2024. Кучга кириш санаси 31.05.2024.



Figure 1. Pamphlet "Turkestan"

Methodology: The pamphlet "Turkestan" by Usman Khoja was compared with other archival sources and press materials. Also, this article was prepared based on internal and external analysis of the source.

Results and comments: The pamphlet "Turkestan" by Usman Khoja was published in Turkish in 1936 by the Turkic youth union of Turkestan in the "Usmonbey" printing house of Turkey. The pamphlet consists of 15 pages, which includes time, space and history, the regions of Turkestan Turkic youth, the population of Turkestan, the origin of Turkestan, the period of its entry into world history, the term "Turkestan", the Turkic culture of Turkestan, the borders and geography of Turkestan information is provided.

Turkestan Turkic Youth Union is a conscious organization that is obliged to carry out actions and activities that can always stay afloat in order not to drown in the world of new consciousness and changes. This organization researched and examined the connections between the past and the future in the cultural world. In 1935–1936, the conferences

held by the Turkestan Turkic Youth Union were devoted to the history of Turkestan. The brochure "Turkestan" was published in order to arouse the interest of other people with these conference lectures. At the beginning of the work, a foreword was written by the Union of Turkic Youth of Turkestan, in which the purpose of publishing the brochure and future plans were described:




Figure 2 Foreword

The author emphasized that Turkestan Turkic youth have a wide field of activity, they are active in an area of 5,300,000 kilometers and 30 million inhabitants, and compared it to the territory of the neighboring brotherly Turkic and Islamic countries and the number of people living in them (Kocaoğlu, 1936: 6):

Table 1

The territory and population of Turkestan, neighboring Turkic and Islamic countries

State name	Territory	Population	Number of people per km2
Afghanistan	650 000 km2	8 000 000	12 people
Iran	1 645 000 km2	10 000 000	6 people
Turkey	747 000 km2	16 188 000	21 people
Iraq	500 000 km2	3 200 000	2 people
Hijaz and Nejit	1 675 000 km2	2 200 000	1 people
Total	5 217 000 km2	39 588 000	7,7 people
Turkestan	5 300 000 km2	30 000 000	5,6 people

The settlement of peoples in Turkestan depends on the natural conditions of the country, the population of the desert and mountainous regions is very small, on the contrary, the population of its other regions is much denser than the central part of Europe. The most densely populated regions of Turkestan are Fergana, Zarafshan, Khorezm (Khiva) and Syrdarya oasis regions. For example, Fergana and Zarafshan regions had 182 people per kilometer, which was equal to the population of England or Western Europe at that time. In Khorezm (Khiva) regions, there were 51.7 people per kilometer, and in Syrdarya regions, 34.6 people (Kocaoğlu, 1936: 6–7).

In addition, the author paid attention to the relations between the Turkestans and the Turkic people and noted that it is the culture of Turkestan that unites these peoples. People such as Afrosyab, Abumuslim Khurasani, Temur, Shaybani Khan, Gorogli, Boz oglu are glorified as national heroes in the folk literature of Turkestan.

As Usman Khoja defines the term "Turkestan", this term was originally used by the neighboring tribes as "the land of Turkic tribes". It was first introduced into the literature in the 9th century by an Arab geographer. At that time, the name Turkestan was applied to the area north of Movaroonnahr and between China and the Islamic world. The Zoroastrian sect was born and spread widely in this area (Kocaoğlu, 1936: 8).

Information about the economic life of Turkestan is also given in this work. In particular, with the development of metal and weaving arts in Turkestan, silk and cotton textile goods, metal industry, especially Fergana weapons became very popular in the Islamic world. Soap and other products were sent from the city of Termiz for sale to neighboring countries. Bukhara is known for its fine fabrics, carpets, brass saddles, oil and wool. It was specially emphasized that the invention of paper by the people of Samarkand saved mankind from the trouble of writing on papyrus, and that this is the Turkic culture of Turkestan (Kocaoğlu, 1936: 9).

According to Ptolemy, a Greek scientist who lived in the 2nd century AD, and Arab geographers in the 9th century, Turkestan was divided into eleven regions:

- 1 – Hirkania: the place called Jurjan or Gurgan. This is the southwestern corner of Turkestan.
- 2 – Khorezm: present-day² Khiva, located near the lower reaches of the Amudarya.
- 3 – Sogdiana: Upper parts of Zarafsh,

² The 30s of the 20th century are meant.

- 4 – Transaksiyana: lower parts of current Bukhara Zarafshan.
- 5 – Margyana: present-day Marv and Ashgabat region.
- 6 – Arriyana: This is the area of modern Herat and Herirud.
- 7 – Bactria - present-day Balkh province.
- 8 – Inner Scytia: the area between the Aral Sea and the Caspian Sea.
- 9 – Outer Scytia: This is the region of Yettisuv and Dzongaria.
- 10 – Srika: Fergana and Kashghar districts.
- 11 – Ishrusene (Ustrushana): around the present Ora Hill (Kocaoğlu, 1936: 12).

He listed the largest rivers of Turkestan, Amudarya, Syrdarya, Tarim, Ile, Zarafshan, and famous lakes Aral Sea, Balkhash, Issyk Lake, and described these rivers and lakes from a geographical point of view. In particular, Amudarya is 2200 km long, and this river flows into Lake Arol. The ancient Greeks called it Oxus. Another name of this river is Jayhun, which was named by Arabs and Persians. The most important tributaries of Amudarya are Vahsh and Surkhan. Earlier, Zarafshan and Karadarya also flowed into Amudarya. Amudarya, which flows into the Aral Sea, flowed into the Caspian Sea by the end of the 16th century (Kocaoğlu, 1936: 12).

Syrdarya is the result of the confluence of two rivers named "Norin" and "Koradarya". The length of Syrdarya is 2863 kilometers. Zarafshan started from the Turkestan mountain range, which is a branch of the Tianshan mountain range, and flowed westward. Its length was about 600 kilometers.

The Aral Sea is one of the famous lakes of Turkestan, and its surface is 65,781 kilometers below. Because of its many islands, it was called "Island". The deepest part of the island was 70 meters. The island was not always at the same depth. It decreased in 1880–1906 and increased in 1908–1912. In 1917, it began to decline again (Kocaoğlu, 1936: 15).

A map of Turkestan is attached at the end of the brochure.




Figure 2 . Map of Turkestan

Conclusion

In general, studying the lectures and published sources at the conference held by the Turkestan Turkic Youth Union allows us to know how the Soviet authorities wanted to shape Turkestan and the views of the Turkestans on this policy.

The treatise "Turkestan" by Usman Khoja is important as a historical source for the study of the country's historical geography, toponymy, population demography, as well as the social life and economic history of Turkestan during the years of Soviet power.

References:

Darmonova, M. (2023). Those accused of freedom and enlightenment [Ozodlik va ma'rifatchilik uchun ayblanganlar]. History of Uzbekistan, 1, 120–188.

Hayit, B. (1975). Turkestan-Between Russia and China [Türkistan-Rusya ile Çin Arasında]. Otağ Publications. Istanbul.

Naim, O. A. (1968). After Osman Kocaoğlu [Osman Kocaoğlu'nun Ardından]. National Turkestan, 125 A.

Saray, M. (2001). The Aid of the Republic of Bukhara to Turkey during the Years of National Struggle and its President Osman Hodja ["Millî Mücadele Yıllarında Buhara Cumhuriyeti'nin Türkiye'ye Yardımı ve Cumhurbaşkanı Osman Hoca"] SOTA Haarlem.

Andican, A. A. (2020). From Jadidism to Independence Turkestan struggle [Cedidizmden Bağımsızlığa Hariçte. Türkistan mücadelesi]. Istanbul.

Kocaoğlu, T. (1997). "The Place of Old Turkestan in the History of Turkestan Press" Monthly Magazine Serving the Idea of National Independence of Turkestan (1929–1939) ["Yaş Türkistan'ın Türkistan Basın Tarihindeki Yeri" Türkistan Millî İstiklal Fikrine Hizmet Eden Aylık Dergi (1929–1939)]. Ayaz Tahir Turkestan İdil-Ural Foundation, Vol. I, 14–22.

Andican, A.A. (2006). Young Turkestan magazine and Turkestan national movement [Yaş Türkistan Dergisi ve Türkistan Milli Hareketi]. Selected Articles from Ancient Turkestan. Istanbul.

Kocha, C. (2023). National bibliography of Turkestan [Milli Türkistan Bibliyografyası]. Adana.

Kochar, Ch. Personal library. Letters about Osman Khoja's son [Çigatoy Koçar'ın kişisel kütüphanesi. Osman Hoca'nın oğluyla ilgili mektuplar].

Kocaoğlu, O. (1936). Turkiston (Conferences given at the Turkistan Turkish Youth Union) [Turkiston (Türkistan Türk Gençler Birliğinde verilen konferanslar)]. Türkiye, Osmanbey Printing House.

**ПАМФЛЕТ «ТУРКИСТОН» ОСМАНА ХОДЖАОГЛЫ
КАК ВАЖНЫЙ ИСТОЧНИК ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ
ИСТОРИЧЕСКОЙ ГЕОГРАФИИ СТРАНЫ**

Машхура А. ДАРМОНОВА¹

¹*Факультет социальных наук*

Ташкентский институт экономики и педагогики

Ташкент, Узбекистан

e-mail: mashxura.darmonova@gmail.com

Аннотация. Художественные, научные произведения и статьи создавались нашими соотечественниками, оставшимися за рубежом в результате репрессивной политики советской власти. В этих изданиях пропагандировались идеи сокращения влияния советской власти в Туркестане и борьбы за национальное освобождение. В статье анализируется памфлет «Туркестан» Османа Ходжи из бухарских джадидов.

Ключевые слова: Осман Ходжа, Туркестан, история, политика репрессий, современность, историческая география, население, Сырдарья, Амударья, Зарафшан, Аральское море.

NAMES OF CENTRAL ASIAN WATERS IN THE SOURCES (THE FIRST HALF OF XVTH CENTURY)

Зибагул ИЛЪЯСОВА¹ (ORCID ID: 0000-0002-6507-4364)

¹*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультетінің Шығыстану кафедрасы
Астана, Қазақстан
e-mail: zita.08@mail.ru*

Аңдатпа. Мақалада араб дереккөздерінің түрік тілінде ғылыми айналымға енгізуде маңызды рөл атқарған және бұл салада тың туындыларды жарыққа шығарған әйгілі түрік арабтанушысы мен деректанушысы, ислам ғылымдары тарихының білгірі, профессор Фуат Сезгиннің ғылыми мұрасы мен оның маңыздылығы талданған. Ф. Сезгиннің ғылыми еңбектері түрік ғалымдары мен зерттеушілерінің ислам ғылымының тарихына тереңірек бойлауына жол ашқан. Ф. Сезгиннің бай ғылыми мұрасын қазақ тіліне аудару арқылы қазақ оқырманына таныту қазақ ғалымдарының зерттеулері мен қазақ ғылымының дамуына оң ықпал тигізетіні сөзсіз.

Түйін сөздер: Араб деректері, Фуат Сезгин, мұсылман өркениеті, орта ғасыр тарихы, ислам ғылымдары.

FUAT SEZGIN'S CONTRIBUTION AND ROLE IN THE TRANSLATION OF ARABIC DATA INTO TURKISH AND INTRODUCING INTO THE SCIENTIFIC CIRCULATION

Zibagul ILYASOVA¹

¹*L.N. Gumilev Eurasian National University
Department of Oriental Studies, Faculty of International Relations
Astana, Kazakhstan
e-mail: zita.08@mail.ru*

Abstract. The article analyzes the scientific legacy and significance of Professor Fuat Sezgin, a famous Turkish Arabic scholar and data scientist, connoisseur of the history of Islamic sciences, who played an important role in the scientific circulation of Arabic sources in Turkish and published new works in this field. F. Sezgin's scientific works paved the way for Turkish scientists and researchers to delve deeper into the history of Islamic science. F. Introducing the rich scientific heritage of Sezgin to Kazakh readers by translating it into the Kazakh language will undoubtedly have a positive impact on the research of Kazakh scientists and the development of Kazakh science.

Keywords: Arabic data, Fuat Sezgin, Muslim civilization, history of the Middle Ages, Islamic sciences.

Кіріспе

Ислам ғылымының тарихында атақты ғалым, профессор, доктор Мехмет Фуат Сезгин 1924 ж. 24 қазанда Битлистің Қызылмесжид (Инөнү) ауданында дүниеге келген. Әкесі Мехмет Мырза Эфенди 1888 ж. Сиирттің Ширван ауданына қарасты Келмих ауылында дүниеге келіп, 1943 ж. Доғубаязит (Ағры) мүфтиі қызметін атқарып жүргенде қайтыс болған. Ал анасы Джемиле Ханым 1897 жылы Битлисте дүниеге келіп, 1976 жылы 6 наурызда Ыстанбұлда өмірден озған (Үнал, 2020: 14; Доған және Ердоған, 2019).

Ф. Сезгин бастауыш мектепті Доғубаязитта, орта мектепті және жоғары сыныпты шәкіртақының қаржысына Эрзурумдағы интернатта оқыған. 1942 ж. Эрзурум орта мектебінің жаратылыстану бағытын үздік дәрежемен бітірген. 1943 ж. математика мамандығын оқып, инженер боламын деген ниетпен Ыстанбұлға келеді. Бір жақынының кеңесімен Ыстанбұл университетінің Шығыстану институтындағы өз саласының белгілі мамандарының бірі, араб тілін жетік меңгерген неміс шығыстанушысы Хеллмут Риттердің семинарына қатысады. Осы ғалымның және оның семинарының ықпалымен ол өзінің қызығушылығын шығыстануға бағыттайды. Осылайша, өзінің инженер болу туралы мақсатынан бас тартып, Х. Риттердің шәкірті болуға шешім қабылдайды. Уақытты босқа өткізбей, Шығыстану институтына оқуға түсу үшін құжат тапсырып, Ыстанбұл университетінің әдебиет факультетіндегі араб және парсы филологиясы бөліміне оқуға түседі (Ақ, 2019).

Ф. Сезгиннің студенттік кезеңі Х. Риттермен бірге Ыстанбұл кітапханаларының бай қорларын зерттеумен өтеді. Университетті бітірген соң, Дін істері басқармасына қарасты Ыстанбұл мүфтиятында хатшы болып еңбек жолын бастайды. Аз уақыттың ішінде, 1948 жылдан бастап, кезбе уағызшы қызметіне көтеріледі. Сол жылы араб тілінен тұңғыш аудармасын – әл-Азһар университетінің философия кафедрасының профессоры Мұхаммед әл-Бехийге тиесілі «Исламдық ойдың илаһи жағы» атты еңбекті басып шығарады.

1949 жылы жаңа жұмыс орнына ауысып, Ыстанбұл университетінде кітапханашы болып қызмет етеді (Хансу, 2019: 196–197). Бір жылдан кейін Анкарада академиялық өмірге қадам басып, 1950 жылы Анкара университетінің теология факультетінде ассистент болып орналасады. Осы жерде үш жыл жұмыс істегеннен кейін, 1953 жылы Зеки Уәлиди Тоған басқаратын Ыстанбұл университетінің Ислам зерттеу институтына жалпы түрік тарихы бойынша ассистент болып тағайындалады. 1951 жылы Х. Риттер жетекшілігімен араб тілі және әдебиеті бойынша докторантурада білім ала бастайды.

Докторлық диссертация ретінде Әбу Үбәйда Мәмер ибн Мүсеннаның «Меджазул Құран» / «Mecaz'ul-Kur'an» атты филологиялық түсіндірмесін сыни көзқараспен талдап, зерттейді (Коркмаз, 2009: 120–121; Доған және Ердоған, 2019). Бұл диссертациясы Құран Кәрімде тура мағынасынан басқа ауыспалы мағынада қолданылған астарлы сөздер туралы зерттеу. Фуат Сезгин диссертациясын жазу барысында, Бұхаридің хадис кітабының кейбір бөліктері «Меджазул Құраннан» алынғанын байқайды. Осыдан кейін ол Анкара университетінде Тайып Окичтің жетекшілігімен хадистердің ауызша деректерге емес, жазбаша дереккөздерге сүйенетінін алға тарта отырып, «Бұхаридің дереккөздері туралы зерттеулер» атты монографиялық еңбек дайындайды. Осы еңбегі үшін доцент ғылыми атағын иеленіп, 1954 жылы Ыстанбұл университетінде доцент оқытушы ретінде қызмет ете бастайды. Оның хадиске қатысты осы еңбегінде алға тартқан хадистерді жинақтау кезеңдері туралы теориясы

халықаралық қызығушылық тудырып, Бұхаридің жазба дереккөздерді пайдалануы хадис жинақтарының тек ауызша дәстүрге негізделгені туралы бұрынғы тезистердің қате екенін дәлелдейді (Бургу, 2019; Ақ, 2020).

1953 жылдан бастап Ф. Сезгин ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында Германияға жиі барып жүріп, Франкфурт университетінде ғылым тарихы дәрістеріне қатысуға мүмкіндік алады. Ғылыми жетекшісі де 1949 жылдан бастап Ыстанбұл университетіндегі жұмысын тастап, осы елге қоныс аударады. 1957 жылы қонақ доцент оқытушы ретінде барған Германияның Франкфурт қаласындағы Ғылым тарихы институтында қатысқан дәрістері мен семинарларынан кейін ислам ғылымдарының тарихын жазуға бекінеді (Сезгин, 2017: 85). 1957–1958 жылдары Франкфурт және Мальбург университеттерінде, Түркияға оралғаннан кейін Ыстанбұл университетінде ғылым тарихы пәнінен дәріс оқиды (Сезгин, 2011: 19).

1960 жылы Түркиядағы әскери төңкерістен соң, билікке келген үкіметтің университеттерден 147 оқытушы жұмыстан шығару туралы тізімге есімі кіру салдарынан Ф. Сезгин Түркиядан кетуге мәжбүр болады. Шетелде жұмыс істеп, өз зерттеулерін жалғастыру мақсатында достарымен байланыс орнатады. Франкфурт, Беркли және Йель университеттері оның өтінішіне жауап беріп, жұмысқа шақырады. Сезгин, Ыстанбұлдан ұзаққа кетпеу үшін Франкфурт университетінің шақыруын қабылдайды. Оның бұл таңдауына әлемде ғылым тарихын зерттеумен айналысатын жалғыз институтының Франкфуртте болуы да әсер етеді. Осылайша, 1961 жылы Германияға барып, Франкфурт Шығыстану институтында дәріс бере бастап, Гете университетінде Жабир бин Хайяның кітаптары туралы екінші доценттік диссертациясын даярлайды. 1963 жылы Ғылым тарихы институтының химия кафедрасында доцент болып қызмет етеді. Доценттікті алғаннан кейін, төрт айдың ішінде 1964 жылы Германияда профессор атағына қол жеткізіп, көп ұзамай ғылым тарихы кафедрасының профессоры болып тағайындалады (Сезгин, 2011: 19–20, 63–67). Ф. Сезгин Франкфурт университетінде 35 жылдан астам уақыт ғылым тарихынан дәріс береді.

e-mail: gozalxidirova4@gmail.com

Аннотация. Из истории известно, что самые ранние цивилизации возникли вдоль воды и служили важным фактором развития земледелия, ремесленной культуры, архитектуры и градостроительства. Также в регионе Центральной Азии с древнейших времен в изобилии встречались естественные и искусственные, большие и малые водоемы и водные сооружения.

Водные объекты также имеют свои собственные названия, имена собственные, как и топонимы. Топонимисты считают гидронимы древнейшими названиями; сведения о них встречаются во многих письменных источниках. Самое большое озеро Центральной Азии - Каспийское море, озеро Балхаш, которое сейчас находится в Казахстане, и Иссык-Куль, расположенный в Киргизии, не только упоминались в источниках XVI века, но и приводились ценные сведения по ним. Также в источниках встречаются названия Амударьи, такие как Джайхун, Окуз, Вахш, Аму, Оби-Омуя, названия Сырдарьи, такие как Сир, Сайхун, Худжанд, ее притоки, такие как Ахси, Чир, Зарафшан, Кашкадарья, на территории Узбекистана, Гильменд, Герируд, река, которая проходит по территории Афганистана. Вместе с тем, имеются ценные заметки о названии, под которым они были известны в то время и как они назывались в более ранних источниках. Названия относительно небольших водоемов были исследованы на основе источников в разделе гидронимов в восточной части Центральной Азии, гидронимов в Мавереннахре, гидронимов в Дешт-и Кипчаке, гидронимов на территории современного Афганистана.

Ключевые слова: топонимы, гидронимы, письменные источники, Средняя Азия, моря, озера, реки.

ҚАЗАҚСТАН ГЕОТАРИХИ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЗООТОПОНИМДЕР: ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Жанар ҚОҢЫРАТБАЕВА ¹ (ORCID ID: 0000-0002-2231-2684) ¹

*Аударма теориясы мен практикасы кафедрасы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
e-mail: zhanarkon@mail.ru*

Аңдатпа. Мақала Қазақстан геотарихи кеңістігіндегі зоотопонимдерді этнолингвистикалық аспект тұрғысынан қарастыруға арналады. Ондағы мақсат – «тіл – адам – мәдениет» үштігі қатынасын зерттейтін этнолингвистика ғылымының атау – нысан – белгі семантикалық үшбұрышын бірлікте қарастырудағы маңызын ашу, зоотопонимдердің этномәдени сипатын тану. Қазақ (түркі) тарихи топожүйесіндегі үй жануарлары атаулары қатысты және жабайы (тағы) аң-құс атаулары қатысты зоотопонимдердің белгілі бір мәдениет құндылығы екендігі экстралингвистикалық факторлардың үлесін саралай қарастыруда ашылады. Нәтижесінде тарихи зоотопонимдердің материалдық мәдениетпен қатар рухани мәдениеттің де маңызды бір бөлшегі екендігі сарапталады.

Түйін сөздер: топожүйе, геотарихи кеңістік, зоотопоним, этнолингвистика, уәж, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, Қазақстан.

ZOOTOPONYMS IN THE GEOHISTORICAL SPACE OF KAZAKHSTAN: ETHNOLINGUISTIC ASPECT

Zhanar KONYRATBAEVA¹

*¹Department of Translation Theory and Practice
L.N. Gumilev Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
e-mail: zhanarkon@mail.ru*

Abstract. The article is devoted to consideration of zootoponyms in the geohistorical space of Kazakhstan from the ethnolinguistic aspect. Its purpose is to reveal the importance of ethnolinguistics, which studies the relationship of the trinity of "language-person-culture", in considering the semantic triangle of name – object – sign in unity, to recognize the ethno-cultural character of zootoponyms by examining the motivational process. The fact that the zootoponyms related to the names of domestic animals and the names of wild birds in the Kazakh (Turkic) historical topography have a certain cultural value is revealed by considering the contribution of extralinguistic factors. As a result, it is analyzed that historical zootoponyms are an important part of spiritual culture as well as material culture.

Keywords: toponymic system, geohistorical space, zootoponyms, ethnolinguistics, motivation, material culture, spiritual culture, Kazakhstan.

Тарихи топожүйеге енетін әр атау әлемнің ұлттық бейнесін танытуымен ерекшеленеді. Ол – жекенің ісі емес, халықтың тұрмыс жағдайына, дүниетаным пайым-түсінігіне байланысты қалыптасатын ұжымдық білім. Топонимдер ғасырдан ғасыр асып, ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы жетіп отырады. Сондықтан әр топонимнің бойында тілге тән информативтік, кумулятивтік, когнитивтік, эстетикалық қызмет бірге жүреді. Тарихи топонимдер түрлі қызметті өз бойына сіңіре отырып, тұтас ұлттың рухани әрі материалдық құндылығын, саяси-тарихи шындығын, мәдени-философиялық болмысын, шаруашылық тынысын ашуда бай дереккөз міндетін атқарады.

Қандай да бір атаудың өзіндік аталу себебі болатыны секілді кез келген топонимнің жасалу, қойылу уәжі болады. Атаудың (топонимнің) уәжделу себебі халықтың жүріп өткен жолы мен тарихи-әлеуметтік тұрмысының куәсі іспеттес. Затқа не құбылысқа ат қою уәжі атау – нысан – белгі семантикалық үшбұрышы арқылы жүреді. «Яғни, ат қоюда (номинацияда) өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, тәжірибесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратып танығаннан кейін барып ат қояды. Мұндай ажыратқыш белгілер әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: түр-түсі, қызметі, көлемі, басқа бір затқа қатыстылығы, т.б. әртүрлі ішкі және сыртқы қасиеттер» (Манкеева, 2008). Атау мен нысанның арасындағы байланыс түрлі экстралингвистикалық фактордың нәтижесінде қалыптасады. Бұл тұрғыдан алғанда, «тіл – адам – мәдениет» үштігі қатынасын зерттейтін этнолингвистика ғылымының атау – нысан – белгі семантикалық үшбұрышын бірлікте қарастыруда маңызы зор.

Этнолингвистика – тілді халықтың этногенезімен, материалдық және рухани мәдениетімен, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен тығыз бірлікте қарауды мақсат ететін антропоезеттік парадигманың маңызды бағыты. «Ол тілдің қызметі мен дамуының халық мәдениеті мен психологиясына қатынасын, олардың бір-біріне әсерін зерттейді» (Қалиев, 2005).

Этнолингвистика ғылымының бастауы ХІХ ғасырда В. Гумбольдттің идеяларынан бастау алады. Ғалымның «сөздің ішкі формасы» концепциясында әртүрлі тілдердегі атаулар уәжінің ұлттық ерекшелігіне мән беріледі. Тілдің адамзаттың рухани дамуымен тығыз байланыстылығына және мәдениеттің әрбір прогресс, регресс кезеңінде ізін салып отыратындығына ерекше көңіл бөлінеді (Гумбольдт, 1984). В. Гумбольдттің идеясы әлемдік ғылымда Ф. Боас, Э. Сепир, Б. Уорф, А.А. Потебня, Н.И. Толстой, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде өз жалғасын тапты.

Қазақ ғылымында этнолингвистиканың теориялық негізі, зерттеу пәні, ғылыми бағыты, т.б. мәселелері Ә. Қайдардың (Қайдар, 1989), М.М. Копыленконың (Копыленко, 2010), Е. Жанпейсовтің (Жанпейсов, 1989), Ж. Манкееваның (Манкеева, 2008) еңбектерінде қарастырылады. Ал қазақ ономастика кеңістігінің этнолингвистикалық аспект тұрғысынан зерделенуі жайлы айтқанда, антропонимдер Т. Жанұзақтың (Жанұзақ, 2010), жалқы есімдердің этномәдени сипаты Ә. Қайдардың (Қайдар, 1989), Е. Керімбаевтың (Керімбаев, 1992), оңтүстік өңір топонимдері Г. Рысбергенованың (Рысбергенова, 2000), батыс өңірі топонимдері Ү. Ержанованың (Ержанова, 2016), орталық өңір топонимдері А. Жартыбаевтың (Жартыбаев, 1991), шығыс өңірі топонимдері Б. Бияровтың (Бияров, 2013) еңбектеріне арқау болғанын көрсетуге болады. Бұл зерттеулерден түйетін ой, «кез келген халықтың онимдер жүйесі ауқымды ақпараттық мәдени-тарихи әлеуетке ие, сондықтан оларды қоғамның мәдени тарихымен

байланыстыра отырып, ұлттық-мәдени типологиялық ерекшеліктерін анықтау оно-мастиканың негізгі бағыттарының біріне айналуы тиіс екендігі» (Қайдар, 1989).

Қазақстан геотарихи кеңістігінде халықтың мәдени-экономикалық, тұрмыстық келбетінен хабардар ететін топонимдердің кең қоры кездесетіні анық. Тарихи топонимдердің ілкіден бергіге дейінгі лексика-семантикалық қабатын қарастыруда бай эмпирикалық материалды зоотопонимдер береді. Көшпелі өмір салтын ұстанып, жаз жайлауда, қыс қыстауда мал шаруашылығын өмірінің философиялық, прагматикалық мәні еткен қазақ халқы табиғатпен етене жақын болғаны тарихтан белгілі. Бір дерек: «Оңтүстік Сібір, Орталық Азия, Байкал сырты, Моңғолия жерлерін мекендеген алтай тілді тайпалар қола дәуірінің өзінде-ақ мал шаруашылығымен айналыса бастаған» (История Центральной Азии, 2017). Адам мен табиғат, адам мен тіршілік, адам мен жан-жануар арасындағы ғасырлар бойғы байланыс ата-баба жерінің географиялық нысандарында көрініс тауып отырған.

Қазақ (түркі) тарихи топожүйесінде зоотопонимдердің, негізінен, үй жануарлары атаулары (төрт түлік мал); жабайы (тағы) аң-құс атаулары қатысты тақырыптық топтары сақталған. Тарих бойындағы зоотопонимдердің құрамында жылқы, ат, жабайы, тайлақ, байтал, торпақ, теке, қой, қозы, марқа, ешкі, бөрі, теке, бура, атан, азғыр, ит, күшік, құмай, тай, айғыр, бұзау, сиыр, түйе, бұғы, марал, бөкен, түлкі, қасқыр, аю, құндыз, құлан, есек, мәстек, бұлбұл, жапалақ, қарсақ, сауысқан, тышқан, шаян, шүрегей, шыбын, шағала, шортан, балық, балапан, бүркіт, сұңқар, қарақұс, торғай, т.б. атаулар кездеседі. Олардың номинациялану уәжі әр қилы кезеңде әртүрлі экстралингвистикалық фактор арқылы қалыптасқан. Көненің көзіндей сақталған ол зоотопонимдерді этнолингвистикалық қырынан қарастыру мол мағлұмат береді. Зоонимнің зоотопонимге айналу уәжі неде, геотарихи кеңістіктегі зоотопонимнің пайда болуы оның сол мекенде көптігімен ғана өлшене ме, зоотопоним ретінде танылып жүрген онимнің семалық өрісі неге барып тіреледі? деген сыңайлы сұрақтардың шешімін іздестіруде этнолингвистиканың септігі зор.

Топожүйе тарихтың ұзақ сонарында қалыптасып, халықпен бірге өмір сүретіндіктен, өзі қалыптасқан жердің, елдің терең тамырлы мәдениетінен сипат береді. «Географиялық атаулар тарихи шындықты танытатын белгілі бір белгіге сүйене отырып, атау берудің мағыналы үдерісі нәтижесінде пайда болады. Олар – өткен тарихтың маңызды, шынайы айнасы» (Мурзаев, 1974). Қазақ тарихи зоотопонимдерінің үй жануарлары атауынан жасалғаны болсын, жабайы аң-құс атауынан жасалғаны болсын, оларға ат қойып, айдар тағылуына тарихи-мәдени түрлі құндылықтар уәж болғаны анық. Атап айтқанда, зоотопонимдер уәждеуінің түрлі себебін көруге болады: геоньсанның түрін, түсін, көлемін, өлшемін, ішкі/сыртқы қасиетін, сырын, сипатын және т.б. таңбалаудан туған. Олардың ішінде «айғыр, нар, бұқа, бура, өгіз атаулары – биік, үлкен, көлемді нысандарды, тай, байтал, бота, бұзау – кіші, көлемсіз нысандарды таңбалаған» (Бияров, 2012).

Үй жануарлары атауларына қатысты зоотопонимдер

Қазақ халқы жануарларды қолға ертеден үйреткен. «Тас қорғандардан табылған мал сүйектеріне қарап, ең алдымен жылқы мен қойдың қолға үйренгенін көреміз» (История Центральной Азии, 2017). Ерте дәуірде (сақ дәуірінде) мал шаруашылығының көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы түрі болған. «Көшпелі түрі егіншілікпен айналысуға қолайсыз жартылай шөлейт аймақтарда дамыған. Мұнда сақтар жылқы, қой, түйе өсірген. Олар киізбен жабылған арбаларда өмір сүріп, жазда сол-

түстікке, қыста оңтүстікке көшіп-қонып отырған (История Центральной Азии, 2017). «Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы табиғи ортаның өзгеруіне, сондай-ақ демографиялық өсуге айтарлықтай ықпал еткен. Ерте көшпелілердің шаруашылығы климат жағдайына тікелей тәуелді болған. Мал шаруашылығы көшпелі жұрттың тұрмысын ілгерілетуге көмектескен. Тайпалар өмір сүруге икемдірек келді, бұл олардың дала кеңістігін игеруге септесті. Малмен айналысу артық өнім (ет, сүт, жүн, тері) алуға мүмкіндік бергендіктен, шаруашылықтың өнімділігі де арта түсті» (История Центральной Азии, 2017). Мал шаруашылығын өмірінің материалдық негізі еткен қазақ халқы өзі көшіп-қонған жердің, өлкенің ландшафттық жағдайын терең танып қабылдай алған, өмір соған үйреткен.

Көшпелі өмір салты ілкі заманнан шаруашылықтың көзі болғандықтан, тіліміздің лексикалық қоры үй жануары атаулары қатысты лексикон, ономастикондармен байи түскені анық. Бұл турасында Т. Жанұзақ былай дейді: «Жекелеген халықтың, ономастиканың пайда болуы мен дамуында шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық, т.б. факторлар белгілі бір орын алады. Мысалы, антропонимдер мен топонимдер жүйесінде, түрік халықтарында үй жануарларының атынан жасалған атаулардың көптеп кездесуі – халықтың бар өмірінің сол мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғандығын көрсетеді» (Жанұзақ, 2010). Геонысанның көлемін, түрін, түсін, аумағын сипаттауда түр-түс атаулары (колоративті лексика) аса белсенділік танытады. «Бұл, біздің ойымызша, көшпелілердің өздерін қоршаған ортаның, физика-географиялық нысанның шынайы көрінісін визуалды түрде айрықша қабылдай алуымен түсіндіріледі» (Қайдар, 1989). Қазақстан зоотопонимдерінің бойында ақ, қара, ала, көк, қоңыр, қызыл, сары, боз, жирен, бурыл, кер, қу, құба, құла, қасқа секілді түстер, реңктер кездеседі. Түр-түс атаулары қатысты зоотопонимдердің дені, негізінен, екі құрамды (Ақатан, Ақмал, Алаайғыр, Бозбие, Көкбайтал, Қарақой, Қарабұзау, Қарабұқа, Қараешкі, Күреңбие, Қоңырбұқа, Құлаайғыр, Қызылсиыр, Кержабағы, Жиренайғыр, т.б.), арагидік көп құрамды (Жиренбайталқуыс, Ақтүйесор, Алаайғырсай, Алаатқашар, Аққошқарадыр, Көкбиесай, Көкөгізқұлаған, Сарыатсүрінген, т.б.) болып келеді. Сырт қарағанда әлемнің ұлттық бейнесін танытуда бұл қатардағы зоотопонимдер өзінің көркем, айқын түстік мәнінде көрініс тапқандай көрінгенімен, ішкі мазмұнына үңілгенде, көптеген атаудың сыры тым әріде жатқандығы байқалады.

Түр-түс атауымен келетін зоотопонимдер денотаттық (номинативтік) мағынасымен қатар коннотаттық (ахроматикалық) өрісте де белсенді дамыған. Көшпелі өмір жағдаятында әр түстің өз атқарар рөлі болғаны аян, сол себепті мал шаруашылығының қызу тірлігі бойында ат қоюда түр-түс өзінің бастапқы түстік мәнінен де басқа әр қилы кумулятивтік қызмет атқарған. Зоотопонимдердің этномәдени сипатын ашуда олардың шығу төркініне барудың маңызы зор. Себебі тілдің лексика-семантикалық қабатындағы бір таңбаның бірнеше мағыналық өрісте дамығанын көреміз. Мысалы, бір ғана қара колоративін алайық. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде қара лексемасының 20-ға жуық мағынасы кездеседі. Бастапқы түстік мағынасынан бөлек, қарайған нәрсе, анық емес; нобай, пошым, түр, жоба; аумақ, көлем, мөлшер, шама; киелі, қасиетті; серік, сүйеу, тірек; арам, қараниет; теріс, қисық; халық, бұқара, қараша; терең, тұңғыық; қалың, ну; қайрат, күшті; көп, қаптаған; қимыл және т.б. мағыналары бар (ҚӘТС, 2011). Қара колоративінің Қазақстан географиялық картасында аталған мағыналарының көбісі сақталғаны әрі барынша кумулятивтік қызмет атқаратыны анық. Халықтың этномәдени болмысын танытуда қара колоративімен келетін зоотопонимдердің қазақ жерінің қай өңірінен де кездестіруге болады. Оның ішінде геонысанның түсін түстеуде (Қараешкі, қыстау, Ақтөбе обл., Шалқар ауд., Қарасуыр, шатқал атауы, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., жайлау, ШҚО, Катонқарағай ауд.),

ірі-ұсақ көлемін сипаттауда (Қарақошқар, қыстау, Жамбыл обл., Меркі ауд., Қараатан (қоныс, Алматы обл., Балқаш ауд.), тереңдігін, таяздығын көрсетуде (Қарабұқа, өзен, Ақмола обл., Қарақой, өзен, Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.), өлшемін, мөлшерін, көптігін таңбалауда (Қарабұзау, елдімекен, Павлодар обл., Ақтоғай ауд., Қараайғыр, қыстау, Атырау обл., Құрманғазы ауд.) және т.б. қалыптасып орныққан.

Қазақстан геотарихи кеңістігіндегі зоотопонимдердің этномәдени сипаты өзге де колоративті лексика арқылы ашылады. Ақбайтал, Аққойлы, Алаатөлген, Алабие, Алаатөлген, Алабие, Бозат, Қоңырбұзау, Көкалабие, Көкбайтал, Көкбиеөлген, Күреңайғыр, Қызылат, Шабдар ат, Шұбарбие, Торыбиеөлген, Сарыатсойған, Сарыбайтал, Сарыбие, Саралаайғыр, Сары жабағы және т.б. зоотопонимдердің уәжделуі «тіл – адам – мәдениет» үштігінің терең тамырын танытары сөзсіз.

Әдетте зоотопонимдер этнолингвистикалық аспектіде материалдық мәдениет бөлшегі ретінде қарастырылады. Әйтсе де Қазақстан геотарихи кеңістігіндегі бай қабатты зоотопонимдерді әрі материалдық, әрі рухани мәдениеттің құнды бөлігі деуге болады. Бұл мәселеде А.К. Байбуриннің пайымын келтіретін Ә. Қайдар мен Е. Керімбаевтың пікіріне толық қосылуға болады: «А.К. Байбурин атап өткендей, «материалдық» және «рухани» мәдениеттерге бөлу абсолютті емес. Өйткені материалдық мәдениет элементтерінің арасында аралық нысандар (квазисемиотикалық құбылыстар) болады. Ол аралық нысандар белгілі бір семиотикалық жүйеге кіргенде (мысалы, әдеп, ғұрып) белгі ретінде танылады да, ал жүйеден шыққанда зат боп саналады» (Қайдар, 1989). Автор мұндай элементтердің материалдық мәдениет нысанына емес, табиғи ортаның физика-географиялық нысандарына, оның ішінде орографиялық нысандарға (тау, төбе, шатқал, үңгір) қатысты болып келетінін көрсетеді (Қайдар, 1989). Демек, тарих бойында қазақ халқы мал, аң, ирригация кәсібін материалдық мәдениетпен қатар рухани дүние ретінде де қабылдап, дамыта алған. Себебі материалдық мәдениет те, рухани мәдениет те – адам санасы мен білімінің жылдар бойғы жемісі.

Материалдық әрі рухани мәдениеттің қатар жүргені зоотопонимдердің этномәдени сипатын интерпретациялауда анық аңғарылады. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ зоотопонимдерінің аталу уәжінде топонимдік аңыздардың рөлі басым. Топонимдік аңыздардың бойында халықтың биік парасаты мен өмір сүру прагматикасы астасып жатқаны сөзсіз. Қазақстан геотарихи кеңістігіндегі Ешкіөлмес, Ешкіқырған, Итқырған, Итемген, Айғырұшқан, Бұзаужығылған, Бұзауқырған, Бұзаусойған, Биесойған, Ботажеген, Ботатуған, Жылқыалған, Жылқыөлген, Марқакөл, Тайжүзген, Тайсойған, Тайатқан, Торыбиеөлген, Сары серке, Сиырқырылған, Сиырөлген, Сиырсалған, т.б. үй жануарлары қатысты зоотопонимдер белгілі бір аңыз-әңгіме желісінде географиялық нысанның атауын таққан. Атаудың дені оқиға, аңыз түрінде қалыптасқандықтан болуы керек, олардың номинациялануына өткен шақтық қимыл, іс-әрекет етістіктері (өлмес, қырған, өлген, қырылған, сойған, атқан, жығылған, емген, жүзген, т.б.) белсенді қатысқан. Қимыл етістігінің зоотопонимдер бойында белсенділік танытуы тілдің кумулятивтік қызметімен байланысты деуге болады. Бір ғана мысал, Ешкіөлмес орониміне (Сарыарқаның орталық бөлігіндегі тау, Сілеті өзенінің орта ағысының оң жағасында) қатысты топонимдік аңызды интерпретацияласақ: «Таудың етегіндегі қыстақты бір бай мекендепті. Бір жылы қыс қатты болып, малдарына шөп тауып беруге мүмкіндік болмаған жұт болыпты. Осы жұтта бай да малынан айрылатын болған соң қолындағы ұсақ малдарын далаға айдап жібереді. Күн жылына есеңгіреген ел шөп тамырын қазуға кіріскенде, жайылып жүрген ешкілерге кезігеді. Ешкілер шөлдеп, аман-есен лақтарымен бірге жайылып жүреді. Оларды енінен әлгі байдікі екенін таниды. Содан тау «Ешкіөлмес» тауы деп аталады» (Бабалар сөзі, 2011). Аңыздың мұн-

дағы негізгі қызметі, біріншіден, өткен тарих жолындағы оқиғаны ұмытпай, үлгі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу болса, екіншіден, топонимнің уәжделу себебін белгілеу арқылы ашу деуге болады. Сондықтан топонимдік аңыздар арқылы бүгінге жеткен зоотопонимдердің бойында әлемнің ұлттық бейнесі көрініс тауып отырады дей аламыз.

Зоотопонимдер ономастиканың ерекше саласы – зоонимдерден жасалады. Ғылымда зоонимдер іштей екіге бөліп қаралады: «1) жануарлардың түрін ажырату үшін қолданылатын жалпы есімдер; 2) әр түрдің ішіндегі нақты жануарға қойылатын ат, лақап ат» (Бияров, 2013). Зоотопонимдердің жасалуында зоонимдердің бірінші түрі белсенді қатысады. «Себебі жануарлардың түрін ажырататын сөздер, басқа атау-сөздер сияқты, ерте пайда болған, ал меншігіндегі малға ажырату, шақыру мақсатымен қойылатын жалпы есімдер көп кейін қалыптасқан деуге болады. Алайда оларды топоним жасауға мүлдем қатыспайды деген ұғым тумады, сирек болса да зоотопонимдер құрамына енеді: Сарыатсүрінген, Көкөгізқұлаған, т.б.» (Бияров, 2013). Демек, зоонимнен зоотопонимнің жасалуына түрлі экстралингвистикалық фактордың ықпалы болады. Белгілі бір жануардың бір жерде көптеп мекендеп, зоотопонимнің қалыптасуына уәж болуына бір ғана Текес (өзен, Алматы обл., Райымбек ауд.) атауын мысалға келтірсек. Текес гидрониміне қатысты пікір алуандығы орын алады. Ә. Әбдірахмановтың пікірінше, «гидроним екі элементтен құрылған: теке + с. Теке түркі тілдерінде және қалмақ тілінде (тек) «козел – производитель» дегенді білдіреді (А.М. Щербак. Названия домашних и диких животных). Атаудың екінші бөлімі -с түркі-моңғол тілдеріндегі көптілікті білдіретін көне жұрнақ (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание). Бақанас, Келес, Талас гидронимдері осы үлгімен жасалған. Теке + с (текелер) осы тауда теке (таутеке, тау ешкі) көп екенін білдіреді» (Әбдірахманов, 1975). Т. Жанұзақ та Текес топонимінің бойындағы -с қосымшасын көптік жалғауы деп табады: «Қазақ этнонимдері мен топонимдерінің көптік көрсеткіштері моңғол, тұңғыс-маньчжур, кавказ тілдерінің көптік көрсеткіштерімен генетикалық байланыста. Бұл олардың пішіні мен мазмұнының сәйкес келуінен көрінеді. Көптік жалғаудың мұндай көрсеткіштері: т/д, с/з, мысалы, дулат, маңғыт, байыс, соғат (этнонимдер), Дарат, Арқат, Дегерес, Текес (топонимдер); -қ (-ақ, -ек, -қ), мысалы, Созақ, Қимақ, Құмық, Қыпшақ» (Жанұзақ, 2008). Ал Е. Қойшыбаев: «Теке және -ес қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. Ас, ес қосымшаларын угор тіліндегі «су» мағынасына жатқызу біраз орын алған, бірақ ол терең талдауды керек етеді» деп топшылайды (Қойшыбаев, 1985). Г. Қоңқашпаев Текебұлақ, Текекөл, Текелі, Текелітау, Текесу топонимдерінің құрамындағы теке элементін «ешкі» мағынасынан шығарады (Конкашпаев, 1963). Аталмыш көзқарастарды саралай келгенде, Текес гидронимі теке «ешкі» және -с көптікті білдіретін қосымша арқылы қалыптасқан атау деген пікірге тоқтауға болады. Өйткені өзен Теріскей Алатау жотасын бойлай ағады. Яғни, таулы аймақта мал түрі (ешкі, теке) көп кездеседі. Ал -с элементінің түркі тілдерінде -лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер қосымшаларымен қатар көптік категориясының жұрнағы ретінде ілкіден орныққаны белгілі. Гидронимнің уәжделуіне зоонимнің бірінші түрі ықпал еткен. Мұндай этимологиялық сараптау бір зоотопонимнің уәжделу үдерісін қарастыра отырып, қазақ топонимдерінің этномәдени бейнесін ашуға үлес қосары анық.

Жабайы (тағы) аң-құс атауларына қатысты зоотопонимдер

Топонимдердің құрамындағы жабайы (тағы) аң-құс атаулары Қазақстанның геотарихи кеңістігінде аңдардың кей түрінің кең тарағанын, олардың аңшылық өмір үшін маңызы зор болғанын байқатады. Ол турасында Қазақстан жануарлар әлемін зерттеген зоогеограф А.Н. Формозов былай дейді: «Қазақстанның географиялық қар-

тасындағы өзен, көл, елдімекен атаулары әртүрлі жабайы аң атауларымен байланысты қойылған. Бұл жайт жабайы фаунаның ел ландшафты өмірінде аса маңызды рөл атқарғандығын көрсетеді... Құстар мен жабайы аңдардың кейбір түрлері қазақ халқының физикалық әрі моральдық қасиеттерін шыңдауда аңшылыққа пайдаланылған» (Формозов, 2010). Бұл іспеттес ақпарды мына тарихи деректерден де табамыз: «IX ғасырда әл-Якуби Түркістан өлкесінің көшпелі түркілер туралы «олар көбіне аң етін жейді» [МИИТ-1: 150]. Араб тарихшысы ат-Табаридың дерегі бойынша, түргеш қағаны Әбу Музахимнің «ешкімді жолатпайтын, ешкімге аң аулатпайтын шабындықтары мен таулары болған» (Волин, 1960: 76). Белгіленген аумақта құландарды аулайтын қорық болған сыңайлы. Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Шыңғысхан ұлы Жошыға «ең алдымен жабайы есектерді аулап көңіл көтеру үшін» шабарман жібереді [МИИТ-1: 150] (Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов, 2014). Деректер аңшылықтың түркілер өмірінде айрықша рөл атқарғанын танытады.

Аңшылық, саятшылық, күнкөріс тіршілік есебінен туған жабайы аң-құс атауларының көнелігі әріде жатыр. «Ежелде терісі бағалы аңдар Қазақстанның байырғы халқын көрші елдермен айырбас үшін мал шаруашылығы өнімдері мен жүніне бағалы қоспамен алмастырылып отырған» (Формозов, 2010). Қазақстан геотарихи кеңістігінде құлан, өгіз, жылан, бүркіт, қарға, түлкі, шағала, қабан, қасқыр, қарсақ, т.б. зоонимдерден жасалған бір құрамды (Қасқыр, Азғыр, Жәйрем, Құмай, Құлжа, Шажы, Мәстек, т.б.) екі құрамды (Төрт өгіз, Бөрілі, Борсықағаш, Жыланды, Қасқырлы, Қоңырқасқыр, Түлкіалған, Түлкішықпас, Шағалалы, Шошқалы, т.б.), көп құрамды (Қасқыр қамаған, Боталы түйе тас, Үкі атқан, Тұйғынтүскен, т.б.) зоотопонимдер қатары баршылық. Халықтың материалдық әрі рухани мәдениетінің өзегін меңзейтін ол топонимдердің қойылу, аталу уәжі турасында сан түрлі пікір, тұжырым, ойлар орын алады.

Соның бірі – Құлан атауы, VII–XII ғасырлардағы ортағасырлық көне елдімекен орны болған, сонымен қатар өзен, тау атауы ретінде де ежелден орын тепкен. Көне Тараздан Баласағұнға бет алған керуен жолы мен одан әрі қарай шығатын Ұлы Жібек жолы бойындағы қала болған. Түсіндірме сөздіктерде екі түрлі мағынасы тіркелген: «1. Үйір-үйір болып жүретін жабайы жылқы; 2. Тайтұяқтылар отряды, жылқы тұқымдасына жататын түсі сарғыштау, жотасында қара қошқыл жолағы бар, құйрығының ұшы қара жабайы жылқы» (ҚӘТС, 2011). М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде құлан – «жабайы есек» мағынасында берілген (Қашқари, 1997).

Қазақстан географиялық картасында Құлан зоонимінен жасалған зоотопонимдердің қатары біршама: Құлан – елдімекен, Жезқазған обл., Жамбыл ауд.; өзен, Түркістан обл., Арыс ауд.; елдімекен, Түркістан обл., Түлкібас ауд. (аңның көптігіне байланысты қойылған атау), Құланды – түбек, Қызылорда обл., Арал ауд., Құлансаз – тау, Алматы обл. (нысанның жайылып жүрген құландарға ұқсас келетін ірі тастардан тұруымен байланысты), Құлантөбе – тау, Алматы обл., Балқаш ауд. (аңның көптігіне байланысты) және т.б. Байқалатынындай, құланның ізі Қазақстан геотарихи кеңістігінің көптеген жерінде сақталған. «Жабайы жылқы – құландар Қазақстан аймақтарында жақынға дейін тіршілік еткен, ол халықтың бірден-бір аң аулау нысаны болған, еті өте дәмді, емдік тағам саналған, ал терісі шаруашылықта таптырмас құрал ретінде қолданылған» (Формозов, 2010). Ілкі заманнан бергіге дейін көшпелі халықтың аң шаруашылығының негізгі көзінің бірі – құлан атауының топожүйеде номинациялану жиілігі де сол себепті деуге болады.

Құлан негізді зоотопонимдердің уәжделуіне белгілі бір әлеуметтік жағдайлар да себеп болған. Мысалы, Құланкетпес (Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) және Құланөтпес (Қарағанды обл., Нұра ауд.) өзендерінің атауы судың, өзеннің тереңдігін, яғни өзеннен, судан өтудің қиындығын сипаттаудан туған. Мұндай зоотопонимдер Еуразияның тұтас түркі жұртында кең тараған деуге болады. Бұл жөнінде зерттеулерде мынадай нақты дерек келтіріледі: «Мысалы, әзірбайжандар, алтайлықтар мен қазақтар өзенге ат қоярда оны адамдар мен малдарды тасымалдау мүмкіндігіне қарай атаған. Әзірбайжандықтар «қарақұйрықтар өте алмайтын» өзенді Джейран кечмес деп атаған; Алтай тұрғындары аюлар алқабынан өтудің қиындығын ескере отырып, оны Айу-Кечпес (аюлар еңсере алмайтын) деп атаған, ал қазақтар өтуі қиын өзенді Құланөтпес (құландар еңсермейтін) деп атаған (Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов, 2014). Бұндай географиялық атауларға түркі топонимикалық әлемі өте бай.

Жабайы аң-құс атаулары қатысты зоотопонимдердің құрамында түркілік негізбен қатар моңғол тілі элементтерінің де біршама көрініс табатынын атап өткен жөн. Бұл үдерістің тарих бедеріндегі түркі-моңғол байланысының себебінен екені түсінікті. Топонимикада моңғол тілінен енген атаулар екіге жіктеліп қаралады: «а) түркі-моңғол тіл бірлестігі заманындағы жасалған атаулар; б) XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығынан кейін енген атаулар» (Әбдірахманов, 1975). Моңғол тілі элементінен жасалған зоотопонимдердің қатарынан мына атауларды келтіруге болады: Тарбағатай (ШҚО-дағы аудан атауы) – моңғолша тарва/ға/н – суыр, -тай – қазақша -ты/ті, -ды/ді, -лы/лі қосымшасын білдіреді, сонда суырлы жер. Маңғышлақ/Маңғыстау (облыс атауы) – моңғолша мангас – жалмауыз, жыртқыш аң, -лақ – -ты/ті, -ды/ді, -лы/лі жұрнақтарының көне формасы, сонда жыртқыш аң кездесетін орын. Сол секілді Арғанаты (Қарағанды облысындағы тау атауы) – моңғолша арғал – арқар, тау ешкі, -ты/ті, -ды/ді, -лы/лі қосымша, сонда арқарлы жер. Қандағатай (ШҚО-дағы тау атауы) – моңғолша кандагай – бұғы, -тай – қазақша -ты/ті, -ды/ді, -лы/лі қосымшасын білдіреді, сонда бұғылы жер және т.б. Бұдан шығатын қорытынды, халықтар арасындағы тарихи-саяси қарым-қатынас тарих тезінен өтсе де, олардың жүріп өткен іздері тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратын өміршең құбылыс боп қала береді.

Үй жануарлары атаулары секілді жабайы аң-құс атаулары қатысты зоотопонимдердің құрамында да колоративті лексиканың өзіндік орны болғаны байқалады. Дала тағысы атауымен келетін географиялық нысан бойындағы түр-түс әрі денотаттық (номинативтік), әрі коннотаттық (ахроматикалық) мәнге ие. Соның ішінде түр-түс негізгі түп мағынасынан (түстік) бөлек жан-жануар (тағы) мағынасын да білдіреді екен: «Қоңыр» сөзінің тағы бір мағынасы моңғол қазақтарына қатысты мағлұмат береді. Олар арқар, құлжа, тау ешкі, тау теке сияқты жануарларды «киелі» санап, көкте қамқоршысы болған деп таныған. Сондықтан да оларды «қоңыр» деп атаған. Тау ешкі, арқар, марал мекендейтін таулы және орманды аймақтарда кездесетін «қоңыр» сыңары топонимге негіз бола алады деп ойлаймыз» (Мадиева, 2008). Бұл түркі-моңғол қарым-қатынасының ұзақ уақыт үдерісінде тілдер тоғысуы нәтижесінің бір көрінісі болуы ықтимал.

Әлемнің тілдік бейнесінде түр-түстің негізгі түрлерінен өзге де әртүрлі реңкке бай екені анық. Олардың қатарында қасқа реңкінің топонимжасам үлгісі ретінде қызмет атқаратыны байқалады. Мысалы тарихи зоотопоним Қасқаөгізді (елдімекен, Алматы обл., Жамбыл ауд.) келтірсек. Ол – көне атаудың бірі. Топонимнің қалыптасу төркіні турасында түрлі пікір кездеседі. Т. Жанұзақ топонимнің этимологиясын былай ашады: «Бұл көне атау ертеде осы жерде өзен болғанын мегзейді. Өйткені түркі тілдері топонимдерінің құрамында келетін каска/кашка сөздері географиялық термин болып қалыптаса келе, «ешбір өсімдік

өспейтін, тақыр, таудағы таз жер» деген мән иеленсе, гидронимдік (өзен) атауларда «таза, мөлдір, тұнық, алыстан қарағанда жарқырап жатқан» деген мағынаны береді. Ал атаудың екінші сыңарындағы өгіз сөзі түркі тілдерінде -оғуз, -огуз, -окуз тұлғаларында айтылып, «өзен», «су» мағыналарында қолданылған. Оны көне түркі тілдеріндегі oguz – «өзен» сөзі және осы сөз арқылы жасалған жер-су аттары толық дәлелдейді. Ogup oguz – «бұлақ», «өзен», taluj oguz – «мұхит-теңіз» (ДТС, 1969: 382). XI ғасырда Махмұд Қашқари сөздігінде: қара құс укуз, үрүң қас укуз – «қара нефрит сайындағы өзен», «ақ нефрит шығатын жердегі өзен» Демек, Қасқаөгіз атауы «алыстан жарқырап ағып жатқан тұнық, таза өзен» (Жанұзақ, 2010). Топонимнің шығу төркінін басқаша қарайтын пікірлер де кездеседі. Г. Қосымованың зерттеуінше, «көне түркі тілінде «огуз» сөзі екі түрлі мағынада жұмсалған омоним сөз болған: бірі – «өзен» деген мәнді, екіншісі – «өгіз» деген қазіргі күнге дейін қолданылып жүрген мағынаны берген. «Қасқаөгіз» атауының құрамындағы өгіз (ögüz) осы тура мағынасында жұмсалып тұр. Ал атаудың бастапқы компоненті «қашға/qaşxa» сөзі – көне түркі тіліндегі «жануардың маңдайындағы ақ белгі-жұлдызша» дегенді білдіреді. Мұндай белгідегі жануардың болғанын «Көне түркі сөздігінен» де біле аламыз (ДТС, 431). Олай болса, «Қасқаөгіз» атауы осы мекенде өте ерте дәуірде маңдайында жұлдызша тәрізді ақ белгісі бар өгіздің болғандығын көрсетеді (Қосымова, 2019). Егер өгіз сөзінің көне түркі тілінде екі түрлі мән білдіргенін ескеріп, алға тартсақ, Қасқаөгіз зоотопонимінің жасалуына «жолақ, ақ белгі» ұғымы мен «тағы, жабайы жануар» ұғымын танытудан туған номинативтік мағынасы ұйытқы болған деуге болады.

Қорытынды

Қазақстан геотарихи кеңістігіндегі зоотопонимдердің этномәдени сипатын зерделей қарағанда, қазақ жер-суының, дала, қыратының ұлттың бай тарихымен, мәдениетімен астасып жатқандығын танимыз. Жаз жайлау, қыс қыстау, күз күзеуде мал, аң, ирригация шаруашылығымен айналыса отырып, Табиғат-Ана болмысымен сырласып күн кешкен қазақ халқы тілде жан-жануар әлемінің тұтас энциклопедиясын жасап үлгерген. Тарихи зоотопонимдердің бойында сол себепті де материалдық мәдениет пен рухани мәдениет құндылықтары бірге қалыптасып, бірге дамып отырған деп түюге болады.

Деректер:

- Әбдірахманов, А. (1975). Топонимика және этимология. Алматы, Ғылым.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық (2011). Астана, Фолиант. Т. 80.
- Бияров, Б. (2013). Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. Астана.
- Гумбольдт, В. (1984). Избранные труды по языкознанию. Москва, Прогресс.
- Ержанова, Ү. (2016). Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі. Орал, М. Өтемісов атындағы БҚМУ РБО.
- Жанпеисов, Е. (1989). Этнокультурная лексика казахского языка. Алма-Ата, Наука.
- Жанұзақ, Т. (2008). Қазақ ономастикасы. Павлодар, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті.
- Жанұзақ, Т. (2010). Тарихи жер-су атауларының түптөркіні. Алматы, Сөздік-словарь.
- Жартыбаев, А. (1991). Состав и структура топонимов Карагандинской области. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата наук. Алма-Ата.
- История Центральной Азии, (2017). Алматы, Қазақ университеті.
- Керимбаев, Е. (1992). Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора наук. Алматы.
- Конкашпаев, Г. (1963). Словарь казахских географических названий. Алматы, Изд. Акад. наук КазССР.
- Копыленко, М. (2010). Избранные труды по языкознанию. Алматы, Институт языкознания имени А. Байтұрсынова. Т. 2.
- Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов, (2014). Алматы.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық, (2011). 9-том. Алматы.
- Қалиев, Ғ. (2005). Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Сөздік-Словарь.
- Қашқари, М. (1997). Түрік сөздігі. Алматы, Хант. Т. 1.
- Қосымова, Г. (2019). Тарихи атаулардың этимологиясы (жер-су атаулары мен тайпа аттары). Алматы, Эпиграф.
- Қойшыбаев, Е. (1985). Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, Мектеп.
- Мадиева, Г., Сапашев, О., Бияров, Б., Алимхан, А., Смаилова, А. (2008). Топонимическое пространство Восточного Казахстана. Усть-Каменогорск, Рекламный дайджест.
- Манкеева, Ж. (2008). Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы, Жібек жолы.
- Мурзаев, Э. (1974). Очерки топонимики. Москва, Мысль.
- Рысбергенова, К. (2000). Историко-лингвистический анализ топонимов Южного Казахстана. Алматы, Ғылым.
- Формозов, А. (2010). Животный мир Казахстана. Москва, Издательство ЛКИ.

ЗООТОПОНИМЫ В ГЕОИСТОРИЧЕСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА: ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Жанар КОНЫРАТБАЕВА¹

*¹Кафедра теории и практики перевода
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
e-mail: zhanarkon@mail.ru*

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению зоотопонимов в геоисторическом пространстве Казахстана в этнолингвистическом аспекте. Цель – раскрыть значение этнолингвистики, изучающей взаимосвязь триединства «язык – человек – культура», в рассмотрении семантического треугольника имя – объект – знак в единстве, распознать этнокультурный характер зоотопонимов путем изучения мотивационного процесса. Тот факт, что зоотопонимы, связанные с названиями домашних животных и названиями диких птиц в казахской (тюркской) исторической топографии, имеют определенную культурную ценность, выявляется путем рассмотрения вклада экстралингвистических факторов. В результате анализируется, что исторические зоотопонимы являются важной частью как духовной, так и материальной культуры.

Ключевые слова: топонимическая система, геоисторическое пространство, зоотопонимы, этнолингвистика, мотивация, материальная культура, духовная культура, Казахстан.

**ВОСТОЧНЫЙ КАЗАХСТАН В КОНТЕКСТЕ РЕШЕНИЯ
«ДЖУНГАРСКОГО ВОПРОСА» В 1750–1760 ГГ.
(НА ПРИМЕРЕ ТАРБАГАТАЯ)**

Еркін БАЙДАРОВ ¹ (ORCID ID: 0000-0002-6826-717X)

¹*Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова*

Алматы, Казахстан

e-mail: erkin_u.68@mail.ru

Аннотация: В статье рассматриваются исторические события, протекавшие на территории Восточного Казахстана (Тарбагатай) в период 1750–1760 гг., когда в процессе разгрома Джунгарского ханства Цинской империей на освобожденные земли возвращаются казахские племена. С этого времени Тарбагатай вновь становится зоной кочевания казахских номадов по обе стороны границ. Решение «Джунгарского вопроса» Российской и Цинской империями с одной стороны и Казахским ханством с другой, создало благоприятный контекст для внешней политики казахских правителей с Пекином, а также их активного участия в политической жизни «последней кочевой империи».

Ключевые слова: Восточный Казахстан, Тарбагатай, казахи, джунгары, Цинская империя, Российская империя, Урджар, Синьцзян.

**EASTERN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF THE SOLUTION
OF THE «DZUNGAR QUESTION» IN 1750–1760s
(ON THE EXAMPLE OF TARBAGATAY)**

Erkin BAYDAROV¹

¹*R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies*

Almaty, Kazakhstan

e-mail: erkin_u.68@mail.ru

Abstract: The article examines the historical events that took place on the territory of Eastern Kazakhstan (Tarbagatay) in the period between 1750 and 1760, when, in the process of the defeat of the Dzungar Khanate by the Qing Empire, Kazakh tribes returned to the liberated lands. From this time on, Tarbagatay again became a zone of nomadism for Kazakh nomads on both sides of the border. The solution of the «Dzungar issue» by the Russian and Qing empires on the one hand and the Kazakh Khanate on the other created a favorable context for the foreign policy of the Kazakh rulers with Beijing, as well as their active participation in the political life of the «last nomadic empire».

Keywords: Eastern Kazakhstan, Tarbagatay, Kazakhs, Dzungars, Qing Empire, Russian Empire, Urjar, Xinjiang.

Восточный Казахстан (Тарбагатай) в XVII-XVIII вв.

Восточный Казахстан (как и северо-восточная и юго-восточная часть) в XVII–XVIII вв. находился под властью Джунгарского ханства (1635–1758). Одним из исторических свидетельств джунгарского присутствия на территории Восточного Казахстана в XVII–XVIII вв. служит обнаруженная в 2013 году в горах Доланкара (отрог Тарбагатая) на 20-метровой высоте надписи известной буддистской мантры – «Ом Мани Падме Хум» на санскрите (санскр. ॐ मणि पद्मे हूँ / «О, жемчужина, сияющая в цветке лотоса!»), предположительно сделанной в XVII веке¹ (Рис. 1). Данная мантра, впервые упоминаемая в тексте Карандавьюха-сутра, означает – «Вселенная дарует процветание и изобилие мне, принимающему их с открытым сердцем», являясь по сути сжатой формой всех буддийских учений (Studholme, 2002:67, 72).




Рис. 1. Буддистская мантра – «Ом Мани Падме Хум» в горах Доланкара

В 1755–1758 гг. в период разгрома Джунгарского ханства Цинской империей Восточный Казахстан (в особенности район Тарбагатай) оказался в центре внимания Пекина, так и ставки казахских правителей. Если в Пекине рассматривался вопрос возможности включения земель Восточного Казахстана в состав империи, то для казахских правителей и их подданных остро стоял один вопрос – вернуть захваченные в XVII веке джунгарами родные кочевья.

Тарбагатай представляет собой хребет на юго-востоке Казахстана, отделяя Зайсанскую котловину от Балхаш-Алакольской, длиной ок. 300 км и высотой около 3000 м. Склоны хребта богаты полупустынной и степной растительностью, что так привлекало на эти земли в разные исторические периоды кочевые племена Центральной Евразии. В XVII–XVIII вв. кочевавшие и сосуществовавшие здесь казахские и джунгарские племена, имели много общего как в традициях, так и в языке. Каждый казах и джунгар владел языком своего соседа. Главным их отличием была религия: ислам у казахов, и буддизм у джунгар.

¹ Открытие принадлежит специалистам Научного центра исторических и социально-политических исследований им. академика М. Козыбаева при Семипалатинском государственном педагогическом институте [Археологи Семей обнаружили и расшифровали..., 2013].

Сам топоним «Тарбағатай» происходит от монгольского слова тарвагтай, что значит «сурочий», прилагательное от монгольского слова тарвага – «сурок/тарбаган»; дословно – «[место, где] обитают много сурков (тарбаганов)», аналогичные названия встречаются также на территории Монголии и в Забайкалье (Поспелов, 2008:432).

В сочинении «*Tawārih-i hamsa-yi šarqī*» («Очерки истории пяти восточных народов») казахский историк татарского происхождения Курбангали Халид (1843–1913) сообщает, что: «На торгаутском языке, гора Тарбағатай означает «гора сурка» (Сурлы тау). «Сур» (на казахском – суыр (сурок), название животного, цветом близкий к желто-рыжему, чуть крупнее кошки; их изобилие на этом месте стало причиной названия данной горы. «Тарбуга» – сур, а, «та» и «и» были использованы вместо определения с арабского языка, формируя родительный падеж, отсюда, гора «сурков» – «тарбаганов» (Халид, 1992: 109). Именно с Тарбағатай фактически и начинались все походы джунгар в глубь казахских степей и далее в земледельческие оазисы Центральной Азии. Так, например, здесь располагались кочевья (по реке Эмель (каз. Емiл) до озера Нор-Зайсан) двоюродного брата хунтайджи Джунгарского ханства Цэван Рабдана (1697–1727), нойона и знаменитого полководца ойратов, покорителя Тибета (1717) – Цэрэн-Дондобы Старшего.



Рис. 2. Карта Российской империи и близлежащих государств времён Петра I (зелёным цветом обозначена территория Джунгарского ханства). Составлена пленными шведскими офицерами, около 1709 г.

Казахско-джунгарское противостояние накануне гибели Джунгарского ханства А.П. Чулошников в своем обобщающем труде по истории казахского народа «Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен» (1924) указывал, что территориальное соседство двух кочевых государств порождало разного рода пастбищные споры, конфликты и военные действия. «Калмыки (ойраты, джунгары – Е.Б.), занимавшие первоначально земли, лежавшие между Алтаем и Тянь-Шанем и между степью Гоби и озером Балхаш, захватившие несколько позже значительную часть Семиречья... естественно стремились расширяться и дальше на запад. Тем более что территории, расположенные за Балхашем, оставались поэтому совершенно пустыми... Но на пути к этим

заманчивым и богатым пастбищам разбросаны были казахские кочевья. И вполне поэтому понятно, что поводов к взаимному столкновению двух народов не надо было и искать» (Чулошников, 1924: 155).

К середине XVIII века происходит ослабление Джунгарского ханства вследствие бесконечных войн с Цинской империей, казахскими владениями и Кокандом. Согласно К. Хафизовой, казахско-цинские взаимоотношения в 1750–1760 гг. можно разделить на два этапа:

1) 1755–1760 гг., годы покорения Джунгарии и Восточного Туркестана;

2) 1760–1767 гг., период, когда Цинская империя обосновалась в Джунгарии и Восточном Туркестане (Хафизова, 2007: 93–94).

К первому периоду, мы можем отнести также разгоревшуюся в Джунгарии борьбу за ханский престол (Моисеев, 1988: 143). Одним из тех, кто включился в борьбу за власть стал нойон Амурсана, родовое имение которого находилось в крепости Яр (Урджар) в Тарбагатае². Однако, не добившись успеха, он был разгромлен Цинскими войсками под Кобдо и через Халху бежал к китайцам, где в 1754 г. в Пекине встречался с императором Цяньлунем (1735–1796). Получив звание цин-вана (князя первой степени), он обещал помочь цинам в войне с новым ханом Джунгарии – Давацци (1753–1755), чей удел находился на территории Восточного Казахстана по соседству с казахскими кочевьями и севернее удела его соперника – Амурсаны. Сдав хана императору и не получив обещанного ханского титула Амурсана, начал «свою» войну с Цинской империей (1756–1757), укрывшись на короткое время у султана Абылая в Среднем жузе. Однако вскоре отряды Амурсаны, оказывавшие сопротивление маньчжуро-китайским войскам в горах Тарбагатая и в долине реки Или потерпели поражение, а сам «последний правитель Джунгарии» бежал в пределы Российской империи, где и умер от оспы в сентябре 1757 года в Тобольске. Со смертью Амурсаны, фактически заканчивается история Джунгарского ханства.

Воспользовавшись победой Цинской империей над ойратами, казахи вновь начали кочевать на землях Восточного Казахстана. Как сообщает Курбангали Халид, «известный хан казахов Абылай» сражаясь с калмаками в окрестностях Кызылжара и Каркаралы вытеснил их за реку Аягуз (каз. Аягөз), тем самым расширив границы казахской земли. Населявшие эти земли казахские племена найманов говорили: «Аягөз – туған жеріміз, найман – жүрген еліміз» [Ayagöz – twğan jerimiz, nayman – жүрген elimiz] (Халид, 1992: 51). Однако, пришедшие с востока китайские войска уничтожив Джунгарское ханство и оккупировав их земли оставили большую их часть под своей властью. Оставшиеся джунгары не смогли противостоять казахам и заключили с ними соглашение. С одной стороны, это позволило Абылау сформировать войско из трех жузов и объединить силы казахов, с другой, русское правительство призывая его «быть мудрым», создавало благоприятный контекст для его внешней политики

² Современный Урджар (каз. Уржар) – село, административный центр Урджарского района и Урджарского сельского округа Абайской области Республики Казахстан. Название Урджар имеет глубокие корни в древности. Так, местность и река под названием «Урджар» встречается в «Джами ат-таварих» («Сборнике летописей») (1310/1311) Рашида ад-Дина, при описании владений Гуюк кагана, внука Чингиз хана: «Угедей-каан имел семь сыновей. Матерью пяти старших из них была Туракина-хатун, а двое других были от наложниц ... Первый сын – Гуюк-хан. Его юрт был в земле Кумак в местности, называемой Бери-Манграк, Имиль и Уршаур» (Урджар – Е.Б.) [Рашида ад-Дин, 1960: 9].

с Пекином, а также активного участия в политической жизни «последней кочевой империи».

Зная, что от Абылая им ничего не получить ойраты-торгуты, поднявшись верх по течению Иртыша, не достигая гор Калба на западе, уходят на юг Тарбағатай, откочевав на земли западнее реки Урджар. Однако им не удалось ее пересечь. Принимая во внимание прошлое взаимоотношений казахов и «калмаков» (джунгаров), и те, и другие не могли поселиться рядом, сторонясь друг друга. Это привело к тому, что между их кочевьями оставалось свободным пространство в 500-600 км (Халид, 1992: 104–105).

Пока Абылай хан сражался с ойратами, китайцы ликвидировали Джунгарское ханство и захватили Кульджу, где находилась ставка джунгарских правителей. После полного подчинения джунгар, не принявшие власть китайцев ойраты-торгуты были изгнаны со своих земель в Восточном Казахстане и были вынуждены искать убежище как на территории Российской империи, так и в Поднебесной.

Установление дипломатических отношений казахских правителей с Цинской империей

Уже первая китайская делегация в 1755 г. должна была заявить казахским правителям о включении Джунгарского ханства в состав Цинской империи. В связи с этим от казахов требовалось прекратить вмешательство в ойратские (джунгарские) дела, т.е. отказаться от политических и экономических контактов с ними. Однако выполнить эти требования Пекина было трудно, поскольку казахам, занимавшимся кочевым скотоводством, нужны были обширные пространства для круглогодичного содержания скота на подножном корме. Дальнейший процесс феодализации казахского общества, ведущий к незаконным захватам феодалами лучших пастбищных угодий, создавал экономическую необходимость расширения кочевий. Как бы то ни было, эта ситуация входила в противоречие с политическими интересами Китая, что ставило территориальный вопрос в этот период во главу угла казахско-цинских дипломатических отношений.

Тем не менее, казахи стремились вернуть опустевшие в результате истребления джунгаров большие территории в самой Джунгарии, где Китай начал возводить укрепления, расширять военные поселения, куда в основном направлялись китайские солдаты – выходцы из крестьян, а на границе с казахскими владениями дислоцировались военные гарнизоны. Тем самым Китай претендовал на все земли, находившиеся под властью Джунгарского ханства, в особенности в период его могущества.

С другой стороны, объясняя причины завоевательных войн Цинской империи в Центральной Азии в XVII–XVIII вв., В.А. Моисеев высказывает мнение, что необходимость покорения маньчжурами Халхи и Джунгарии была обусловлена целями обеспечения безопасности северо-западных рубежей Цинской империи и сохранения собственной власти в Китае (Моисеев, 1978).

Последовавшее за этим установление казахскими правителями дипломатических отношений с Цинским Китаем, спустя триста лет после образования Казахского ханства, было связано с борьбой за «джунгарское наследство». С этого периода история казахско-китайских (казахско-цинских) взаимоотношений выходит на новый уро-

вень. Так, например, после разгрома Джунгарского ханства и заключения мира с Цинской империей, казахские правители, предприняли ряд дипломатических усилий для возвращения своих земель. В ноябре 1757 г. послы султанов Абылая и Абул-фаиза, направленные в Пекин, пытались добиться признания своих прав на земли в районе хребта Тарбагатай.

Как отмечает К. Хафизова, в Пекине обсуждалась возможность признания за кочевниками или передачи им части пограничных земель и оформление этого как пожалование казахских феодалам за их услуги цинскому правительству. Так, в указе императора Цяньлуна от 3 марта 1758 года после отбытия казахского посольства говорится, что: «Возможно, казахи через наших генералов будут передавать прошения с просьбой /о возвращении земель/. Мы можем все же милостиво подарить. Однако нельзя позволять им неожиданно переходить границы или легкомысленно отдавать земли» (Хафизова, Моисеев, 2020: 44).

Борьба казахов за Восточный Казахстан (Тарбагатай)

Ликвидация Джунгарского ханства и завершение процесса объединения Западного края (Сиюй) в рамках «новой границы» («Синьцзян», 1760) Цинской империи, привело цинское правительство в Бэйпине (Пекин) к мысли создания военно-административной системы на новозавоеванных территориях (1762). Эти события совпадают по времени со вторым этапом казахско-цинских взаимоотношений в 1760–1767 гг.

Вся территория Синьцзяна разделялась на три участка: северное, южное и восточное направления. Так, северная часть (район Или – Чухучу / Чугучак, совр. Тачэн) находилась в непосредственном ведении Илийского генерал-губернатора и его коммиссаров. Однако первоначально до 1767 года северная часть находилась на освоенных от ойратов-торгутов землях Тарбагатай в Яре (ныне Урджар, ВКО РК). В его ведении была пограничная территория, начинавшаяся от Кенгерту-ула (Кенгир–Тура / Усть-Каменогорск) на р. Иртыш, далее шедшая к западу до гор Карман, где делала поворот к юго-западу до р. Аягоз (возможно, от перевала Хабар Асу до реки Аягоз?) и доходила до северного берега озера Балхаш (его восточной части). Тарбагатай превращался в один из важных опорных пунктов Цинской империи в новых владениях. По приказу императора Цяньлуна, солдаты проникали в глубь территорий, отмечали в одностороннем порядке границы новых завоеванных земель (Хафизова, Моисеев, 2020: 45). Эти события позволили цинскому императору Цяньлуну заявить: «Недавно, мы захватили все [ойратские] племена, которые были подчинены джунгарам и включили всю [Джунгарию] в состав нашей территории. Затем восточные и западные буруты [киргизы], и левые и правые казахи³ также добровольно признали нашу власть» (Takahiro, 2014: 35)⁴. Как мы видим, Цинский Китай претендовал на все земли, которые когда-либо находились под властью Джунгарского ханства, в особенности в период ее могущества.

3 Как отмечает японский востоковед, профессор Токийского университета зарубежных исследований Джин Нода, Правый (цзо–бу) и Левый (ю–бу) отделы, согласно китайским источникам, первоначально обозначали казахские жузы: Старший и Средний. Позднее, когда Цинская империя начала строить отношения с Младшим жузом, расположенным на западе, под термином Си-бу (западная часть) стал подразумеваться Младший жуз, ханы которого также номинально приняли подданство Китая. Со временем вышеприведенные термины были несколько трансформированы, вследствие изменений в казахских правящих кланах [Нода, 2003; Noda, 2016].

4 «Formerly, we conquered each [Oyirad] tribe under the Junghars and incorporated the entire

Согласно К. Халиду этому предшествовали события, вошедшие в историю казахского народа как Mamır suw bitimi (1756–1757 или 1758). В «Tawārīh-i hamsa-yi šarqī» («Очерки истории пяти восточных народов») об этом сообщается следующее: «Когда Абылай хан воевал с калмаками, китайцы уничтожили Джунгарское ханство и напали на город Кульджа. Они полностью покорили джунгаров <...>. Кара Дурчун, выступавший от имени Ижн хана, вместе с 2000 <...> калмаками, выехал из Кульджи. Прибыв в нижнюю часть реки Аягос – Батпак су (Болотная вода – Е.Б.), он отправляет посла Абылай хану. Абылай хан приезжает с более тысячи воинов и вдоль мутных вод заключает перемирие. Приносят в жертву лошадей и черноголового барана, погружают руки в кровь. По договору, все прошлое прощается, не будет споров по куну (плата за кровь) и скоту, казахи и калмаки не будут вредить друг-другу. С тех пор, народ называл реку «Мамыр су»⁵, а Абылай удостоен звания «ижн». С монгольского языка «ижн» означает звание «хана», что считалось признанием калмаками и китайцами власти Абылая, его ханства. Поговаривают, что, холм Кысабай, или местность, называемая «могилой Касабая», это то место, где было совершено жертвоприношение. Согласно обычаю, соглашение закреплялось не бумагой и печатью, а погружением рук в кровь, основанное на проклятии: тело того, кто против данного соглашения, утонет в крови, и он будет проклят богом, пребывая в вечном аду. <...> Это соглашение в памяти народа получило название «Қанды жап бітімі» (буквально: «Соглашение, обагрённое кровью»). Согласно К. Халиду, имя «Қанды жап» носил также убитый казахами местный «калмацкий» правитель – Е.Б.) (Халид, 1992: 108)⁶.

Строительство крепостей в районе Тарбагатая, говорит о том, что цинское правительство всерьез рассматривало планы укрепления на данной территории. Так, планировалось поставить 21 караул с охраной в каждом из 25 солдат (Хафизова, 2020: 45). В «Tawārīh-i hamsa-yi šarqī» К. Халида сообщается об укреплении с жильем, которое построили возвращавшиеся после заключения договора китайцы (1762) «в окрестности нынешней крепости Урджар» (qazirgi Urjar qamali mañinan) (Халид, 1992: 131). Укрепление было возведено в местности Тамды и названо китайцами – «Bäyау». По мнению Халида, это гибридное название представляет собой сокращение словосочетания bāy уа, образованного из китайского слова bāy «белый» (白) и тюркского – уа / яр, берег, обрыв. Причиной, почему китайский гарнизон впоследствии покинул крепость стали тяжелые климатические условия (лютые морозы, выпадание большого количества снега), из-за которых цинские патрульные отряды испытывали страдания и лишения (гибель скота и др) (Халид, 1992: 131).

Как далее сообщает Курбангали Халид, цинские комиссары Тарбагатая с помощью ойратов-торгутов и казахов определили место для строительства нового цинского укрепления. В качестве такового была выбрана находящаяся неподалеку местность на месте нынешнего Чугучака. Главным доводом по отношению к данному месту послужило наличие источника воды: «Они сочли нужным определить место для города – источник воды, рядом с которым обнаружили оставленную кем-то де-

[place of Jungharia] into our territory. Then, the Eastern- and Western-Burut [i.e., Kirghiz] and the Left- and Right-Kazakh also submitted [to us] sincerely» [Takahiro, 2014: 35].

5 Мамыр» на арабском звучит как «маомур» и означает изобилие и полноту жизни, богатые пастбища и зажиточный народ, а казахи используют это слово в смысле беззаботности души, без печалей и опасностей, полноты радости...» [«Мамыр арапша маомур – көл-сөбір, өмірлі деген мағынада, яғни жайлауы мол, халқы тоқ мағынасында, ал казактар «мамыр» сөзін көңілден қайғы мен қауіп кетіп, шаттық жайлағак жер <...> катысты қолданады»] [Халид. 1992: 108].

6 Иногда историки смешивают два договора – Qandijap–Mamır suw bitimi atalip жүрген 1758 года и 1762 jilgi qazaq–qıtay kelissözderi в один.

ревянную чашку с ручкой (саптаяк). На языке торгаутов саптаяк звучит как «чауачак». С тех пор в китайских документах несмотря на то, что данное укрепление/крепость по-прежнему называлась «Бийар» («*Bäyar*» – Е.Б.), оно стало известно под прозванным народом именем «Чугучак» (Халид, 1992: 132).

Возведение Чугучака на территории современного Синьцзяна (северо-западные районы КНР) позволило ей в дальнейшем стать важным центром не только во взаимоотношениях Цинской империи с казахскими правителями с одной стороны, и Российской империей с другой, но и «воротами в Китай», через которую осуществлялись как политические, так и торгово-экономические связи. Определенную роль в этом сыграли откочевавшие с запада казахи, поселившиеся на берегах Или в кочевьях Старшего жуза, а также перекочевавшие в Тарбагатай казахские рода Среднего жуза (Халид, 1992: 132).

В начале 1760-х гг. цинское правительство возобновило подготовку нового похода маньчжуро-китайских войск в пограничные районы Казахстана и Кыргызстана. В 1761 году Абылай хану (*тогда еще султану Среднего жуза – Е.Б.*) была передана грамота, где казахам запрещалось кочевать южнее реки Аягуз (Циньдин циндин чжуньгээр фанлюэ, Сюйбянь, цз. 9, л. 13) (Хафизова, 2020: 44). Однако с этим никто не считался, поскольку казахи продолжали занимать под зимовку богатые пастбища Тарбагатая. В 1763 году послу хана Абулмамбета – Кебеку было сказано: «Хотя вы и являетесь нашими внешними вассалами, генералам приказано одерживать вас, не разрешать переходить пределы кочевий, вплоть до того, чтобы гнать вас» (Циньдин циндин чжуньгээр фанлюэ, Сюйбянь, цз. 15, л. 30) (Хафизова, 2020: 44).

Для подготовки нового похода цинские войска время от времени устраивали рейды в степь. Особенно жестокими были операции 1762–1765 гг. по выдворении казахов из земель долины рек Или, Хоргоса, Лепсы, от Алаколя, урочищ Тарбагатая и долины верховьев Иртыша. Набеги против казахов, выселение их с привычных мест были запланированной акцией перед намечаемым Китаем основанием важных пунктов в новых владениях – Или (Кульджа) и Яр (Тарбагатай, Чугучак). Солдаты императора, проникая в глубь казахских кочевий, отмечали в одностороннем порядке границы, на которых запрещалось появление кочевника под страхом наказания. Однако с наступлением новой зимы и уходом захватчиков местные жители вновь возвращались (Хафизова, 2020: 45).

В итоге, видя упорство возвращавшихся на привычные места проживания казахских племен, в конце 1760-х гг. (1767) цинское правительство разрешило казахам пользоваться зимними пастбищами в районе Тарбагатая, а затем и в долине р. Или (Восточный Туркестан) (Хафизова, 2020: 45), а казахские феодалы, официально были причислены к вай-фань – «[далеким] внешним вассалам» Цинской империи (Хафизова, 2007: 43, 51).

Заключение

К 1770 году казахи «оказались лицом к лицу с новыми вызовами времени в лице европейской и китайской цивилизаций» (Хафизова, 2019: 87). Однако вхождение казахских земель в состав Российской империи вплоть до конца XVIII в. было больше номинальным, что позволяло отдельным казахским ханам и султанам (Абылай, Абулмамбет, Нуралы, Абулфаиз и др.), а также биям и батырам (Толе би, Кабанбай, Кожаберген и др.) иметь тесные отношения с Цинским Китаем и активно принимать

в них участие. Ярким примером таких взаимоотношений может быть политическая деятельность Абылай-хана (1711–1780) и его потомков. Дипломатическая деятельность и опора на внешние силы, во многом и стало решающим фактором в признании его правителем. Избранию его ханом в немалой степени способствовали отношения Абылая с цинской династией, а также усилия по сохранению Семиречья от Иртыша до междуречья Чу-Талас.

Окончательно судьба Тарбагатая в контексте казахско-цинских отношений была решена в результате ряда подписанных договоров со стороны Российской и Цинской империй: Чугучакский протокол (1864, который установил линию прохождения русско-китайской границы. К России отошли богатые Алтайский и Курчумский края, изобилующие рыбой озеро Зайсан, прекрасные пастбищные и пахотные земли Тарбагатая, Алатау и Тянь-Шаня); Тарбагатайский Демаркационный протокол 1870 г., Петербургский договор 1881 г.; Протокол о демаркации русско-китайской границы от перевала Карадабан (хребет Джунгарский Алатау) до перевала Хабар-асу (Тарбагатайский хребет) 1883 г. В итоге казахские территории и его население, были насильственно разделены между двумя государствами и без учета желаний местных жителей распределены в подданство между ними. Это вызвало многочисленные переходы (эмиграцию и иммиграцию) различных социальных и этнических групп приграничного населения с территории одного государства в пределы другого государства, что естественно повлияло на дипломатические, внешнеполитические, экономические и другие отношения двух крупных империй (Байдаров, 2020).

Источники:

Археологи Семей обнаружили и расшифровали наскальную надпись на санскрите. МИА «Казинформ». 2013, 2 июня. https://www.inform.kz/ru/arheologi-semeya-obnaruzhili-i-rasshifrovali-naskal-nuyu-nadpis-na-sanskrite_a2562925 (Дата обращения: 05.05.2024).

Байдаров, Е.У. (2020). Казахско-китайские отношения во второй половине XIX в.: исторический обзор. В кн.: Васильев Д.В. (ред.). Центральная Азия на перекрестке европейских и азиатских политических интересов: XVIII–XIX вв. Москва, «ОнтоПринт». 239–262.

Құрбанғали, Х. (1992). Тауарих хамса: (Бес тарих). Алматы, Қазақстан. 304.

Моисеев, В.А. (1978). О движущих мотивах экспансии Цинской империи в Центральной Азии (конец XVII – середина XVIII в.) (к постановке проблемы). В кн.: IX научная конференция «Общество и государство в Китае». Тезисы и доклады. Часть II. Москва, Наука. 30–39.

Моисеев, В.А. (1988). Некоторые вопросы казахско-джунгарских отношений в советской историографии. В кн.: Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период). Алма-Ата, Наука. 134–150.

Нода, Д. (2003). Казахские «бу» в китайских источниках и отношения с Цинской империей. В кн.: Казахская цивилизация в контексте мирового исторического процесса. Алматы. 209–215.

Поспелов, Е.М. (2008). Географические названия России: топонимический словарь. Москва, АСТ; Астрель. 523.

Рашид-ад-Дин, Ф. (1960). Джамии ат-таварих. Т. 2. Москва.-Ленинград, Изд-во АН СССР. 213.

Хафизова, К. (2007). Казахская стратегия Цинской империи. Алматы: Издательский дом «Таймас». 104.

Хафизова, К.Ш. (2019). Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках. Нур-Султан, КИСИ при Президенте РК. 476.

Хафизова, К.Ш. (2020). Казахско-китайские отношения в XVIII–XIX вв. В кн.: Хафизова, К.Ш., Моисеев, В.А. (ред.). Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX вв. 2-е изд. Нур-Султан. 30–49.

Чулошников, А.П. (1924). Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург, Киргосиздат. Ч. 1. 292.

Noda, J. (2016). The Kazakh Khanates Between the Russian and Qing Empires: Central Eurasian International Relations During the Eighteenth and Nineteenth Centuries. Leiden, Boston, Brill. 370. (Islamic Area Studies. Vol. 3).

Studholme, A. (2002). The Origins of Om Manipadme Hum: A Study of the Karandavyuha Sutra. SUNY. 232.

Takahiro, O. (2014). The Qing Dynasty and Its Central Asian Neighbors. Tohoku Gakuin University, Japan. Vol. 12. 33–48.

1750–1760 ЖЖ. «ЖОҢҒАР МӘСЕЛЕСІН» ШЕШУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН (ТАРБАҒАТАЙ МЫСАЛЫНА НЕГІЗДЕ)

Еркін БАЙДАРОВ¹

¹ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

Алматы, Қазақстан

e-mail: erkin_u.68@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада 1750–1760 жылдары, Цин империясының Жоңғар хандығын талқандау кезінде қазақ тайпаларының азат етілген жерлерге оралуы, Шығыс Қазақстан (Тарбағатай) жерінде болған тарихи оқиғалар қарастырылған. Осы кезден бастап Тарбағатай қайтадан қазақ көшпелілерінің шекараның екі жағындағы көшіп-қону зонасына айналды. Бір жағынан Ресей мен Цин империяларының, екінші жағынан Қазақ хандығының «Жоңғар мәселесін» шешуі қазақ билеушілерінің Бейжіңмен жүргізген сыртқы саясатына, сондай-ақ олардың «соңғы көшпелі империяның» саяси өміріне белсене араласуына қолайлы жағдай туғызды.

Кілт сөздер: Шығыс Қазақстан, Тарбағатай, қазақтар, жоңғарлар, Цин империясы, Ресей империясы, Үржар, Шыңжаң.

МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ

Меңдігүл НОҒАЙБАЕВА¹

¹Тарих факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Алматы, Қазақстан

e-mail: nmendigul@mail.ru

Аңдатпа. Бүгінгі күні қазіргі Жетісу облысына қарасты Панфилов ауданының әкімшілік орталығының міндетін атқарып отырған Жаркент қаласының іргетасы тек 1882 жылы патша үкіметінің қарарымен қаланды деген көзқарас ресми тарихнамада нық орныққан. Ал, Ш. Уәлихановтың күнделік жазбаларында Жаркент 1856 жылы қала деп көрсетіліп, оның сызбасы қоса берілген. Жаркент қаласы Талғар және Алмалық қалалары сияқты ежелгі қалалардың бірі болған деп санауға толық негіз бар. Сол мақсатта мақалада Жаркент (Яркент) туралы ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі мәліметтер талдауға алынған. Мысалы, әл-Омари өз шығармасында Алтын Орданың шекарасы мен аумағы туралы мәліметтерді келтіре отырып, Жошы ұлысы қалалары ішінен Сығанақ, Сауран, Женд, Сарай, Маджер, Азақ, Ақжакерман, Каффа, Судак, Саксин, Укак, Бұлғармен бірге Ярканд қаласын да атап өтеді. Яркент атауы қытай деректерінде де кездеседі. Мақалада Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің патша заманындағы Жетісу тарихына қатысты мол деректер жиналған қорында Жаркентке қатысты сақталған мәліметтер (ҚР ОМА. И-44-қор (Жетісу облыстық басқармасы). 1-тізім. 3739-іс) және ауыз әдебиетінің материалдарымен қоса беріледі. Мәдениеттер тоғысында орналасқан Жаркент қаласы ерте және ортағасырлар кезеңінде маңызды сауда және мәдениет орталығы болды. Автор Жаркенттің археологиялық тұрғыдан зерттелуі мен оның Жетісу аймағындағы басқа қалалармен байланысы, сәулеті, халқының этникалық құрамы және т.б. мәселелер қарастырады.

Түйін сөздер: тарихи география, Жаркент, Яркент, Жібек жолы, археологиялық қазбалар, ортағасырлық авторлар.

ZHARKENT CITY AT THE CROSSROADS OF CULTURES

Mendigul NOGAIBAEVA¹

¹Faculty of History, Department of History of Kazakhstan

al-Farabi KazNU

Almaty, Kazakhstan

e-mail: nmendigul@mail.ru

Abstract. The official historiography has established the opinion that the construction of the city of Zharkent, now the administrative center of the Panfilov district of the Zhetysay region, began in 1882 by decision of the tsarist government. However, in the diary entries of Ch.Ch. Valikhanov in 1856, Zharkent is mentioned as a city, and its map is attached. We have every reason to believe that Zharkent was one of the ancient cities, similar to Talgar and Almalyk. The article analyzes information about Zharkent (Yarkent) in the works of medieval authors. For example, al-Omari, citing information about the borders and territory of the Golden Horde, mentions among its cities Syganak, Sauran, Jend, Sarai, the city of Mader, Azak, Akdzhakerman, Kaffa, Sudak, Saksin, Ukak, Bulgar, as well as the city of Yarkand. The

name Yarkent is also found in Chinese sources. The article provides information about Zharkent stored in the I-44 collection of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan (TsGA RK. F. I-44. Semirechye Regional Administration. Op. 1. D. 3739), as well as oral literature. The city of Zharkent, located at the crossroads of cultures, was an important trade and cultural center in the early and medieval periods. The article also examines the issues of archaeological study of Zharkent and its connection with the cities of the Semirechye region, for example, the cities of Laban (Alban), architecture, ethnic composition of the population.

Keywords: historical geography, Zharkent, Yarkend, Silk Road, archeological excavations, medieval authors.

Кіріспе


Қазіргі Жетісу облысының құрамына кіретін Панфилов ауданының әкімшілік орталығы Жаркент қаласының тарихи ресми тарихнамаға сәйкес 1882 жылы патша үкіметінің қарарына сәйкес салына бастады деген пікір орныққан.

А. Брокгауз және И.А. Ефронның атақты энциклопедиялық сөздігінде Жаркент қаласы туралы мынадай мәлімет берілген: «Жаркент – қала, Жетісу облысы, Жаркент ауданының әкімшілік орталығы, 722 тұрғыны бар. Жаркент кедені арқылы 1891 жылдың 1 мамырынан 31 желтоқсанына дейін Ресейден Қытайға 546815 сомның тауары, Қытайдан 154457 сомның тауары әкелінді. Жаркент учаскесі Жетісу облысының шығыс бөлігін алып жатыр, Қытаймен шектеседі. Аумағы 39984 шаршы метр. Халқы 79431 (қырғыз, тараншы, орыс казактары, т.б.)» (Жаркентский уезд, 1890). Дегенмен, өңірде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижелерінде табылған олжалар Жаркенттің бір кездері Жібек жолында орналасқан бекініс нүктесі ретінде ерте пайда болғанын көрсетеді.

Бүгінгі қаланың тарихын отаршылдық көзқарас тұрғысынан «қала салып беру» нарративін басшылыққа алып жазылған еңбектерге сәйкес тек XIX ғасырдың аяғынан тарқату пікірі қалыптасқан. Бұл тарих Ресей армиясының генерал-майоры, кейіннен Түркістан генерал-губернаторы болған Алексей Куропаткинге уезд орталығы орналасатын қолайлы жерді табу тапсырылған кезден бастау алады. Алғашында бұл жерге Ресей империясының шығыс шекарасын күзету үшін көшірілген казактар орналасты. Патшалық Ресей кезінде Жаркент қаласы оңтүстік-шығыстағы ірі сауда және мәдени орталық ретінде аты шыға бастаған.

Дей тұрғанмен, Жаркент атауы бұл саяси оқиғалардан әлдеқайда ертерек те кездеседі. Мысалы, алғаш 1852 жылы Құлжа мәселесі бойынша Жаркентте Жетісу әскери кеңсесінің әскери губернаторының бөлімшесі құрылып жұмыс істеген болса, Жетісу казак әскерлерінің басқармасы осы жердегі өз қызметін 1854 жылы бастаған. Егер, Жаркент сол кездің өзінде қала мәртебесіне ие болмаса, мұндай мемлекеттік маңызы бар нысандар мен мекемелер басқа жерге орналастырылатын еді.

Ш. Уәлихановтың 1865 жылғы Құлжаға сапарында 2 тамызда Бурақожыр (өзен – қазіргі Жетісу облысы Панфилов ауданы жерімен ағады. Бастауын Жетісу (Жоңғар) Алатауының оңтүстік-батысындағы Қояндытау жотасындағы бұлақтардан алып, Көктал ауылының оңтүстігінде Іле өзеніне 5 км жетпей сарқылып қалады – авт.) өзенінен Өсек (өзен – қазіргі Жетісу облысының Панфилов ауданының жерімен ағады. Ұзындығы 164 км. Жетісу (Жоңғар) Алатауының оңтүстік сілемдері – Тоқсанбай, Тышқантау жоталарындағы мұздықтардан басталып Ілеге құяды – авт.) өзеніне қарай жүріп бара жатқан жолын сипаттап өтеді. Ал, 3 тамызда оң жағымызда Жаркент, Тышқан қалаларын қалдырдық деп жазады (Валиханов, 1985: 179).



1-сурет. Ш. Уалихановтың Верный қаласынан Құлжаға сапары маршрутының реконструкциясы (Валиханов, 1985: 189)

Жетісу жеріне қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендердің көп бөлігі қоныстанған жерлердің біріне осы Жаркент айналды. Бұл шағын жаңа қала туралы Жетісу облысының әскери губернаторы генерал-майор А.Я. Фриде 1884 жылы 10 маусымда былай деп жазды: «Жаркент қаласы өзеннің оң жағалауындағы Құлжадан көшіп келушілерінің негізгі қонысы. 1882 жылы облыстың бас қолбасшысы бекіткен жоспар бойынша салына бастаған қалада жыл аяғына дейін 538 үй салынды. 1883 жылдың аяғына қарай үй саны 630-ға жетті. Жылжымайтын мүліктің құны 332 695 сом деп белгіленген қаланың жоғарғы бөлігінде негізінен орыстар, төменгі бөлігінде тараншылар мен дүнгендер тұрады. Алқаптың бойында бақтар, уақытша шіркеу және базарлар алып жатқан алаңдар бар. Іле алқабының Қытай бөлігімен саудасы осында шоғырланғандықтан, қала қазірдің өзінде маңызды коммерциялық мәнге ие болды. Жаркентте 1883 жылы тараншылар мен дүнгендерден басқа 2122 адам, оның ішінде қалада орналасқан әскерлердің саны 1387 адам тұрды. Қоныс аударушылардың едәуір бөлігі 1882 және 1883 ж. егістік жерлердегі уақытша тұрғын үйлерде (блиндаждарда) тұруын жалғастырды» (ҚР ОМА, ІІ-44-қ. 1-т., 3739-іс. 20 п).

Жаркент туралы жазба мәліметтер мен археологиялық деректер

XIX ғасырдың аяғынан бастап Ресей патшалық билігінің әкімшілік орталықтарының бірі ретінде белгілі бола бастаған Жаркент қаласы Талғар мен Алмалық қалалары сияқты ежелгі қалалардың бірі болғандығын көптеген тарихи деректер дәлел.

Жаркент (Яркент) туралы ортағасырлық авторлардың еңбектері мен археологиялық зерттеулердің мәліметтерін талдауға көшсек.

Белгілі зерттеуші К.М. Байпақов Жетісу жерінен өткен Жібек жолы орталық орынды иеленгенін атап өтеді, өйткені мұнда Жібек жолының маңызды бірнеше тармақтары белсенді қызмет атқарды. Мысалы, бір бағыт – Талғар өзенінен солтүстік-шығысқа қарай өзеннің өткеліне дейін, Іле, одан әрі Жоңғар өңірінде Алакөл жағасына және Қытайға жетсе, ал екіншісі – шығысқа Шілік арқылы Шарынға, одан әрі Іле өзенінің оң жағалауымен қазіргі Жаркент пен Қорғас арқылы Қытайға немесе Шілік арқылы қазіргі Райымбектен (Нарынқолдан) асып, Қытайға дейін жетті.

Жазба деректерде Іленің төменгі ағысындағы қалалар туралы нақты мәліметтер ұшыраспайды. Араб-парсы әдебиетінде Іле өзенінің атауы IX ғасырдың аяғында «Худуд әл-Алам» («Әлем шекаралары») еңбегінде айтылады. Алайда, бұл шалғай өлке туралы анонимді географтың ойлары бұлыңғыр болғаны сонша, бұл мәліметтерге сәйкес Іле бістықкөлге барып құятын өзен ретінде көрсетілген (Волин, 1960: 168).

Іле алқабы ежелден отырықшы-егіншілік және қалалық, мәдениеттің қалыптасу ауданы ретінде белгілі. VIII ғасырдың аяғы аймақтағы қала құрылысы процестерінің басталуы болып табылады. Ал қалалардың ең қарқынды өсуі XIII ғасырдың басында болды. Іле және Жоңғар Алатауының бөктерінде Талғар, Қаскелең, Көксу, Шелек, Қаратал, Лепсі өзендерінің аңғарларында ондаған қалалар мен ауылдар бой көтерді. Археологтар бірнеше үлкен және кіші қалалардың қираңдыларының орындарын анықтады. Олардың ішінде 9 ірі сауда және қолөнер орталықтары ерекшеленеді. Қазіргі уақытта бұл Талғар, Алматы, Сүмбе (Лабан, Албан), Шелек, Ақтам, Дүнген, Сағабүйен, Антоновское, Көктума калалары (Байпаков, 2005: 62).

Іле алқабының ортағасырлық қалаларында сауда айналымының негізі үш бағыты: қолөнер мен ауылшаруашылығы арасында, қала тұрғындары мен көшпелілер арасында, Ұлы Жібек жолының негізгі жолында орналасқан қалалардың жергілікті және аймақтық, халықаралық саудасы дамыды. Жазба деректерде, алдымен қала базарлары мен керуен сарайлары туралы мәліметтердің көптеп кездесуі кездейсоқ емес. Гильом де Рубрук Іле алқабындағы Қойлық пен Екіөғыз (Эквиус) қалаларындағы базарлар туралы жазғаны белгілі (Путешествие в восточные страны, 1957: 126).

Қала мен ауыл арасындағы саудада қолөнер бұйымдары мен ауылшарушылық өнімдері, қала тұрғындары мен көшпелілер арасында қолөнер заттары мен мал өнімдері сатылды. Қалада өнім ғана өндіріліп қана қоймай, қызу сауда жүрді. Осы заманның көзімен қарағанда, сауда жасау ең маңызды кәсіпке айналды. Жібек жолы бойындағы сауда – бұл екі мыңжыл бойы адамзат өркениетінің жалпы өркендеуіне үлкен үлес қосқан Шығыс пен Батыс арасындағы интеграция, алмасу және диалог жолы.

Біздің заманымызға дейінгі II ғасырдан бастап біздің заманымыздың XVI ғасырының соңына дейін Чаньаннан бастау алған (қазіргі Сиань жері, КХР) және Шығыс Азиядан батыста Жерорта теңізіне дейін және оңтүстікте Үнді субконтинентіне дейін созылған бұл жолдар тармағы бағалы тауарлардың екіжақты құрлықаралық саудасына жағдай жасап, оны қалыптастырды. Түрлі өркениеттерді байланыстырған бұл сауда желісі ғасырлар бойы түрлі керуен-сарайлар жүйесі, коммерциялық сауда орталықтары, қалалар мен бекіністерді біріктірді. Ұзындығы жағынан 10 мың шақырымнан асатын бұл жолды адамзат тарихындағы ең ұзақ тарихи-мәдени торап ретінде қарауға болады (Байпаков, 2013: 386–405).

Солтүстік-Шығыс Жетісу Жібек жолының негізгі бағыттарының бірі Іле аңғары арқылы өткен уақытта аудан халықаралық сауда орталықтарының бірі әрі оның белсенді аймағына айналды. Алматы, Талғар, Екіөғыз (Эквиус), Лабан, Каялык, Иланбалық қалалары және Алакөл жағасында орналасқан «аймақ орталығы» қалыптасып, Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығы міндеттерін атқарды. Жоғарыда аталған қалалардың маңына бекіністі орталықтар мен елдімекендер топтасты (Зиняков, 2020: 189).

Бірақ, кейінгі дәуірлердегі жазба деректерде төменгі Іле аумағы қалаларының өмірін айшықтайтын нақты деректер жоқ. Бірақ бұл аймақтағы қалалық мәдениеттің құлдырауына әкеліп соққан тарихи себептердің ең бастысы моғол шапқыншылығымен байланысты болғанын нақты көрсете аламыз. Мәселен, Г. Рубруктің күнделігінде Іле алқабында болған кезінің негізгі тұстарын баяндаған беттерінде былай деп жазылған: «Жоғарыда аталған жазықта (Іле мен Лепсі өзендерінің аралығында) көптеген қалалар болған, бірақ олардың көпшілігін татарлар малдарын бағу үшін жойып жіберді, өйткені мұнда ең жақсы жайылымдар орналасқан» (Путешествие в восточные страны, 1957: 126).

Қазірі Жаркент қаласының орнына өте жақын ортағасырлық қала орындарының бірі – Иланбалық немесе Ілебалық қаласы болуы керек деп деген болжамдар да бар. Деректерде аты белгілі бұл қаланың орнын іздеу тарихы созылып кетті. Кейбір зерттеушілер жазба деректердің мәліметтері мен жаңа табылған археологиялық материалдарға сүйене отырып (тиындар, неосториандық крест пен жазуы бар қайрақ) Иланбалық қаласы археологиялық ескерткіші Үшарал қаласының орнында болған болу керек деген болжамдарын алға тартты (Ибрайымжанов, 2018: 228–230).

Иланбалық қаласы Көктал ауылы мен және қазіргі Жаркент қаласының арасында орналасқанын атап өте отырып, археологтар оны «Үшарал» қаласымен сәйкестендіреді. 2014 жылы Иланбалық және Үшарал қалаларының сәйкестігі туралы сенімдірек айтуға мүмкіндік беретін жаңа материалдар табылды (Байпаков, 2017: 156–161). К.М. Байпақов бастаған археологтар Жаркент маңындағы Иланбалық орнында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіп, қаланың бекіністерін зерттеді. Қала цитаделінің аумағында ауданы 416 шаршы метр болатын үлкен қазба жұмыстары жүзеге асырылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде еденді жылыту жүйесі бар монша (хаммам) анықталған. Монша төрт бөлмеден тұрып, оның үшеуі суық, біреуі ыстық. Суық бөлмелердің еденіне плитка төселген, моншаның қабырғалары күйдірілген кірпіштен қаланған. Цитадельдегі қазба жұмыстарымен қатар бекініс қабырғасы зерттеліп, атап айтқанда оның параметрлері мен құрылымын анықтау мақсатында оның кесіндісі жасалған. Қазба жұмыстары нәтижесінде қабырғадан көптеген моншақтардан (інжу, күміс, ақық, көгілдір, хрусталь, сергек, нефрит, маржан), сондай-ақ үш күміс білезік пен түсті металдан жасалған бір сырғадан тұратын қазына табылған (Отчет о деятельности государственного музея «Центр сближения культур»).

Ортағасырлық деректерде Жаркент атауымен жеке қала аты да кездеседі. Мысалы, X ғ. араб географы әл-Мақдиси Испиджаб округін сипаттай отырып, оның үлкен және кіші қалаларының қатарына: Хурлуг, Джумишлагу, Усбаникет, Бараб, Шавгар, Сауран, Турар, Зерах, Шагилджан, Балаж, Барукет, Бурух, Яганкет, Азахкет, Дех-Нуджикет, Тараз, Балу, Джикиль, Барсхан, Атліх, Джамукет, Шельджи, Кул, Сус, Такабкет, Дех Нави, Кулан, Меркі, Нушкет, Лакра, Джамук, Урду Навакет, Баласагун, Ла-

бан, Шуй, Абальт, Маданкет, Барсиан, Балаг, Джакаркан, Ят, Якалык, Раванжам, Катак, Шур, Чашма, Диль, Аvas, Джаркердтерді (Волин, 1960: 80) жатқызады.

Келесі бір автор, әл-Омари Алтын Орданы Хорезм мен Қыпшақ деп атайды. Ол Алтын Орда шекарасы мен аумағын алғашқы болып көрсеткен автор. Әл-Омари құрметті Хасан әл-Арбали көпес әрі саяхатшы Бадр ад-Дин Хасан ар-Румидиңді мәліметтеріне сүйене отырып, оның аумағына кірген аймақтарды былай көрсетеді: Хорезм, Сығанақ, Сауран, Ярканд, Жезд, Сарай, Маджер қаласы, Азақ, Ақджакерман, Каффа, Судак, Саксин, Уак, Бұлғар және Сібір, Ибир Ибир (Al-'Umarī: 151). Сондықтан, қазіргі Қазақстан аймағында орналасқан Жаркент қаласының ежелгі тарихын зерттеу, қаланың пайда болуы мен оны сәйкестендіру тарихына қатысты мәліметтер толық зерттеуді қажет етеді. Туған еліміздің әр аймағындағы осындай елдімекендердің әсіресе шекаралық аймақтарда орналасқан елді мекендер тарихын зерттеу маңызды.

Жаркент атауы туралы

莎车 (shache – Yaken) деген ҚХР СУАР Қашғар аймағының бір ауданның атына қатысты топонимикалық зерттеуде төмендегідей анықтама берілген¹. Қытай тіліндегі 莎车 (shache – Yaken) деген жер аты Хань династиясы кезінде жарыққа шыққан, содан бері мыңдаған жылдар бойы қолданыста келеді. Бұл түркі тіліндегі жер аты емес, шығыс иран тілі болуы мүмкін.

Юань патшалығы дәуірінде моңғол тілі мен түркі тілі бір тіл жүйесінде болғандықтан Yarken деген жер аты ресми түрде қолданып келген. Мин династиясы кезіндегі Эршан дегендер де сол сияқты қолданылған.

Цин патшалығы Циянлунь император дәуірінен бастап қытайша 莎车 – shache – Yaken – деген жер атын қолданды. Қазіргі Yarken мен Ershan деген екі жердің атауы. Қытай тіліндегі 莎车 – shache-ның ұйғыр тіліндегі баламасы – Эршан, мұны Yarken – деп транскрипциялайды. Нормалды жазылуы Yaken.

Ал, Эршан (Yarken) дегеннің мағынасы қандай? Yar – жер, ал ken деген кең деген сөз. Екі сөз қосылып Кеңжер дегенді білдіреді.

Yarken деген жер аты Yarken өзені атауынан келген деген де сөз бар. Yarken өзені – Тарым дариясының үлкен бір тармағы (Li Weicheng, 1980: 94–95). Көріп отырғанымыздай, қытай зерттеушісі мойындағысы келмесе де, Жаркент атауының түпкі мағынасы қанша дегенмен түркілік тамырымен ерекшеленетіндігін байқаймыз. Себебі, этникалық тұрғыдан алғанда да Іле аймағының археологиялық ескерткіштерін зерттеген ғалымдар аймақты ежелден мекендеген сақтар мен үйсіндердің археологиялық материалдарын салыстырмалы талдау арқылы сақ пен үйсін мәдениеті этникалық туыстар тайпалардың бір мәдениетінің әр түрлі сатылары ғана екенін атап көрсетті. Ғалымдар «Қытай деректеріндегі «се» тайпалары Герадоттың еңбегіндегі «исседон» тайпалары, кейінірек қытай жылнамаларының «У-сунь» – Птоломейдің «исседонымен» бірдей болуы мүмкін дей келе, шамасы, олар Ахеменидтердің сына жазуларынан «сака-тиграхауда» деген атпен белгілі тайпалар одағын құрған. Демек, сақтар мен үйсіндер бір тайпалық одаққа кірген, одан кейін үйсіндер V–VI ғғ. Түрік, Түргеш, қарлұқ мемлекеттерінің құрамында болған деп атап өтеді (Акишев, 1963: 4). Сондықтан, Жаркент қаласының тарихи топонимикасын зерттеу халымыздың этномәдени тарихын зерттеумен тығыз байланысты екендігін білдіреді.

¹ Қытай тіліндегі мәліметтерді аударып, оларды талқылау бойынша кеңес берген профессор Н. Мұхаметқанұлына алғыс білдіреміз.

Деректер:

Shihāb ad-Dīn Aḥmad ibn Faḍl Allāh al-'Umarī (1971). *Masālik al-abṣār fī mamālik al-amṣār*. Dar al-kutub al-ilmiyah. Est. By Muhammed Ali Baydoun. Beirut-Lebanon. V. 3. 414.

Li Weicheng (1980). *Xinjiang jianzhiyange yu diming yanjiu* – 于维诚：新疆建置沿革与地名研究). Шыңжаң құрылымдарының трансформациясы және топоним зерттеу. Үрімжі, Шыңжаң халық баспасы. 196.

Акишев К., Кушаев Г (1963). Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алматы. 320.

Байпаков К.М (2013). Древняя и средневековая археология Казахстана. Кн. II: Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII вв. Алматы. 514.

Байпаков К.М., Савельева Т.В., Петров П.Н. (2017). Локализация города Иланбалык (Иланбали) в Илийской долине. История и археология Семиречья. Сб статей. Выпуск 5. Алматы. 212.

Валиханов Ч.Ч. (1985). Собрание сочинений в пяти томах. Т. 2. Алма-Ата, Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 416.

Волин С. (1960). Сведения арабских источников IX–XVI вв. в долине реки Талас и соответствующих районов. Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. Т. 8. 168.

Джаркентский уезд (1890–1907). Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона в 86 т. Т. 82 и 4 доп. СПб.

Древние города Казахстана (2005). Алматы, Аруна Ltd. 316.

Зиняков Н.М., Савельева Т.В. (2020). Палеоэкономика средневековых городов Илийской долины VIII–XIV вв. (по археологическим источникам)». Алматы. 520.

Ибрайымжанов Қ.Т. (2018). Жаркент өңірінің ежелгі қалалары (Жаркент, Ілебалық қалалары бойынша). «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «Х Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы. 228–230.

Отчет о деятельности государственного музея «Центр сближения культур» за 2018 // <https://www.icrc.kz/uploads/pdf/b5b77006557> (Қаралу уақыты: 20.05.2024).

Путешествие в восточные страны Гильом Рубрука (1957). Москва. 287.

ЖАРКЕНТ НА ПЕРЕКРЕСТКЕ КУЛЬТУР

Мендигуль НОГАЙБАЕВА¹

¹Исторический факультет, кафедра истории Казахстана

КазНУ им. аль-Фараби

Алматы, Казахстан

e-mail: nmendigul@mail.ru

Аннотация. В настоящее время в официальной историографии утвердилось мнение о том, что строительство города Жаркента, ныне административного центра Панфиловского уезда Жетысуской области, началось в 1882 году по решению царского правительства. Однако в дневниковых записях Ч.Ч. Валиханова в 1856 году Жаркент упоминается как город, и прилагается его карта. Мы имеем все основания считать, что Жаркент был одним из древних городов, подобных Талгару и Алмалыку. В статье анализируются сведения о Жаркенте (Яркенте) в произведениях средневековых авторов. Например, аль-Омари, приводя сведения о границах и территории Золотой Орды, упоминает в числе ее городов Сыганак, Сауран, Дженд, Сарай, город Мадер, Азак, Акджакерман, Каффу, Судак, Саксин, Укак, Булгар, также и город Яркенд. Название Яркент встречается и в китайских источниках. В статье приводятся сведения о Жаркенте, хранящиеся в фонде И-44 Центрального государственного архива РК (ЦГА РК. Ф. И-44. Семиречинское областное управление. Оп. 1. Д. 3739), а также материалы устной литературы. Город Жаркент, расположенный на перекрестке культур, был важным торговым и культурным центром в ранний и средневековый период. В статье также рассмотрены вопросы археологического изучения Жаркента и его связь с городами Семиречинского края, например, городами Лабан (Албан), архитектура, этнический состав населения и др.

Ключевые слова: историческая география, Жетысу, Жаркент, Яркент, средневековые авторы, архивные источники, археологические данные.

**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ
ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ»**

**Халықаралық конференция
материалдарының жинағы**

Алматы, 3-4 маусым 2024

**«HISTORICAL GEOGRAPHY
OF CENTRAL ASIA»**

**International Conference
Proceedings Book**

Almaty, 3-4 June, 2024

Редакторлар мен құрастырушылар:

Суат Бейлур, Алмас Жүнісбаев

Альбина Мұратбекова, Өмірбек Қанай

Компьютерде өңдеген және дизайнер: *Марат Мұсабеков*

Басуға 25.09.2024 жылы қол қойылды.

Пішімі 162x245. Шартты б.т. – 27.

Офсеттік қағаз. Шрифт «Segoe UI».

Тапсырыс № 24/5303

Таралымы: 250 дана

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Еуразия ғылыми-зерттеу институты

050004, Алматы қ., М. Мәметова көшесі, 48.

Телефон: +7 (727) 279 97 94

info@eurasian-research.org

ЖШС «Deluxe Printery» баспа үйі

050010, Алматы қ., С. Бегалин көшесі, 38.

Телефон: +7 (727) 241 17 71

info@deluxe.kz

